e-mail: rummana@mail.ru

Арабский и тюркский лексический пласт в письменном памятнике «Китаб Булгат аль-Муштак»

В сохранении и развитии современных тюркских языков одна из ключевых ролей принадлежит лингвистическим письменным памятникам, как носителей не только языка, но и менталитета, выполненных во время правления мамлюкских кипчаков в Египте и Сирии, в

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

частности двуязычный словарь XIV века Китаб Булгат аль-Муштак. Во-первых, рукопись является одной из шести найденных работ; во-вторых, если глагольная часть памятника была исследована в казахстанской тюркологии, то именная часть – практически не рассматривалась; в-третьих, рукопись хранится в единственном экземпляре во Франции, что по сравнению с доступом в архивно-библиотечные фонды других стран (России, Турции, Узбекистана и т.д.) более сложно в период пандемии; в-четвертых, особенности самого словаря вызывает интерес исследователя: форма зигзагообразного написания, наличие лексических единиц, не встречающихся в остальных пяти произведениях и т. д. В рамках данного исследования с учетом объема словаря из каждой главы был отобран ряд слов из арабско-тюркского лексического пласта, и переведен на казахский язык. Материал, полученный из Франции на основе копии рукописи, обеспечил доступ к лексическому фонду произведения, а именно позволил определить, выписать, прочитать и перевести с арабского и кыпчакского языков на казахский. Путем изучения тюркского лексического пласта памятника можно определить долю лексики старокыпчакского языка в современных тюркских языках, в т.ч. в казахском.

Ключевые слова: тюрки, кыпчакский, мамлюкский, аль-Муштак, лексика, арабский, письменный памятник.

Кіріспе

Мәмлүк-қыпшақ дәуірінде жазылған жазба ескерткіштердің әрқайсысындағы лексикалық қабат сол кезде өмір сүрген мәмлүк қыпшақтарының тілінен ғана емес, ділі мен діні, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, сана-сезімі, наным-сенімдері және тағы басқа да қоғамның маңызды жақтары туралы дереккөз болып табылады. Тіл дамуы деңгейінің көрсеткіші оның (тілдің) лексикалық жүйесінің қалыптасуы. Лексика – сөздік қордағы сөздің саны мен сапасын көрсететін айнасы. Лексика арқылы сол тілді қолданып жүрген қоғамның даму деңгейін де, әсіресе даму салаларын анықтауға болады. Египетте мәмлүктер билігі тұсында жарық көрген еңбектер, атап айтқанда екі тілді (арабша және қыпшақша) сөздіктер арқылы біраз мағлұмат ала аламыз. Мәселен, сөздіктердегі тарау мен бөлімдер негізінде қолданыста болған қару-жарақ түрлері, дін мен наным-сенімдер, азық-түлік пен сусындар, ауру-сырқат түрлері мен оларды емдеу жолдары және т.с.с. танысуға болады. VI-XV ғасырларда жазылған барлық түркі жазба ескерткіштері қазіргі түркі әлемі, ондағы халықтар мен олардың ана тілдері үшін үшін ортақ мәдени мұра. М.Ескеева айтпақшы, «*Жалпытүркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілді дерек – VII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі*» (Ескеева, 2007: 3).

Дешті-Қыпшақтан шыққан Мысыр мен Шам елдеріне құл ретінде жеткізіліп, арнайы әскери дайындықтан өткен мәмлүк қыпшақтары XIII-XVI ғасырларда қазіргі Египет пен Сирия территориясында билік орнатқаны тарихтан белгілі. «Мәмлүк» араб тілінен тура аударылғанда иеленген, тиесілі мағыналарын беретін *иелену, ие болу, билеу* мағынасындағы «ملك» /malaka/ араб етістігінің ырықсыз формасында жасалған. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің бірқатарында да «مملوك» /мәмлүк/ сөзі «قول/ «құл/ ретінде, ал көпше түрі араб тіліндегі көптікті жасайтын формулалардың бірі «فعاييل/ «фа’аиил/ негізінде «مماليك/ «мамалик/ болып жасалатыны айтылады (Мустафаева, 2021: 20).

Дешті Қыпшақ пен оның титулды халқын – қыпшақтарды М.Сабыр былай сипаттайды: «*Байырғы қыпшақтар Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларынан бастап Балқаш көлінің маңайындағы иен даланы мекендеді. Осы ұлан байтақ территория Дешті Қыпшақ деп аталды. Египет пен Сирияда, Батыс Украина аймағы мен Шығыс Еуропа елдерінде де қыпшақтар өмір сүрді. Қыпшақ даласының оңтүстік батыс аймағын жайлаған қыпшақтар «кумандар», оңтүстік орыс даласын мекендеген қыпшақтар «половецтер», Мысыр мен Шамды билеген қыпшақтар «мамлүктер» деп аталды*» (Сабыр, 2008: 6). Сол сияқты зерттеуші М.Ескеева да Қыпшақ даласын тек қыпшақтардың мекен еткен жеріне емес, сонымен қатар «Дешті Қыпшақты – қыпшақ тайпаларының саяси

бірлестігіне» жатқызып, жалпы қыпшақ туралы алғашқы деректі әлдеқайда ерте уақытпен байланыстырады: «*Көне түркі тайпаларының бірі – қыпшақтар жайлы алғашқы дерек VIII ғасырдың орта тұсында орнатылған Елетміш Білгеқағанға арналған ескерткіш мәтінінде (Мойун Чур) сақталғанмен, IX-X ғасырлардағы қыпшақтар туралы ақпарат беретін жазба мұралардың кездеспеуі қыпшақтар тарихын XI ғасырдан бастауға мәжбүр етіп отыр... XI ғасырдан бастап Қыпшақ тайпаларының саяси бірлестігі (Дешті Қыпшақ) қуатты мемлекетке айналып, ортақ тіл ретінде қыпшақ тілі қызмет еткені тарихтан белгілі. Бұл жерде есте ұстайтын мәселе – «қыпшақ тілі» деген терминнің өзі монолитті жалғыз тілді білдірмейді. Дешті Қыпшақта біріккен бірнеше тектес ру-тайпалар тілінің өз ішінде де диалектілік, говорлық ерекшеліктердің қамтылуы лингвоэтникалық заңдылық. Көне қыпшақ тілінің диалектілік ерекшеліктері қазіргі қыпшақ тілдерінің өзара ыдарау кезеңінде әрбір тілдің өзіндік сипатын білдіретін белгілер ретінде қалыптасты*» (Ескеева, 2007: 39).

Олардың Қыпшақ даласынан, оның ішінде қазіргі Қазақстан территориясынан шығып, үш ғасыр бойы «жат елде» билігін ғана орнатып қоймай, төл мәдениетін де енгізіп, Дешті-Қыпшақ пен араб-мұсылман мәдениеттерінің өзара байланысының орнатылып, бір-біріне тигізетін ықпалының артуына себепкер болды десек болады. Тіпті Қ.Аубакирова мен А.Мустафаева айтпақшы, «*Мәмлүктердің билігі кезінде Мысыр мен Сирияда элита тілі ретінде мәмлүк-қыпшақ тілін үйренуге деген сұраныс артып, мәмлүк-қыпшақ тілін оқып-үйренуге арналған қыпшақша-арабша сөздіктер мен грамматикалық еңбектер, әдеби шығармалар жарық көре бастады. Бірнеше ғасыр бойы Мысырда билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтарының ана тілі сарай тіліне айналып, билік төңірегіндегілер мен өзге халық өкілдері де қыпшақ тілінде сөйлеуге мүдделі болып, сарайда араб және қыпшақ тілдерін еркін білетін аудармашылар қызмет еткен*» (Аубакирова, 2021: 119-120).

Қыпшақ тіліндегі жазба мұралардың қатарына араб графикасымен мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған тарихи, әдеби және лингвистикалық ескерткіштер жатады. Сол кездегі түркіше-арабша сөздіктер мен грамматикалық еңбектер Мысырдағы жергілікті араб халқына қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылғандықтан біз үшін екі тілде де (араб және қыпшақ) деректерді қамтиды. Зерттеуші Қ.Аубакирова «*Мәмлүктер билігі тұсында Мысыр мен Шам жерлерінде дүниеге келген аталған жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы түркі-мәмлүктерінің Мысыр қоғамында алған орнын анықтауға болады. Осындай мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерден мәмлүктер билігі тұсындағы қыпшақ мәдениеті мен тіліне қатысты көптеген құнды лексикалық материалдар алуға болады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуын және тарихи дамуын зерттеуде, кейбір халықтардың этностық мәселелерін шешуде үлкен маңыздылыққа ие*», – деп санайды (Аубакирова, 2015: 28-29). Қазіргі кезде түркітану ғылымында алты лингвистикалық жазба ескерткіш белгілі, олар: «әл-Қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғат-туркийа» (қысқашасы «әл-Қауанин»); «Китаб әт-тухфа әз-закийа фи әл-луға әт-туркийа» («әт-Тухфа»); «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-әтрак» («әл-Идрак»); «Китаб әд-дуррат әл-мудийа фи әл-луғат әт-туркийа ала әт-тамам уә әл-камал» («әд-Дурра»); «Китаб мажмуа тарджуман турки уә аджами уә муғули уә фарси» («Тәржуман») және «Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ» («Булғатул-Муштақ»).

Бұл зерттеуіміздің **нысаны** – «Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ» («كتاب بلغة المشتاق و في لغة الترك و القفجاق») – «Түркі және қыпшақ тілін үйренуге құмар оқырманның кітабы», сонымен қатар «Түркілер мен қыпшақтардың шешендік кітабы») деп аталатын ескерткіш Париж қаласындағы Франция Ұлттық музейінде 293 нөмермен сақталған. Қолжазба XIV ғасырда Джамал әд-Дин әт-Түрк тарапынан жазылған. Еңбектің жазылу жері де нақты белгісіз, зерттеушілер арасында пікір-талас тудырады, бірі – Египет десе, басқасы – Сирия (Сабыр, 2008: 7), – деп көрсетеді. Толық атауы «Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ», бірқатар деректе «Булға әл-муштақ» немесе «Булғат әл-муштақ» деп көрсетілетін түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің даму тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып табылатын бұл ескерткіш бұл зерттеуде «Китаб булғат әл-муштақ» деп қолданылады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің лексикалық қабатын зерттеуде жалпытүркілік тектілді (орыс тілінде протоязык деген ұғым қалыптасқан) зерделеу маңызды. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық қоры тек араб, парсы және орыс тілдерінен енген кірме сөздерден ғана емес, сонымен қатар жалпытүркілік қорға енген сөздерден де құралады. Жалпытүркілік тектілді бейнелейтін жазба ескерткіштердің тек біразы ғана сақталған. «Дүниенің төрт бұрышында» дегендей, бұл ескерткіштер Қытай, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Италия, Франция, Германия және т.б. елдердің мұражай, мұрағат және кітапхана қорларында сақталып, әлі де толығымен зерттелмеген. Аталмыш еңбектердің зерттелуі жалпы алғанда түркі елдері, атап айтқанда Қазақстан үшін өзекті. Жалпытүркілік мұраны құрайтын бұл жазба ескерткіштерінің ішінде құрылымы, тақырыптық аясы мен мазмұны жағынан ерекшеленетін ортағасырлық араб графикасында жазылған мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің орны ерекше. Қазақстан тәуелсіздігін алып, XX ғасырдың аяғына таман бұл жазба ескерткіштерін анықтап, тізімін жасап, дүние жүзіндегі зерттеу деңгейін қарастырып, морфологиясы, лексикасы, синтаксисі зерттеу нысанына айналдыруға мүмкіндіктер туды. Ұсынылып отырған мақаланың **нысаны** да Франция Ұлттық музейінде 293 нөмермен сақталған мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ» («كتاب بلغة المشتاق و في لغة الترك و القفجاق») – «Түркі және қыпшақ тілін үйренуге құмар оқырманның кітабы» сөздік түріндегі қолжазбасы. **Зерттеу мақсаты** сөздіктегі араб және түркі лексикалық қабатын зерделеу. Зерттеу барысында да мәмлүк-қыпшақ тілін түркі, ортағасырлық түркі, ескі түркі, ескі қыпшақ, қыпшақ, мәмлүк тілі деп тең дәрежеде қолданылады. Көзделген мақсатқа жету үшін **бірнеше міндет** қойылды: қолжазбаның тарауларын тақырыптық аясы бойынша ажырату; тараулар бойынша әрбір тараудың қамтитын лексикалық қабатын қарастыру; араб және түркі лексикалық бірліктердің біразын анықтау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Қолжазбаның лексикалық құрамын кешенді түрде зерттеу мақсатында деректанулық, кодикологиялық, палеографиялық, лингвистикалық талдау және аударма сияқты жалпы ғылыми және лингвистикалық әдістер қолданылады. Бұл зерттеу, ең алдымен, қарастырылатын уақыты (XIV ғасыр) бойынша ерекшеленеді. Уақыт қашықтығы ұзақтаған сайын жалпы ескерткіштің тілі, мәтіннің формасы мен мағынасы көптеген өзгерістерге ұшырайды. Лексикалық бірліктерді уақыт (ортағасырлық және қазіргі заманғы тілдер) және тілдер (негізінен қыпшақ және қазақ тілдері, сонымен қатар қосымша ретінде қазіргі түркі тілдерімен салыстыру) бойынша салыстыра зерттеу үшін салыстырмалы-тарихи әдісі де қолданылады. Қыпшақ, араб және диалект тілдердің деректері бойынша XIII-XV ғасырлардағы нақты тілдік бірліктердің формасы мен мағынасын анықтау үшін лингвистикалық қайта құру әдісі қолданылады. Бұл әдіс арқылы сөздердің негізгі, көмекші және ауыспалы мағыналарын, кірме сөздер мен олардың тілдің дамуына жағымды және жағымсыз әсерін анықтауға болады. Сөздіктің лексикалық қабатын зерделеуде зерттеудің негізгі материалы болып «Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ» («كتاب بلغة المشتاق و في لغة الترك و القفجاق») қолжазбасының көшірмесі қарастырылады. Қолжазбаның араб тіліндегі сөздерінде қазіргі араб тілінде жазылуымен салыстырғанда кейбір ауытқулар болуы мүмкін (хамзаның жазылмауы; хамзаның орнына «йа» әрпінің жазылуы, тек категориясының сақталмауы және т.с.с.).

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Қолжазба зигзаг түрінде жазылуының өзі еңбекке бір көркемдік сипатын беру арқылы сол кездегі оқырмандардың қызығушылығын артқан болар. Кейінірек «Китаб булғат әл-муштақ» қолжазбасын сыртқы пішініне қарай баклава (немесе пахлава) деп аталып кетті. Зерттеуімізді жеңілдету үшін шартты түрде геометриялық «ромб» фигурасын қолданайық. Мысалы, төменде көрсетілгендей әрбір бетте үш бағанға бөлінген ромбтың бір қабырғасында арабша, ал екінші қабырғасында түркіше (мәмлүк-қыпшақша), екінші ромбтың бір қабырғасында арабша, екіншісінде түркіше және т.с.с. Түпнұсқада арабша сөздер қара сиямен берілсе, түркіше сөздер – қызыл. Еңбек 8b мен 89a бет арасында (21х 15 ½ см), әрбір толық парақ 10 жолдан тұрады, сәйкесінше, бір толық бетте он бес ромб салынған. Егер әрбір ромб екі арабша мен оның

аудармасынан тұрса, әрбір жолдағы ромбта алты сөз бен оның аудармалары берілген. Төмендегі суретке сәйкес, жоғарыдағы 1 – арабшасы, 2 – оның аудармасы; 3 – арабшасы, 4 – оның аудармасы; 5 – арабшасы, 6 – оның аудармасы; төмендегі 7 – арабшасы, 8 – оның аудармасы; т.с.с.



Еңбектің **I «Алланың есімі, аспан денелері және т.б.» тарауының** аты да, тіпті «бірінші тарау» сөзінің өзі де («الباب الأول») тек араб тілінде «في اسم الله تعالى وما في السماء من مسخر وغيره» берілген. Қолымыздағы нұсқаға сәйкес бұл тарау 8b мен 9a беттері арасында көрсетілген. Қолжазбадағы төрт тараудың атауы да, әрқайсысындағы «тарау» сөзінің өзі де тек арабша жазылған. Егер де біз әр «баклаваның» немесе ромбтың сөздігін қарастырсақ, онда 8b/5 I ромбтағы арабша сөз «الله جَلَّ ذِكره» (тура аудармасында Алланы зікір ету ұлық), қыпшақша аудармасы «تَنْكرِي» (/tengri/) болады, ал қазақшаға аударсақ, араб тіліндегі *Алла* және түркішедегі *Тәңір* сөздерін қатар қолданала аламыз. Қазақ тілінің сөздігінде де «Тәңір. зат. діни. Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла тағала» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 57), – деп берілген. Ромбтың астындағы 2-сөзіміз немесе 8b/6 арабшасы «المُصحَفُ» және қыпшақшасы «كَراسْاه» *Қасиетті Құран кітабы* мағынасында қолданылады. Екінші ромбтың (8b/5) жоғарыдағысының арабшасы «العَظِيمُ» және қыпшақшасы «يُولَق» қазақ тіліне *Ұлы* – Аллаһтың сипаттарының бірі; төмендегісінің (8b/6) арабшасы «النبِي عَليه السّلام» және қыпшақшасы «بَيغَنْبَر» қазақ тіліне *пайғамбар* деп аударылады. Бірінші жолдағы (8b/5) соңғы ромбтың жоғарғы сөзінің арабшасы «الرَّزاق» және қыпшақшасы «ارْزُبرجي» Алланың көркем есімдерінің бірі – ризықтандырушы, ал астындағы (8b/6) сөздің арабшасы «الرَّسُولُ» және қыпшақшасы «يَلَوَج» пайғамбар, Алланың елшісі деп аударамыз.

Екінші жолдағы (8b/7) I ромбтың үстіндегі араб тілінде «الملاَيكة» және мәмлүк-қыпшақ тілінде «فَرشتِلَر» сөзіміз қазақ тіліне *періштелер*, ал астындағы (8b/8) «شعَاعُ اَلشَّمسّ» және «قُلَشْ» сөзін *күн сәулесі* деп аударамыз. II ромбтың үстіндегісі «السَّمَاءُ» және «كُكْ» қазақ тіліне *аспан*, ал астындағы «اَلقَمَرُ» және «آيّ» *ай* деп береміз. III ромбтың жоғарыдағы арабшасы «الشَّمسُ» және қыпшақшасы «كُنْ» *күн*, ал төмендегісін «ضوءالقَمَر» және «يَرِقْ» қазақшада *жарық, ай сәулесі* деп береміз.

Үшінші жолдағы (8b/9) I ромбтың жоғарыдағы арабша сөз «النَّجْم» және қыпшақшасы «يَلَدُز» қазақ тіліне *жұлдыз*, астындағы (8b/10) арабшасы «بناتُ نَعْشٍ» және қыпшақшасы «تيْكَنْ» *жетіқарақшы* деп аударылады. II ромбтағы арабшасы «اَلجِدْيُ» және қыпшақшасы «تَمْرُقَرْقْ» қазақшасында *темірқазық*, ал астындағы « كوكب الصُبح» және «جُلْبَان» *Шолпан, Венера* деп беріледі. III ромбтың екі сөзінің біріншісінің арабшасы «الفَرْقَدَان» мен қыпшақшасы «اِكي بُزاط» болса, қазақшасы *Кішіқарақшыдағы екі жұлдызша* (бетта мен гамма). Ал екінші сөздің аудармасы *құс жолы* араб мен қыпшақ тілдеріндегі көрінісі «المَجَرَّة» және «قشْ يلي».

Келесі беттегі бірінші жолдағы (9a/1) I ромбтың арабша сөзі «الثُّرَيَّاءُ» және қыпшақшасы «أُلْكَرَ» қазақшаға *Үлкер*, астындағы (9a/2) арабшасы «الشّعَري واليَمانية», қыпшақшасы «أَق أَيغرْ» және қазақшасы *Сүмбіле (Сириус)* ретінде белгілі. II ромбтың жоғарғысы арабшасы «الدَّبَران» және түркішесі «يَغِرصِغنْ» болса, қазақшасы Сұлусары (астр. Альдебаран); төмендегісі «القِرانُ» және қыпшақ эквиваленті «قلُشْ», ал қазақ тіліне *астр. сәйкестік* деп аударылады. III ромбтың жоғарғы бөлігіндегі араб тіліндегі «اَلهقْعَة» және қыпшақша «أُرُفْطَاتْ» сөздері қазақ тіліне *үш арқар*, ал төменгі бөлігіндегі «الخسُوفُ» және «طُطُلْمَقْ» сөздері *ай тұтылуы* деп аударылады.

Екінші жолдағы I ромбтың үстіндегі (9a/3) арабша сөзі «الجنة» және қыпшақшасы «أُجْماق», астындағы (9a/4) арабшасы «المطر» және қыпшақшасы «يَغْمُر» қазақ тіліне сәйкесінше «*жұмақ немесе жәннат*» және «*жаңбыр*» деп аударылады. II ромбтың жоғарғы бөлігіндегі араб тіліндегі сөзі «السحاب» және оның түркі тіліндегі эквиваленті «بَلُط»، ал төменгі бөлігіндегі арабшасы «الثلج» және қыпшақшасы

«قَر» қазақ тіліне біріншісі *бұлт*, ал екіншісі *қар* деп аударылады. III ромбтың үстіндегі арабшасы «الضباب», қыпшақ тіліндегі эквиваленті «طُمَن», қазақ тіліне «*тұман*» деп аударылады, ал астындағы араб және қыпшақ тілдеріндегі сөздері «الهواي» және «يِلْ» қазақшада «*жел*» деп қолданылады.

Үшінші жолдағы I ромб (9a/5) араб. «النسيم» және қып. «يِلسِرْ», (9a/6) араб. «القوس قزح» қазақ тіліне «*самал жел*» және «*кемпірқосақ*» деп аударылады; II ромб араб «الزوبعة» және қып. « قَرْ يُكْ» қаз. «*күн күркірі, дауыл*»; араб. «البرق» және қып. «يَرَق» қазақ тіліне *«найзағай»* деп аударылады.

«Жер мен оның қойнауындағы минералдар мен т.б. туралы» (« في الأرض وما فيها من المعادن وغيرها») II тараудағы араб тіліндегі «الأرض» *жер*, «الفلاة» *шөл (дала)* және «البرية» *сахара, шөл, дала* сөздерінің қыпшақ тіліндегі «يِرْ», «يَرِي» және «يَبَن» эквиваленті болып табылады.

Екінші жолдағы (9b/4) I ромбтың жоғарғы бөлігіндегі арабша сөз «الأرض الصحصاح», қыпшақшасы «قِرْ», қазақ тіліне деп аударылса, астындағы (9b/5) арабша сөз «الجبل», қыпшақшасы «طاغْ», ал қазақ тіліне *тау* деп аударылады. II ромб та арабша «الجرد» және оның қыпшақ тіліндегі «إِقْرق» эквивалентінен тұрады, сол сияқты араб тіліндегі «الحجر» және қыпшақшадағы «طاش», ал қазақ тіліне біріншісі «*тақыр жер, өсімдігі жоқ жер*» және екіншісі «*тас*» деп аударылады. III ромбтың жоғарғы бөлігіндегі «السبخة» арабша сөз бен «تَبِزْ» қыпшақша сөздің қазақ тіліндегі баламасы *тұзды жер*, ал астынғы бөлігіндегі арабша « التل الكبير» бен қыпшақша «أَيْك» қазақ тілінде «үлкен дөң, төбе» деп қолданылады.

Үшінші жолдағы I ромб та екі арабша және екі түркіше сөзден тұрады: арабшасы «التلعة» (9b/6) және «الشعب ووالوادي» (9b/7) болса, қыпшақшасы «تُبا» және «أَيْرِي», олар қазақ тіліне «*төбе, қырат*» және «жазық» деп аударылады. II ромб болса жоғарғы бөлігі «الرابية» араб тіліндегі сөз бен оның түркі тіліне «صرت» баламасынан, ал төменгі бөлігі, сәйкесінше, «الصخرة» және оның баламасынан «أيا» тұрады. Қазақ тіліне біріншісін *төбе, төбешік*, ал екіншісін *шың, құз, жартас* деп аударамыз. III ромб болса жоғарғы бөлігі араб «السقف» және қыпшақ тіліндегі «يَار» сөзден жасалса, төменгі бөлігі де ар. «الغوطة» және қып. «قُقُز» сөзінен құралады. Қазақ тіліне аударма сы да «*төбе*» және «*сай, ойпаң*» болып табылады.

Тараудың қамтитын басқа бөлімдерінде де сөздік араб және түркі лексикалық қабаттан тұрады. Бірқатар бөлімдердің аты жазылмаған, мәселен, бір бөлімінде «الذهب» («الطُن» *алтын*); «الدرهم» («يرمق»); «الفضة» («كُمُش» *күміс*); «النقرة» («اقجا»); «التراب» («طُبْرَق» *топырақ*); «الرصاص» («قُرْشُن» *оқ, қорғасын*); «الفحم» («كمُر» *көмір*); «الرماد» («كُلْ» *күл*); келесі бөлімінде «اللؤلؤ» («ينجو» *інжу*); «الجزيرة» («أطو» *арал*); «الخسارة» («زيان» *зиян*); басқа бір бөлімде «الحياة» («دِرْلِك» *өмір*); «الموت» («أُلُم» *өлім*); «القبر» («كُرْ» *көр, қабір*); «جهنم» («طُزاق» *тозақ*); «الصلاة» («نماز» *намаз*) және т.с.с. Сондықтан тек қамтитын лексикалық бірліктеріне қарай әрбір бөлімге шартты атау беріліп қарастыруға болады. Мысалы, намаз, дәрет, зекет, жайнамаз сияқты бірліктерді атайтын бөлімді діни сөздер, өмір, өлім сияқтыларды атайтын бөлімді абстракт ұғымдар бөлімі. Атауы бар бөлімдерден сусын түрлері (فصل في المشروب); ауру-науқас түрлері (فصل في الأمراض); дәнді дақыл түрлері (فصل في الحبوب وغيرها) және т.б.

Қолжазбаның **III «باب الظرف» (Көмекші сөздер) тарауы** 17b мен 21a бет арасындағы заман мен мекен бойынша көмекші сөздер (үстеулер) ретінде екіге бөлініп қарастырылады. Мәселен, тараудың басы араб тіліндегі «اليوم» және «غدا» (қаз. бүгін және ертең), олардың мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «بُكُن» және «إِرتا» баламаларымен басталады.

18a/1 жолындағы I ромбтың жоғарғы бөлігінде арабша «بعد غدٍ» (қаз. *бүрсігүні*) және қыпшақша «بَصْغِي كُنْ», ал төменгі бөлігінде (18a/2) «أول أمس» және оның түркі тіліндегі баламасы «يسْرغي كُنْ» (қаз. *алдыңғы күні*) берілген. II ромбта араб тілінде «الجمعة» мен оның қыпшақшадағы «اينا» аудармасы ретінде берілген, ал қазіргі қазақ тіліне бұл сөздің арабша нұсқасы *жұма* енген. III ромб қазақ тіліндегі *кеше* сөзінің араб тіліндегі «امس» мен қыпшақ тіліндегі «تُن» нұсқаларынан жасалады. Сол сияқты бұл ромтың төменгі жағында ар. «السبت» және қып. «شَنْباه» апта күні берілген. Жұмамен салыстырғанда, қазіргі қазақ тіліндегі *сенбі* сөзі арабшадан емес, парсы тілінен ортағасырлық түркі тілі арқылы енген.

18a/3 жолындағы I ромбта қазіргі *жексенбі* мен *сәрсенбі* апта күндері берілген. Біріншісінің араб тіліндегі жазылуы «الأحد» болса, қыпшақ-

шадағы баламасы «يك شنباه»; ал екіншісінің 18a/4 арабшадағысы «الأربعا» және қыпшақшада « جار شنباه». II ромбта болса *дүйсенбі* (ар. «الاثنين»; қып. «دوشنباه») мен *бейсенбі* (ар. «الخميس»; қып. « بنج شنباه») көрініс тапқан. III ромб *сейсенбі* (ар. «الثلاثا», қып. «پسي شنباه») апта күні мен «بعد» (қып. «هُنُز») заманды білдіретін *кейін* көмекші сөзінен тұрады.

18a/5 жолында да *кейін* сөзінің қарама-қарсы мағынасында қолданылатын араб тіліндегі «قبل» және қыпшақша «إيلارو» баламасы берілген, қазақ тіліне де *дейін* деп аударылады. I ромбтың астынғы бөлігіндегі 18a/6 «الشهر الخارج» сөз тіркесі мәмлүк-қыпшақ тілінде «جقان أي» ретінде орын алған. Екі тілдегі нұсқаның қазақ тіліне тура аударылуында *шыққан* немесе *шығушы* ай деп жасалады. II ромбта *айдың* араб «الشهر» және қыпшақ «أي», сонымен қатар *бұл жыл* тіркесінің араб «السنة الحاضرة» және қыпшақ «بويل» нұсқалары берілген. Ал соңғы III ромбтың үстіндегі араб «الشهر الداخل» және қыпшақ « كِيران أي» тілдеріндегі жаңа *туған ай* (тура ауд. кірген ай); астындағы ар. «السنة (الأتية)» және қып. «كلن يِل» тіркестері қазақ тіліне *келер жыл* деп аударылады.

18b бетіндегі мекенді білдіретін көмекші сөздер немесе үстеулердің ішінде 1-жолдағы (18b/5) I ромбта көрсетілген араб тіліндегі «فوق» (қып. «يُغَرُو») қазақ тіліне аудармасы «*үстінде*», ал сол ромбтың астыңғы (18b/6) жағындағы *артында* сөзі бірінші сөзге қарама-қарсы мағынасында: араб. «خلف» және қып. «ارطنجا» қолданылады. II ромбтағы үстеулер де «أسفل» және «تحت» қыпшақ тіліндегі баламалары «أشغا» және «ألطندا» қазақ тіліне *төменде* және *астында* деп беріледі. III ромбтың жоғарғы бөлігіндегі арабша «قُدَّام» қыпшақ тіліне «أَلْيِنْدا», ал қазақ тіліне *алдында* деп аударылады. Төменгі бөлігі болса, *оң (жақ)* мағынасында арабша нұсқасында «يمين», ал түркіше нұсқасында «صاغْدا» деп қолданылған.

18b/7 және 18b/8 жолдарындағы I ромбта оңның қарама-қарсы *сол* немесе *сол жақ* сөзінің арабша «شمال» және қыпшақша «صُلْدا»; сонымен қатар *арасында* сөзінің араб «بينه» және қыпшақ «ارسندا» тілдеріндегі баламалары берілген. Қалған екі ромбта да араб тіліндегі «بين» (тура ауд. арасында, орыс тілінде между, ағылшын тілінде between) II жақ жекеше «بينك» мен көпше «بينكم», I жақтың жекеше «بيني» және көпше «بيننا» түрлеріндегі жазылуы беріліп, қыпшақ тіліндегі баламалары жазылған: «أَرَنْدا», «أَرْكندا»; «أَرَمْدا» және «أَرَمِزْدا».

Араларында сөзінің баламалары еңбектің 18b/9 жолында араб тілінде «بينهم» және мәмлүк-қыпшақ тілінде «ارَالِنْدا» ретінде қолданыс табады. Бұл сөздің негізгі түбір формасы да осы жолдағы II ромбта «البين» (қып. «أَرا») *ара, арасы* деп көрсетілген. 18b/10 жолында орын алған I ромбтағы араб. «القريب منه إلى جهتك» қыпшақ тілінде «بَرو» *бері, бер жағында* (қарама-қарсы мағынасындағы қып. «انغرو» *ар жағында* III ромбтың жоғарғы бөлігінде араб. « البعيد الذي يشير إليه»), II ромбтағы «للشيء المحادي» қыпшақ тілінде «قَرشو» *қарсыда, қарсы бетте*, ал III ромбтағы «حافة الشيء» қыпшақша «قِران» *шетінде* деп қолданыс тапқан.

«Китаб булғат әл-муштақ» жазба ескерткішіндегі соңғы 21a мен 89a бет арасындағы **«Етістіктер» атты (араб. « باب الأفعال») IV тарауда** етістіктер сөздіктің құрылысына сәйкес араб және қыпшақ тілдерінде беріліп, сондай-ақ өткен мен осы шақта жіктеледі. Етістіктер араб алфавиті негізінде тізілген. Мысалы, қолжазбаның 21a бетінен басталатын бұл тараудағы бірінші етістіктер «ا» әлифтен басталады: «أخذ» *алу* (қыпшақ тілінде «الْدي»); «اعطى» *беру* (қып. «برْدي»); «اطعم» *тамақтандыру* («يَدِرْدي»); «أكل» *жеу, тамақтану* («يدِّي»); «اشترى» *сатып алу* («پساطْنْ الدي»); «أرقد» *жатқызу, ұйықтауға жатқызу* («يَطُرْدي»); «اطفا» *сөндіру* («پِنْدُرْدي»); «انطفا» *сөну* («پندي») және т.с.с. Келесі «ب» бә әрпінен басталатын араб тіліндегі етістіктер ішінде «بصق» *түкіру* («تكردي»); «بلع» *жұту* («يُطّي»); «باع» *сату* («ساطّي»); «بات» («يَطّي»); «برد» *тоңу* («أُشْدي»); «ت» тә әрпінен: «تفرح» *қуану* («طماشا اتي»); «تعلم» *үйрену* («اكرندي»); «تحدث» *сөйлесу* («سُيلَدي»); «تطلع» *қарау* («بقتي») т.с.с.

21a соңғы жолындағы араб тіліндегі «أخذ» *алу* етістігінің өткен және осы шақтағы жекеше түр III жақтары: «أخذ» («الْدي» *ол алды*) және «ياخذ» («الوُر» *ол алар*). 21b бетінде аталмыш етістіктің екі шағындағы жекеше I «أخذتُ» («الدُم» *алдым*) және «أَخُذُ» («الْرْمَنْ» *аламын*); көпше: «أخذنا» («الدُق» *алдық*) және «ناخذ» («الْرْبِز» *аламыз*); II «أخذتَ» («الْدِن» *алдың*) және «تاخذ» («الرسِن» *аласың*); көпше: «أخذتم» («الْرْدِنز» *алдыңдар*) және «تاخذون» («الْرسن» *аласыңдар*); III көпше: «أخذوا» («الرُلَر» *алды*) және «ياخذون» («الْرلَر» *алады*); сондай-ақ бұйрық райдың жекеше және көпше түрде болымды «خذ» («الغِز» *ал*); «خذوا» («أَلِنز» *алыңдар*)

және болымсыз «لا تاخذ» («الماغل» *алма*); «لا تاخذوا» («المانز» *алмаңдар*) түрде берілген.

Қорытынды және тұжырымдама

«Ескерткіш тілін зерттеудің көп жолының тиімді де нәтижелі бір жолы – ол түбі бір түркі тілінің түбіріне тереңірек үңілу» (Қайдар, 2001: 207), – деп Ә.Қайдар айтпақшы, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің бірден-бір жолы ортақ түркі тіл арқылы зерделеу. Бұл зерттеу жұмысы нәтижесінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған, Дешті Қыпшақтан шығып, Египет пен Сирияда Мәмлүктер мемлекетін құрған дәуірге тиесілі ортағасырлық араб графикасында арабша және түркіше (қыпшақша) құрасты–рылған сөздік үлгісіндегі қолжазбаның лексикалық қабаты қарастырылды. Сөздіктегі лексикалық бірліктер араб және қыпшақ тілінде араб графикасында берілген. Нәтижесінде, қолжазбада төрт тараудың да лексикалық қабаты зерделеніп, арабша және түркіше сөздер анықталып, қазақ тіліндегі аудармалары берілді. Қолжазба төрт тараудан тұрады.

Еңбектің I «Алланың есімі, аспан денелері және т.б.» тарауы бойынша Алла, Құран, пайғамбар, Алла елшісі, періштілер сияқты діни сөздермен қатар, аспан, күн, ай сияқты сөздер-мен қатар, Үлкер, Сұлусары, Шолпан, Сүмбіле, темірқазық сияқты астрономиялық терминдер де ажыратылды. Сонымен қатар, табиғат үрдістеріне жататын жаңбыр, қар, жел, тұман және т.с.с. лексикалық бірліктер де анықталды.

Сөздіктің II «Жер мен оның қойнауындағы минералдар мен т.б. туралы» тарауында тау, тас, төбе, шөл сияқты жалпы тарауға қатысты лексикалық бірліктермен қатар, әрбір бөлім бойынша алтын, күміс, маржан, көмір сияқты пайдалы қазбалармен қатар, сусын, азық-түлік, ауру, дәрі-дәрмек, дәнді дақыл түрлері де қарастырылған. Шартты түрде бөлімдерді қамтитын лексикалық бірліктеріне қарай Түркия зерттеушісі Гүлхан әл-Түрк (Gulhan Al-Turk, 2012: 18), Татарстан (Ресей) зерттеушісі Г.Р. Гайнутдинова (Гайнутдинова, 2005: 24) біз де 17-ге бөлеміз:

1) Жерге қатысты (тау, қырат, орман);
2) Металл атаулары;
3) Саудаға қатысты ұғымдар;
4) Абстракциялық ұғымдар;
5) Дінге қатысты ұғымдар;
6) Әскери ұғымдар;
7) Дәнді дақылдар;
8) Үй жануарлары;
9) Азық-түлік;
10) Сусындар;
11) Туған-туыс атаулары;
12) Өлшемдер;
13) Ауру-сырқат түрлері;
14) Жабайы жануарлар;
15) Жорғалаушы, жәндік түрлері;
16) Құстар;
17) Сандар.

Қолжазбаның III «Көмекші сөздер (үстеу–лер)» тарауында *бүгін, ертең, кеше, арғыкүні, апта күндері, ай, жыл* және т.б. мезгіл үстеулерімен қатар, *сол, оң, алдында, артында, астында, үстінде* сияқты мекенді білдіретін үстеулер де зерттеуге алынған.

«Китаб булғат әл-муштақ» жазба ескерт–кішінің IV «Етістіктер» тарауында араб алфавиті негізінде құрылған сөздікте күнделікті өмірде қолданылатын іс-қимыл атаулары берілген: *алу, беру, жазу, оқу, жуу, сату, сатып алу* және т.б. Сонымен қатар, қолжазбада әрбір етістіктің өткен, осы шақтың I, II және III жақта, бұйрық райда жіктелуіне де тоқталған.

Қаржыландыру

Бұл жұмыс ҚР БжҒМ ҒК гранттық қаржыландыруымен AP09058228 «Мәмлүк-қыпшақ тілінің лексикалық қоры (XIV ғасырдағы «Китаб Бұлғат әл-Муштақ» қолжазбасы негізінде)» ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.) диссертация. Алматы, 2016

Аубакирова Қ.Қ., Мустафаева А.А. Мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ-араб сөздіктері және «Тәржуман» ескерткіші: салыстырмалы талдау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. №3 (136) 2021, 119-128.

Аубакирова Қ.Қ. XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. №1 (104) 2015, Б. 26-29.

Гайнутдинова Г.Р. Историко-лингвистический анализ тюрко-татарского письменного памятника XIV века Джамал ад-Дина ат-Турки "Китабу булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кифчак" : Дис. ... канд. филол. наук : 10.02.02 : Казань, 2005

Gulhan Al-Turk. Kitabu bulgatu'l-mustak Al-Turk, G. (2012). Kitābu bulġatu'l-muştāḳ fī luġati't-Türk we'l-Kıfçāḳ üzerine dil incelemesi. Yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara: Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.

Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): Монография /. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 177 б.

Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюрксой письменности (XI-XVI в.) // Вопросы языкознания. – М., 1967. – № 6. – С. 80-89

Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 360 бет.

Китаб булғат әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджақ» («كتاب بلغة المشتاق و في لغة الترك و القفجاق»)

Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы: Ғылым, 2001. 207 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. 800 б.

Құрышжанұлы Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында (алғашқы хабар есебінде) // «Көне түрік ескерткіштері тарихы» конференциясының материалдары. – Түркістан, 2007.

Мустафаева А.А., Аубакирова Қ.Қ. Мысыр мәмлүк мемлекеті мен Алтын Ордадағы тілдік жағдай мен түркі тілінің мәртебесі // ҚазҰУ Жарғысы. Шығыстану сериясы. №2 (97). 2021. С. 17-25.

Сабыр М.Б. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі: Оқу құралы. – Орал: «Ағартушы», 2008. – 236 бет

References

Aubakirova Q.Q. Mamukter biligi kezindegi turki-arab madeni-tildik bailanystary (13-15 g.) dissertaciya. Almaty, 2016

Aubakirova Q.Q., Mustafaeva A.A. Mamlukter biligi kezindegi qipshaq-arab sozdikteri zhane «Tarzhuman» eskertkishi: salystyrmaly taldau // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaqtanu. Shyqystanu. Turkitanu seriyasy. №3 (136) 2021, 119-128.

Aubakirova Q.Q. 13-15 gasyrlardagy mamluk-qypshaq tilindegi zhazba eskertkishter // L.N.Gumilev atyndagy EUU habarshysy. №1 (104) 2015, B. 26-29.

Gajnutdinova G.R. Istoriko-lingvisticheskij analiz tyurko-tatarskogo pis'mennogo pamyatnika XIV veka Dzhamal ad-Dina at-Turki "Kitabu bulgat al-mushtak fi lugat at-turk va-l-kifchak" : Dis. ... kand. filol. nauk : 10.02.02 : Kazan', 2005

Gulhan Al-Turk. Kitabu bulgatu'l-mustak Al-Turk, G. (2012). Kitābu bulġatu'l-muştāḳ fī luġati't-Türk we'l-Kıfçāḳ üzerine dil incelemesi. Yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara: Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.

Zhubatova B.N., Aubakirova Q.Q. Mamlukter biligi kezindegi turki-arab madeni-tildik bailanystary (13-15 g.): Monografiya /. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – 177 b.

Zajonchkovskij A. K izucheniyu srednevekovyh pamyatnikov tyurksoj pis'mennosti (11-16 v.) // Voprosy yazykoznaniya. – M., 1967. – № 6. – S. 80-89

Eskeeva M. Kone turki zhane қazirgi qypshaq tilderinin monosillabtyq negizi. – Almaty: «Arys» baspasy, 2007. – 360 bet.

Kitab bulgat al-mushtaq ua fi lugat at-turk ua al-qifzhaq» («كتاب بلغة المشتاق و في لغة الترك و القفجاق»)

Qaidar ƏA. Kone turki zhazba eskertkishteri kimge ortaq, kimge tan? // Baiyrgy turki orkenieti: zhazba eskertkishter. Almaty: Gylym, 2001. 207 b.

Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 14-tom. / Qurast.: M.Malmaqov, Q.Esenova, B.Hinayat zhane t.b. – Almaty, 2011. 800 b.

Quryshzhanuly A. Mamluk qypshaқtarynyn tilinde zhazylgan bir eskertkish zhajynda (algashqy habar esebinde) // «Kone turik eskertkishteri tarihy» konferenciyasynyn materialdary. – Turkistan, 2007.

Mustafaeva A.A., Aubakirova Q.Q. Mysyr mamlyk memleketi men Altyn Ordadagy tildik zhagdai men turki tilinin martebesi // QazUU Zhargysy. Shygystanu seriyasy. №2 (97). 2021. S. 17-25.

Sabyr M.B. Kone qypshaq zhazba eskertkishterinin tili: Oqu quraly. – Oral: «Agartushy», 2008. – 236 bet

МРНТИ 16.41.53; 16.31.41; 17.82.31 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.03

Н.Б. Сапарбаева*, Цзян Вэн,

А.М. Нуржаева

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: nurzhanasaparbaeva5@gmail.com

МЕТОДЫ И СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА РЕАЛИЙ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА МУХТАРА АУЕЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»

Роман «Путь Абая» имеет глубокое культурное значение и исследовательскую ценность, так как является одним из трудов, который всесторонне отображает традиционную культуру казахского народа через записи о жизни семьи Абая. Цель данной статьи заключается в том, чтобы рассмотреть методы и способы перевода реалий казахской национальной культуры на китайский язык на основе материалов романа Мухтара Ауезова «Путь Абая». Анализ основных методов перевода реалий казахской культуры на китайский язык имеет практическую значимость для дальнейшего изучения в рамках теории перевода, а также таких наук как филология, культурология и литературоведение.

В целях изучения данной темы были использованны методы системного и сравнительного анализа, а также метод обобщения и абстрагирования. В результате анализа было выявлено, что при переводе данных реалий на китайский язык переводчик использовал такие методы перевода, как описательный перевод, транслитерацию, замену слов и метод опущения слов.

Материалы исследования могут быть использованы в качестве дополнительной литературы по дисциплинам, связанных с преподаванием перевода, языков и литературы.

Ключевые слова: описательный перевод, транслитерация, родной язык, казахская культура, казахская душа.

N.B. Saparbayeva* Jiang Wen, A.M. Nurzhayeva
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: nurzhanasaparbaeva5@gmail.com

Methods and ways of translating the realities of the kazakh national culture into chinese on the material of the novel “Abay’s Way” by Mukhtar Auezov

The novel «Abay’s way» has deep cultural significance and research value, as it is one of the works that comprehensively reflects the traditional culture of the Kazakh people through records of the life of the Abai family. The purpose of this article is to review the methods and ways of translating the realities of Kazakh national culture into Chinese based on the materials of the novel «Abay’s way» by Mukhtar Auezov. The analysis of the main methods of translating the realities of Kazakh culture into Chinese is of practical importance for further study in the framework of translation theory, as well as sciences such as philology, cultural studies, and literary studies.

To study this topic, methods of systematic and comparative analysis, as well as the method of generalization and abstraction were used. As a result of the analysis, it was revealed that when translating these realities into Chinese, the translator used such translation methods as descriptive translation, transliteration, word substitution, and the method of word omission.

The research materials can be used as additional literature on disciplines related to the teaching of translation studies, languages, and literature.

Key words: descriptive translation, transliteration, native language, Kazakh culture, Kazakh soul.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Н.Б. Сапарбаева*, Цзян Вэн, А.М. Нуржаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: nurzhanasaparbaeva5@gmail.com

Мұхтар Әуезовтің «Абай Жолы» роман материалы негізінде қазақ ұлттық мәдениетінің реалияларды қытай тіліне аударудың әдістері мен жолдары

«Абай жолы» романы Абай әулетінің өмір жолы туралы жазбалар арқылы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін жан-жақты танытатын шығармалардың бірі болғандықтан, терең мәдени мәнге жане зерттеушілік құндылыққа ие болып отыр. Бұл мақаланың мақсаты – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының материалдары негізінде қазақтың ұлттық мәдениетінің реалий создерин қытай тіліне аударудың әдіс-тәсілдерін қарастыру. Қазақ мәдениетінің реалий создерин қытай тіліне аударудың негізгі әдістерін талдау - аударма теориясы, сонымен қатар филология, мәдениеттану, әдебиеттану сияқты ғылымдар аясында одан әрі зерттеу үшін практикалық маңызы зор.

Бұл тақырыпты зерделеу үшін жүйелік және салыстырмалы талдау әдістері, сонымен қатар жалпылау және абстракциялау әдістери қолданылды. Зерттеу нәтижесінде аудармашының реалий создерин қытай тіліне аударуда сипаттамалық аударма, транслитерация, сөз алмастыру және сөзді түсіру сияқты аударма әдістерін қолданғаны анықталды.

Зерттеу материалдарын аударманы, тілдерді және әдебиетті оқытуға байланысты пәндерде қосымша әдебиет ретінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: суреттеме аударма, транслитерация, ана тілі, қазақ мәдениеті, қазақтың жаны.

Введение

Мухтар Омарханович Ауезов – знаменитый писатель и основоположник казахской литературы, познакомивший весь мир с казахской прозой, показав всему миру быт и культуру казахского народа. Роман «Путь Абая» является уникальнейшим казахским романом, собравшим в себе колорит национальной казахской культуры. Тардиции и обычаи казахского народа наполнены глубоким смыслом и мудростью народа, которые испокон веков славился своей храбростью и своими батырами. И одной яркой личностью является Абай Кунанбаев, выдающийся поэт, философ, который был хорошо знаком с русской литературой. Чтобы понять духовный мир казахского народа, необычайную красоту традиций мы обращаемся к роману «Путь Абая», где автор с яркой выразительностью и красотой передал культуру казахского народа.

Обоснование выбора темы

Роман «Путь Абая» на сегодняшний день переведен более чем на 120 языков мира, в том числе на русский и китайские языки. И особый интерес вызывает перевод сокровещницы духовной культуры казахского народа «Путь Абая» на китайский язык.

Материалы и методы

Были использованы общенаучные методы, которые позволили сделать всесторонний анализ и выводы по предмету исследования . В частности, был использован системный анализ, представляющий возможность представить объект изучения в его единстве и целостности. В данной статье был проанализирован перевод «Путь Абая» на китайский язык и был сделан анализ методов перевода.

Результаты и обсуждение

М. Ауезов прекрасно владел казахским литературным языком, и в романе «Путь Абая» автор использовал богатый литературный казахский язык. Казахский язык, веками впитывавший духовные ценности казахского народа, быт и культуру степи, ярко и душевно воспроизвел национальные особенности и характер казахского народа. Известные литературоведы полагают, что национальный колорит произведения часто выражается реалиями, которые очень сложно перевести (М. Ауезов, 1980).

Известный голландский языковед Э.М.Уленбек утверждал: «...знания языка – источника и переводящего языка недостаточно. Переводчику необходимо также знать культуру

народов, говорящих на данных языках» (М. Ауезов, 1980). Поэтому переводчику необходимо знать культуру и быт народа для правильной интерпретации переводимого текста. На сегодняшний день основной принцип перевода художественной литературы, это использование страноведческого подхода, который является таким же важным как и коммуникативный подход .

При переводе романов мы сталкиваемся с реалиями, которые представляют особую сложность при переводе.

Роман «Путь Абая» полон изысканными, красочными сравнениями. Рассмотрим эпизод где автор красиво описывает убранство любимой Абая Тогжан.

苏云德克的女儿–托葛建

她每次来和每一次离开，辫梢上叮当作响的银币都会用一种特殊的语言向人们打招呼。头上的海狸小帽、精致的耳环、珍奇的手镯，向阿拜展示着他从未见过的美。她脸庞丰润洁白，鼻梁端正，黑眼睛上两道细长的眉毛如新月初生，几乎挨上鬓角。而纤细的眉梢更像燕子翅膀的尖端，好像随时会化作魔箭，射穿人们的心髓。

托葛建细心聆听着人们的谈话，她的两道修长的眉毛，像春燕一对轻捷的翅膀正随着她的一忧一喜，一颦一笑在煽动，仿佛要飞向高空，飞向远方……阿拜目不转睛地、久久地望着她 (穆合塔尔, 2014)。

Каждый раз когда она приходила и уходила, серебряные монеты на кончике ее косы, издавая необычный звук, здоровались с людьми. На голове бобровая шапка, изысканные серьги, драгоценные браслеты, демонстрировали Абаю не виданную до этого красоту.

Ее лицо было белоснежным, полным, переносица прямой, над черными глазами расположены изящные брови которые были подобны новой луне почти касались висков. А тонкие брови больше похожи на кончики крыльев ласточки, кажется в любое время могли превратится в злой дух, который может вонзить острые стрелы в сердца людей.

В данном отрывке перевода на китайский язык слово «шолпы» переведен как серебрянные монеты, то есть данная реалия была переведена описательным методом перевода.

В данном отрывке мы видим красоту описания образа Тогжан, а также как переданы чувства, нежности и любови казахского джигита, с которыми он смотрит на свою девушку, чувства преданности и нежности, которые переполняют его сердце и душу. Это чувство любви открытой казахской души описывали многие казахские поэты и писатели. Читая данное произведение, мы можем испытать трепетные, чистые чувства казахского джигита, не способные солгать или предать. Чувство долга и преданности описанные автором показывает характер казахского народа.

Как видим, в этом предложении при передаче реалии «бөрік» на русский и китайский языки переводчики использовали гипонимический способ перевода. Конечно, русское слово «шапка» и китайское слово «小帽» лишь приближенно передают значение казахского слова «бөрік», которое действительно означает вид национального зимнего головного убора, который одевали как мужчины, так и женщины. Мы предлагаем перевести слово «бөрік» транслитерационным способом, предоставив объяснение значения в сноске.

Борик - казахская национальная меховая шапка, которую носят как мужчины, так и женщины.

Из данных примеров мы видим, что слова аналоги, которые подбирает переводчик не всегда с точностью передают смысл переводимого слова, что зачастую не позволяет читателям полностью раскрыть изначальный смысл оригинала. Поэтому переводчики должны обьяснять значения данных слов в скобках. Гипонимический способ обычно обобщает представление, которое связано с реалиями, но при этом мы наблюдаем что обобщающее слово привело к утрате конкретики. Мы полагаем, что основным недостатком данного способа перевода является то, что теряется национальный колорит понятия.

Рассмотрим следующий пример

Оригинал:Десять лет назад, когда *Кунанбай приезжал сватать Дильду* для Абая, он получил в подарок от родных невесты тяжелый «тамтуяк». *Привезенный Улжан бесик-жамба* превосходил его величиной– Кунанбай одаривал свата более ценным подарком (М. Ауезов, 2007).

人们都还记得，十年前库南拜在这里为阿拜提亲时，女方迪丽达的祖父阿勒欣拜曾给库南拜赠送元宝。不过那是小元宝，分量要轻。按照老规矩，两亲家互赠的元宝分量要相等。

Перевод: Люди до сих пор помнят, что когда Кунанбай был здесь, чтобы сватать Абая, десять лет назад, родственники невесты Дильды подарили Кунанбаю серебрянные слитки. Но это был маленький слиток, и вес был легким. По старым правилам количество слитков, отданных двумя семействами, должны быть равными.

В данном переводе мы наблюдаем неполноту перевода и имеются опущения такие как «тяжелый «там-туяк», «*привезенный Улжан бесик-жамба* превосходил его величиной– Кунанбай одаривал свата более ценным подарком». То есть данный эпизод был полностью опущен и переведен на китайский язык как «серебрянные слитки. Но это был маленький слиток, и вес был легким. По старым правилам количество слитков, отданных двумя семействами, должны быть равны». В данном отрывке мы наблюдаем что переводчик перевел лишь основной смысл эпизода. И для китайского читателя осталось непонятным, что бабушка Абая -Улжан привезла подарки намного лучше и ценнее подарков родственников невесты.

Оригинал: «Нельзя допускать унижения нашей девушки, делать ее непоправимо несчастной!» Старый акын сложил печальную песню «Жалоба девушки Салихи своим родичам» (М. Ауезов, 2007).

他们公然提出“不能让姑娘受到凌辱！”老阿肯们弹着冬不拉和阔不孜，用极其悲凉的曲调唱着《萨里哈姑娘向亲人的哀求》(穆合塔尔, 2014) 。

Они открыто предложили «Нельзя позволить девушкам быть оскорбленными!» Старые акыны играли на домбре и кобызе, поют чрезвычайно грустную песню «Жалоба девушки Салихи своим близким».

她穿着一身黑绵绸做的美丽的长袷袢。戴着崭新的黑色海狸

皮帽，脖子上轻松地搭着花色纱巾。一对金耳环在耳垂上轻轻摆

动着。在这群姑娘中间，她简直像夜空中灿烂耀眼的金星。

骑马的姿态、唱挽歌的声调以及对布皆依女儿怀有同情的表

现，所有这一切，仿佛使托葛建的仪容沐浴在一种特殊的光泽里。

白洁的上额、柔软的脖以及细润的秀发和她脸上的红显得格

外谐调 (穆合塔尔, 2014)。

Теперь рассмотрим оригинал произведения: *«Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен. Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара кәмшат бөрік. Мойнында әсемдеп, әдемілеп кең ораған құбылма түсті торғын шәлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай.*

Ат үсті жүріс, шырқап айтқан дауыс және құрбы қыздары – Бөжей қыздарына жаны ашуы бар, баршасы Тоғжанның қазіргі жүзін бір түрлі мағыналы нұрға малғандай. Ақмаңдай, аппақ жұмыр мойнына, қолаң жібек шашына бетінің үлбіреген қызылы соншалық жарасып тұр (Әуезов М., 2013)*».*

На ней был красивый черный чапан из черного шелка. На голове новая бобровая шапка, на шее легко завязан пестрый шарф. Пара золотых сережек свисают легко качаясь. Среди этих девушек она сверкает подобно яркой Венере в ночном небе.

Образ всадника, поющие голоса и сочувствие к дочерям Божея, все это придает особое очарование лицу Тогжан. Ее широкий белый лоб, мягкая гусиная шея и каштановые волосы идеально подходят к ее лицу.

В данном примере казахское слово «шапан» на русский язык был переведен как «чапан» на китайский язык тоже был переведен методом транслитерации «袷袢» qiapan. «Кәмшат бөрік» был переведен как бобровая шапка описательным методом, а слово «торғын шәлі» был переведен как пестрый шарф тоже был использован описательный метод.

Данный пример показывает, насколько целесообразным является использование переводчиками сочетания двух приемов – транскрипции (транслитерации) и описательного перевода, давая последний в сноске или в комментарии. Такое сочетание имеет следующие преимущества:

- возможность соблюдать краткость и экономность средств выражения, свойственные упомянутым выше способам перевода;
- возможность раскрыть семантику данной реалии, достигаемой через описательный перевод: разъяснив однажды значение данной реалии, переводчик в дальнейшем может использовать транскрипцию или транслитерацию, смысл которой будет уже понятен читателю.

Переводчики прибегают к приемам транскрипции и транслитерации, как к способу назвать и подчеркнуть реалию, специфичную для быта данного народа, передающую его национальную особенность, и своеобразный колорит. Прием транслитерации является наиболее продуктивным при переводе данного романа.

Раскроем данный метод еще на одном отрывке романа:

- Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады.

十几岁的孩子黝黑的脸上充斥着压抑的笑声，他低下了头，开始扭动他的帽子。

- Смуглое лицо подростка раскраснелось от сдерживаемого смеха и он, опустив голову, начал вывертывать свою шапку (М. Ауезов, 2007).

Итак, в нашей работе нами были проанализированы следующие способы передачи казахских реалий:

1) материальное заимствование» (транскрипция и транслитерация), при данном методе перевода принимаются не только значение слова, но и его материальный экспонент;

2) калькирование, т.е. копирование иноязычной единицы с помощью своего, незаимствованного материала;

3) полукальки – своего рода частичные заимствования, состоящие частью из своего собственного материала, а частью из материала иноязычного языка;

4) описательный перевод – наиболее распространенный способ передачи современных реалий;

5) комбинированный способ – чаще всего сочетает калькирование и описательный перевод.

Способы передачи реалий, которые были представлены в данной статье, в практике переводческой деятельности традиционно функционируют в сочетании друг с другом. Переводчики не используют лишь один из них, так как это может привести к следующим нежелательным результатам:

- перегруженности текста перевода заимствованным словесным материалом, так называемыми «экзотизмами» (при транскрипции, транслитерации и калькировании);

- чрезмерному расширению текста (при перифрастическом способе);

- объединению вещественного смысла или полной утрате национальной специфичности (при гипонимическом способе).

При работе над текстом переводчик ставит перед собой различные задачи, от которых напрямую зависит решение вопроса о выборе определенного приема: сохранить культурный колорит языковой единицы, что может повлечь за собой семантические изменения или передать смысловое значение реалий, утратив при этом колорит. Из вышеуказанных примеров видны определенные недостатки и преимущества различных приемов перевода реалий, к которым мы представили варианты перевода. Как известно, язык исходного текста содержит дискурсы национального и социального своеобразия народа, которые передаются через реалии, отражающие характерные черты культуры, общественной жизни, материального быта и устоявшиеся принципы межличностного общения. Все это играет важную роль в создании определенного национального фона. Качественный перевод, предполагающий верную передачу существующих реалий, во многом зависит от опыта и знаний переводчика о действительности времени, места, традиций и других особенностях, описываемых в оригинальном тексте, а также способности правильно передать эти представления целевой аудитории.

Заключение

В данном исследовании было показано, насколько сложной задачей является передача реалий, отражающих национальную действительность и своеобразие в казахских текстах при переводе на русский и китайский языки. Сохранение реалий при переводе с одного языка на другой составляет особую трудность в связи с тем, что особенности действительности отражают специфику национальной культуры, создавая яркий образ, который не всегда доступен представителю иноязычной культуры. Решение подобных задач в практической работе требует от переводчика немалых усилий. Опытные переводчики понимают, что перевод с одного языка на другой влечет за собой неизбежные потери и преобразования, когда приходится опускать некоторые выражения и понятия оригинального текста, или наоборот дополнять их смысловой информацией. В свою очередь подобные приемы приводят к созданию текстов на целевом языке, которые не могут быть полным и абсолютным эквивалентом текста подлинника. Перед переводчиком стоит нелегкая задача как можно плотнее приблизиться к эквивалентности, т.е. сократить потери до минимума.

Таким образом, ответственность за передачу иноязычных реалий, в данном случае казахских, полностью лежит на переводчиках, потому что они выполняют этнокультурную и этно-коммуникативную функции, помогая понять образное мышление и мироощущения казахского народа. В связи с этим на сегодня изучение переводчиками культурного наследия казахского народа приобретает все большую актуальность, что обусловлено их значительной ролью в процессе выполнения миссии по приобщению народов других стран к сокровищам казахской культуры.

Литература

Аймауытов, Ж. (1989). Шығармалары. Жазушы.
Айтбаев, Ө. (1975). Аудармадағы фразеологиялық құбылыс.
Айтбайұлы, Ө. (1997). Қазақ сөзі.
Ауезов, М. (2007). Путь Абая. Роман-эпопея. Жазушы. (в 2 т.)
Ауэзов, М. (1980). М.Ауэзов - классик советской литературы. Наука.
Әуезов, М. (2013). Абай жолы: роман-эпопея. Жазушы. (3-ші кітап).
Верещагин, Е.М., Костомаров, В.Г. (1976). Язык и культура. Русский язык, 20-28, 60-88.
Дулатов, М. (1991). Шығармалары. Жазушы
Кәкәшев, Т. (1990). Қазақ әдебиеті.
Кенжебаев, Б. (1986). Әдебиет белестері, 212.
Комиссаров, В. Н. (1978). Перевод как объект лингвистического исследования. Вопросы перевода в зарубежной лингвистике. Международные отношения, 3-15.
Реформатский, А.А. (2016). Введение в языкознание. Аспект Пресс, 2-21.
Сатпаева, Ш.К., Абдибаев, Х.А. (1979). Национальные формы в казахской литературе. Мектеп, 65-76.
Сатыбалдиев, Ә. (1965). Рухани қазына. Көркем аударма мәселелері.
哈拜, 高顺芳 (2014). 穆合塔尔. 阿乌埃佐夫. 民族出版社.

References

Aymautov, Zh. (1989). Shygarmalary [Works]. Jazwshy.
Aytbaev, O. (1975). Audarmadagy frazeologiyalyk kubylys [Phraseological phenomenon in translation].
Aytbayuly, O. (1997). Kazak sozi [Kazakh word].
Auezov, M. (2013). Abay zholy: roman-epopeya [Abai Zholy: epic novel]. Zhazushi (The 3d Book.)
Auezov, M. (2007). Put' Abaya. Roman-epopeya [The Way of Abai. Epic novel]. Zhazushy. (Vols 1-2)
Auezov, M. (1980). M.Auezov – klassik sovetskoy literatury [M. Auezov - a classic of Soviet literature]. Science.
Vereshchagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1976). Yazyk i kul'tura [Language and Culture]. Russian language, 20-28, 60-88.
Dulatov, M. (1991). Shygarmalary [Works]. Jazwshy
Kakashev, T. (1990). Kazak adebieti [Kazakh literature].
Kenzhebaev, B. (1986). Adebiet belesteri [Aspects of literature], 212.
Komissarov, V. N. (1978). Perevod kak obekt lnigvisticheskogo issledovaniya. Voprosy perevoda v zarubezhnoy lingvistike [Translation as an object of linguistic research. Questions of translation in foreign linguistics]. International relationships, 3-15.
Reformatsky, A.A. (2016). Vvedeniye v yazykoznaniye [Introduction to linguistics]. Aspect Press, 2-21.
Satpaeva, Sh.K., Abdibaev, Kh.A. (1979). Natsional'nyye formy v kazakhskoy literature [National forms in Kazakh literature]. Mektep, 65-76.
Satıbaldiev, A. (1965). Ruhani kazyna. Korkem awdarma maseleleri [Spiritual treasure. Problems of literary translation].
Habai, Gao Shunfang (2014). Mù hé tǎ ěr. Ā wū āi zuǒ fū [Muhtar Auezov]. Minzu Publishing House.

2-бөлім

ШЫҒЫС ДЕРЕКТАНУЫ

Section 2

ORIENTAL SOURCE STUDIES

Раздел 2

ВОСТОЧНОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

ҒТАМР 17.81.31; 03.81.37 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.04

А. Хаван , Қ. Қасымбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: aidyngulk@gmail.com

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «*РИСАЛА ФИ-С СИАСА*» ТРАКТАТЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНА ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМА

Мақалада ойшыл, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің (260-339 *hижри*/870-950 *милади*) ғылымға «*Рисала фи-с Сиаса*» (رسالة في السياسة) /Саясат жайлы трактат/ атымен танылған еңбегінің қолжазбаларына ғылыми сипаттама беріледі. Трактаттың әлем кітапханалары мен қолжазба қорларында түрлі атаумен сақталған нұсқаларының табылуы, жиналуы, көшірушілері мен көшірілген мерзімдері көрсетіледі.

Трактаттың қазіргі ғылымға сай ең алғашқы басылым нұсқасы XX ғасырдың басында Бейрут қаласында жарыққа шыға бастаған «*Әл-Машрик*» (Al-MACHRIQ "المشرق") журналының екі нөмірінде (1901 ж. № 14, 15) жарық көрді. Қолжазбаны өңдеп, жариялаған аталған басылымның сол кездегі бас редакторы ғалым Луис Шейхо (Luis Cheikho, 1859-1927).

Мақаланы жазу барысында Шығыс кітапханасы (Бейрут), Biblioteca Apostolica Vaticana (Ватикан), Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi, Ayasofya, Süleymaniye Kütüphanesi (Түркия) материалдары мен ЕАР Ұлттық кітапханасы (Egyptian National Library Dar al-Kutub al-Misriya) және Араб қолжазбалары институты дерекқорлары (The Institute of Arabic Manuscripts, Egypt) пайдаланылды.

Ғылыми мақалада соңғы жылдары Отандық фарабитану ғылымындағы түбегейлі өзгерістер негізге алынып (әл-Фараби мұрасын зерттеп-зерделеудің соны бағыттарын қалыптастыру, ғалым шығармаларының қолжазбаларын анықтау, жинау, еңбектерін түпнұсқадан тікелей аударып жариялау, шығармаларындағы ғылыми терминдерді анықтау, ғалым тұжырымдарын жаңаша дәйектеу т.б.), тарихи-салыстыру, тарихи-типологиялық, хронологиялық, герменевтикалық, деректанулық, мәтінтанулық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: Әл-Фараби мұрасы, қолжазба, ғылыми сипаттама, мұрағат, деректану.

A. Khavan, K. Kassymbayev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: aidyngulk@gmail.com

Scientific description of the manuscripts of the treatise "*Risala fi-s Siyasa*" of Abu Nasr al-Farabi

The article provides a scientific description of the manuscripts of the treatise of Second Teacher Abu Nasr al-Farabi (260 AH/870 – 339 AH/950) "Risala fi-s Siyasa" (رسالة في السياسة) /Treatise on politics/. It also provides information about the discovery of the manuscripts of the treatise preserved under different names in libraries and archives of the world and about their collection, publication and research and dates of copying.

The first scientific edition of the treatise was published in two issues (No. 14, 15, 1901) of the journal "Al-Mashriq" (Al-MACHRIQ "المشرق"), which started to be published at the beginning of the twentieth century. The manuscript was edited and published by the then editor-in-chief of the journal, the scholar Luis Scheiko (1859-1927).

During the writing the article, were used materials from the "Eastern Library" (Beirut), Biblioteca Apostolica Vaticana (Vatican), Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi, Ayasofya, Süleymaniye Kütüphanesi (Turkey), sources of rare funds and archives of the Egyptian National Library (Dar al-Kutub al- Misriya) and The Institute of Arabic Manuscripts. In a scientific article, based on the cardinal changes in the domastic Farabi studies in recent years (to form new directions in the study of al-Farabi's heritage, to determine the manuscripts of the scientist's works, to collect the found manuscripts and to translate them from the original and republish, define scientific terms, draw new conclusions and etc.) research methods were used such as historical-comparative, historical-typological, chronological, hermeneutic, source study and textological.

Key words: heritage of Al-Farabi, manuscript, scientific description, archive, source study.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

А Хаван, К. Касымбаев

Казахский национальный университет, им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: aidyngulk@gmail.com

Научное описание рукописей трактата "*Рисала фи-с Сиаса*" Абу Насра аль-Фараби

В статье дается научное описание рукописей трактата Второго учителя Абу Насра аль-Фараби (260 хиджры/870 – 339 хиджры/950) «*Рисала фи-с Сиаса*» (رسالة في السياسة) /Трактат о политике/. Также дается информация о находке рукописей трактата сохранившеся под разными названиями в библиотеках и архивах мира и о их сборе, о издании и исследовании и даты копирование.

Первое научное издание трактата было опубликовано в двух номерах (№ 14, 15 г.1901) журнала «Аль-Машрик» (Al-MACHRIQ "المشرق") который начал выходить в начале XX века. Рукопись была отредактирована и опубликована тогдашним главным редактором журнала ученым Луисом Шейхо (1859-1927).

При написании статьи были использованы материалы из «Восточной библиотеки» (Бейрут), Biblioteca Apostolica Vaticana (Ватикан), Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi, Ayasofya, Süleymaniye Kütüphanesi (Турция), источники редких фондов и архивов Египетской национальной библиотеки (Egyptian National Library Dar al-Kutub al-Misriya) и Институт Арабских рукописей (The Institute of Arabic Manuscripts). В научной статье, на основе кардинальных изменении в Отечественной фарабиеведении за последние годы (формировать новые направления в изучении наследия аль-Фараби, определение рукописей произведений ученого, сбор найденных рукописей и осуществить их перевод с оригинала и переиздавать, определить научных терминов, делать новые выводы и др.) были использованы методы исследования такие как историко-сравнительный, историко-типологический, хронологический, герменевтический, источниковедческий и текстологический.

Ключевые слова: наследие Аль-Фараби, рукопись, научное описание, архив, источниковедение.

Кіріспе

2020 жылдың 29-қаңтарында ЮНЕСКО (UNESCO), ИСЕСКО (ISESCO) сынды Халықаралық ұйымдардың қолдауымен ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің өкілі, көне Отырар қаласында туып-өскен ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы дүниежүзінде аталып өтті. Осы «Фараби жылы» аясында ойшылдың әлем мұрағаттарында сақталған жазба мұраларын іздестіру, қолжазба нұсқаларын жинау, оқу, зерттеу бағытында отандық ғалымдар кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның мұрасы мен ойларын сараптап, пайымдап, танып және танытып насихаттау барысында көптеген ғылыми-танымдық конференциялар мен симпозиумдар болып өтті.

Қазақстан республикасы тарихи тәуелсіздігін алғаннан кейін (1991) ҚР Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен Әбу Насыр әл-Фараби есімі берілген Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) әл-Фараби мұраларын түпнұсқадан қазақ, орыс тілдеріне аудару жұмысын ұйымдастыруды міндеттеп алған болатын. Осы жоба аясында ғалымның бірқатар трактаттары тұңғыш рет тікелей араб тілінен қазақ, орыс тілдеріне аударылып жарияланды. Солардың қатарында ғалымның «*Рисала фи-с Сиаса*» (رسالة في السياسة) /Саясат жайлы трактат/ атты еңбегі де бар (Әл-Фараби, 2020).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Ғылым тарихында Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми өмірі мен жазба мұрасы туралы жазылған алғашқы дереккөздер ретінде ортағасырлық араб тілді библиографиялық көрсеткіш еңбектер басшылыққа алынады. Бұл, ойшылдың өзі көзі тірісінде-ақ, шығармалары ғалымдардың назарына ілініп, өз бағасын алып үлгергенін аңғартады. Дегенмен, арада қанша ғасыр өтсе де, әл-Фарабидің жазба мұрасы мен оның санына қатысты ғалымдар арасында әлі де бірізді пікір байқалмай келеді.

Ортағасырлық араб тарихшысы ан-Надимнің (* – 384 h.ж./994) «*Әл-фиһрист*» (الفهرست) /Тізімдер/ библиографиялық еңбегінде Әбу Насыр әл-Фарабиің жеті еңбегі аталады (ibn Nadim, 1348: 256). Жылнамашы әл-Құртуби (600

h.ж/1214 – 671 h.ж/1273) «*Китаб табақатул умамына*» (كتاب طبقات الأمم) /Ұлыстар кітабы/ ғалымның төрт еңбегінің ғана атын енгізген (Al-Qurtuby,1912: 59). Әбу-л Хасан әл-Қифти (568 h.ж/1172 – 646 h.ж/1248) «*Ихбәр әл-уләма би ахбар әл-хукама*» (إخبار العلماء بأخيار الحكماء) /Ғалымдар тарихы/ атты еңбегінде әл-Фараби трактаттарының саны жетпіс төрт дейді (Al-Qifti, 1903: 277). Әл-Байhақи (384 h.ж/1099 – 458 h.ж/1170) «*Татимма суан әл-хикмә*» (تتمة صوان الحكمة) /Даналық сөздерге толықтырма/ библографиялық көрсеткішінде ғалымның он екі еңбегінің тізімін берсе (Al-Bayhaqi, 1935: 16), ибн Аби Усайбиъа (600 h.ж/1203 – 668 h.ж/1270) «*Уйун әл-анбиафи табақати-л атибасында*» (عيون الأنباء في طبقات الأطباء) /Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнар көзі/ Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларының санын жүз он үшке жеткізген (Ibn Abi Usaibia, 1957: 223).

Неміс ғалымы Мориц Штейншнейдер (Moritz Steinschneider) (1816-1907) әл-Фарабидің жүз он жеті еңбегін анықтады (Steinschneider, 1869: 30). Ирандық ғалым Али Акбар Дэххудо (1978-1956) (Лугатнамэ) ғалым шығармалары жүз тоғыз десе (Dekhudo, 1913: 65), түрік ғалымы Ахмед Атеш (Ahmed Ateş) (1917-1966) библиографиясы («Fârâbî"nin Eserlerinin Bibliyografyası») жүз алпыс (Ateş; 1951: 57), тәжік ғалымы Б.Ғафуров (1908-1977) зерттеулері екі жүзге жеткізеді (Ғафуров, 1975: 65).

Академик Әбсатар Дербісәлі Түркия Республикасының кітапханаларынан Әбу Насыр әл-Фарабидің араб, түрік, ағылшын, француз тілдерінде жазылған жиырма бес еңбегін анықтады. Ғалым Ә.Дербісәлі Испания Корольдігіндегі Эскуриал кітапханасынан (2014 ж.) ойшылдың бұзау терісіне жазылып сақталған онға жуық еңбегінің қолжазбасын тауып, қазақ еліне алып келгенін ерекше атап өткен жөн.

Шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі «Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз» атты мақаласында Әбу Насыр әл-Фарабидің Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларында сақтаулы тұрған жүзден астам еңбектерінің тізімін келтіріп, ойшылдың «...өмірі мен шығармаларына арналған әлемдік деңгейдегі бірізді, біртұтас, толыққанды библиография әлі еш жерде, ешқандай елде жасалған емес» (Дербісәлі, 2008: 97) деген еді.

Дегенмен, уақыт өткен сайын Отырар ойшылының әлем мұрағат қорларында зерттеу нысанына ілінбей жабулы күйінде жатқан еңбектерінің қолжазбалары табылып, ғалым шығармаларының қатарын толықтырып келеді. Сондай еңбектерінің бірі ғылымға әуелі «*Рисала фи-с Сиаса*» (رسالة في السياسة) /Саясат жайлы трактат/ деген атпен танылып (1901 ж.), кейін әлем мұрағат қорларынан түрлі атпен сақталған қолжазбалары табылған еңбегін қосуға болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл жазба мұрасын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген ғалым Луис Шейхо (Luis Cheikho (1859-1927). Толық аты-жөні – Луис Шейхо бин Юсуф, бин Абдул Масих бин Яқуб. Ғалым Луис Шейхо аталған трактат туралы алғаш рет 1897 жылы Парижде өткен «Халықаралық шығыстанушылар конгресінде» (Luis Cheikho. Notice sur un ancient manuscript arabe /Actes du Onzieme Congres International des Orientalistes, Paris III section/ атап өтіп, еңбектің қолжазбасы Бейрут қаласындағы (Ливан) «ӘЛ-МАКТАБА ӘШ-ШАРҚИЙА» (المكتبة الشرقية) /Шығыс кітапханасы/ мұрағатында жинақ ретінде сақтаулы тұрғанын жеткізеді (Cheikho, 1897: 125).

Ұсынылып отырған **жұмыстың мақсаты** Әбу Насыр әл-Фарабидің «*Рисала фи-с Сиаса*» /Саясат жайлы трактат/ еңбегінің қолжазбаларына ғылыми сипаттама жасау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды: трактаттың қолжазбаларын жинау, жүйелеу, тарихи-хронологиялық ретін беру, шығармаларының қолжазба нұсқаларының жазылу мерзімін, көшірілу ерекшеліктерін, қолданылған жазу түрлерін, парақ санын, сақталған елі мен орнын, көшірушілердің аты-жөнін анықтау, қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын беру.

Зерттеу нысаны – Әбу Насыр әл-Фарабидің «*Рисала фи-с Сиаса*» /Саясат жайлы трактат/ трактаты.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу мақалада соңғы жылдары Отандық фарабитану ғылымындағы түбегейлі өзгерістер негізге алынып (әл-Фараби мұрасын зерттеп-зерделеудің соны бағыттарын қалыптастыру, ғалым шығармаларының қолжазбаларын жинау, еңбектерін түпнұсқадан тікелей аударып жариялау, ғылыми терминдерді анықтау, тұжырымдарын жаңаша дәйектеу т.б.), тарихи-салыстыру, тарихи-типологиялық, хронологиялық, герменевтикалық, деректанулық, мәтінтанулық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Әбу Насыр әл-Фараби артына бай жазба мұра қалдырды. Ғалымның шығармалары алдымен қолжазба күйінде әлемге таралып, баспа ісі өмірге келуімен бірге жарыққа шыққан еңбектері түрлі ғылым саласындағы зерттеулерге арқау болды. «Әбу Насырдың көптеген туындылары дүние жүзі кітапханаларында сақтаулы, бізге беймағлұм күйде. Демек, оларды іздестіру, жарыққа шығару, сөйтіп халықтың игілігіне айналдыру – болашақтың зор міндеттерінің бірі», – дейді ғалым Ә.Дербісәлі (Дербісәлі, 2008: 25). Бүгінгі таңда әл-Фарабидің шығармаларының қолжазбалары Тегеранда, Исфаһанда, Ирақта, Бейрутте, Хайдарабадта, Каирде, Стамбулда, Берлинде, Лейденде, Лондонда, Мадридте, Ташкентте және әлемнің басқа да елдерінде сақтаулы екені анықталып отыр.

Ғалымның «*Рисала фи ас-Сиаса*» трактатының қолжазбалары да ғалымның өзге шығармалары сияқты дүниенің төрткүл бұрышына таралып үлгерген. Төменде еңбектің әлем қолжазаба қорларында сақталған орны мен нұсқаларының хронологиялық ретін беріледі.

1. Ayasofya 2818/1 нөмірлі нұсқа

Қолжазба Стамбулдағы (Түркия) Айясофия кітапханасында сақтаулы. Жазба мұра Әбу Насыр әл-Фарабимен дәуірлес ғұмыр кешкен парсы текті ғалым ибн Мискауаиһтің (толық аты-жөні: Ахмед ибн Мухаммад ибн Якуб) (320-421*һижри* /929-1030 *милади*) ғылымға "كتاب تهذيب الأخلاق و تطهير الأعراق" (Ахлақты түзету және түптамырларды тазалау) атымен танымал еңбегі мен ортағасырық ғалым *Абу-л Хасан әл-Амаридің* (302-381 *һижри*/ 913-992 *милади*) "من وصايا العامري و آدابه" (әл-Амари өсиеттері және мен әдептері) атты шығармасы енген жинақпен бірге сақталып жеткен.

Жинақтың хатқа түскен мерзімі – 684 *һижри/1306 милади* (7/13 ғасыр). Жазу түрі – *насх*. Көлемі – 145x85, 100x60. Парақ саны – 119. Парақтары сарғыш тартқан ескі. Әр беттегі қатар саны – 17. Көшірушінің аты-жөні көрсетілмеген. Жинақтың мұқабасында "كتاب في علم الأخلاق لأحمد بن مسكويه" (Ахмад бин Мискауиһтің ахлақ ілімі жайлы кітабы) делінген.

Қолжазбадағы *ибн Мискауаиһтің* «Ахлақты түзету және түп-тамырларды тазалау» шығармасы ("كتاب تهذيب الأخلاق و تطهير الأعراق") былай басталады: "اللهم انا نتجوه إليك و نسعى نحوك و نجاهد نفوسنا في طاعتك و نركب الصراط المستقيم الذي تهجته لنا إلى مرضاتك" (Аллаһым, шын мәнінде біз Саған қарай бара жатырмыз және Сен жаққа ұмтыламыз. Нәпсімізді Саған бойсұндыруға күш саламыз, Сенің мейіріміңе бізді жетелейтін дұрыс жолмен жүреміз) (Ayasofya, 1 п/А).

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегі жинақтың 104-113 парақтарының арасында жазылған. Трактат *бәсмала (бисмиллаһи ар-рахман ар-рахим)* айтылғаннан кейін "قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضى عنه في الموعظة" (Екінші ұстаз Әбу Насыр әл Фараби (разы болсын) *әл-Мауъизада* былай деді) сөйлемімен басталып, одан әрі мәтін: " كل وَاحِد من النَّاس مَتى رَجَعَ إِلَى نَفسه وَتَأمل أحوالها وأحوال غَيره من أَفنَاء النَّاس وجد نَفسه فِي رُتْبَة يشركهُ فِيهَا طَائِفَة مِنْهُم وَوجد فَوق رتبته طَائِفَة مِنْهُم أَعلَى منزلَة مِنْهُ بِجِهَة أَو بجهات وَوجد دونهَا طَائِفَة هم أوضع مِنْهُ بِجِهَة أَو جِهَات" (әрбір адам баласы өз-өзіне үңіліп, өзінің және өзгелердің хәліне терең зер салған кезде өзінің белгілі бір адамдар тобымен ортақ дәрежеде екенін, енді бір топтың лауазым жағынан өзінен бір қырынан немесе барлық қырынан жоғары тұратынын, келесі бір топ адамдарының бір немесе бар жағынан өзінен төмен тұратынын көре алады...) деп жалғасады (Ayasofya, 104 п/Б).

Шығарманың соңында қорытынды ретінде "وَنحن الْآن ذاكرون من أقاويل القدماء وَأهل الْفضل شطرا يصير خَاتِمَة لقولنا هَذَا فَإِن للحكايات والنوادر والأمثال فِي مثل هَذَا الْفَنّ غناء عَظِيما" (Енді осы айтқандарымызға қорытынды ретінде бұрынғылардың және ізгілік иелерінің айтқандарынан келтіреміз. Шынында, осы сынды өнердегі (жанрдағы) хикаяттар, қызықты әңгімелер мен тәмсілдерде зор байлық бар) деп әдептілік туралы нақыл сөздер беріліп, одан кейін:

"و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا ينْتَقم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن تزداد فضلا. **تمت وصايا الشيخ أبي نصر**" (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы. Шейх Әбу Насырдың өсиеттері аяқталды) (Ayasofya, 113 п/А) деп туындының атауы «**وصايا**» (Өсиеттер) екені анық жазылған. Трактаты мәтіні толық сақталған.

Әл-Фарабидің шығармасы аяқталған жерден (113 п/А) "من وصايا العامري و آدابه" (Әл-Амари өсиеттері және мен әдептері) еңбегі жалғасады.

Әбу-л Хасан ибн Юсуф әл-Амари (302-381 *һижри*/913-992 *милади*) – ортағасырлық парсы текті философ, Нишапурда туған. Ислам діні, философиясы, ақида, психология, педагогика салалары бойынша еңбектер жазған.

Қолжазбаны көшірушінің кім екені көрсетілмеген. Жинақтың мұқабасына 3 мөр, соңына 1 мөр ұрылған.

1-сурет – Ayasofya



2-сурет – Ayasofya 2818/1 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби 2818/1 нөмірлі нұсқаның мұқабасы трактатының соңғы парағы (113 п/А)

تمت وصايا الشيخ أبي نصر كتاب في علم الأخلاق لأحمد بن مسكويه
(Ахмад бин Мискауиһтің ахлақ ілімі жайлы кітабы) (Шейх Әбу Насырдың өсиеттері аяқталды)

3-сурет – Ayasofya 2818/1 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (104 п/Б)
بسم الله الرحمن الرحيم و به نستعين
قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضى عنه في الموعظة
(Бисмиллаһи ар-рахман ар-рахим уа настиъин)
(Екінші ұстаз Әбу Насыр әл Фараби (разы болсын) әл-Мауъизада былай деді)

2. Süleymaniye Kütüphanesi Aşir Efendi 286 нөмірлі нұсқа

Стамбулдағы Сүлеймение кітапханасының Ашир Әфәнді бөлімінде "كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі) деген атпен сақтаулы.

Шығарма жоғарыда айтылған ғалым *ибн Мискауаһтің* тағы да бір "جاويدان (جاودان) خرد" (Мәңгілік даналық) атты еңбегінің мазмұны арқылы сақталып жеткен. Ортағасырлық ойшылдың бұл туындысы парсы, үнді, грек, араб, мұсылман ойшылдарының этикалық афоризмдері, өсиет сөздері мен хикметтерінен тұратын жинақ ретінде сақталған.

Қолжазба 143 парақтан тұрады. Көшірілген мерзімі көрсетілмеген. Сырты қызыл күрең түсті тері тыспен қапталған. Мұқабасында "كتاب جاودان خرد في الأدابيات للحكيم المحقّق و المدقّق الكامل أحمد بن محمد مسكويه" (Кәміл хәкім Ахмад бин Мухаммад Мискуаиһтің әдеби *Жауидан хард* кітабы) деп жазылған. Жазу түрі – *насх*. Парақтары ескі, сары түсті. Тақырыптар мен тақырыпшалар қызыл сиямен көшірілген. Көлемі – 801,5×601,1 мм. Әр бетте 17 қатар жазу бар. Қолжазбаның соңында "تم الكتاب المسمى جاودان خرد بعون الله و حسن توفيقه" (*Жауидан хард* аталатын кітап Алланың көмегімен тәмам) делініп, көшірушінің аты-жөні *Юсуф бин Ахмад бин Юсуф ал-Хауит* екені жазылған.

Әл-Фарабидің аталған шығармасы жинақтың "حكم الإسلاميين" (Мұсылман хикметтері) бөліміне енген. Бұл қолжазбадағы соңғы бөлім.

Аталған бөлім *ибн Мискауаиһтың*: "و هذه حكم للمحدثين من الفلاسفة و العلماء و الملجين في طلب العلم من الإسلاميين: برزوا في الحكمة و جمعوا حكمة المتقدمين إلى حكمة المتأخرين و وصوا بوصايا فاضلة على كثير مما تقدم. فأفردت لها هذا الباب لأختم به الكتاب، إن شاء الله تعالى". (Бұл философтар мен ғұламалардың, өткір ой иелерінің ислам ілімін іздегендерге арнаған хикметтері. Олар [мұсылмандар] хикмет айтумен әйгіленді, бұрынғы өткендерден жеткен хикметтерді соңғыларға жеткізді, алдыңғыларға ізгі өсиеттер айтты. Солардан іріктеп алғандарыммен Алла қаласа, кітапты тәмамдау үшін осы бөлімге енгіздім», – деген кіріспесімен басталған (Süleymaniye, 102 п/А).

Әрі қарай: " يا طالب الحكمة! طهر لها قلبك، وفرغ لهل لبك و إجمع إلى النظر فيها همتك. فإن الحكمة أعظم المواهب التي وهبها الله لعباده و أفضل الكرامة التي أكرم الله بها أولياءه" (Ей, хикмет іздеуші! Ол үшін жүрегіңді тазала! Ақылыңды соған арна! Күшіңді [құлшынысыңды] соған жұмса! Шын мәнінде, хикмет Алла Тағала өзіне құлшылық ету үшін сыйға берген ұлы нығметі әрі уәлилеріне берген кереметтердің абзалы...) (Süleymaniye, 102 п/Б) сарындас шағын келген үш бөлімнен тұратын өсиет айтылған.

Өсиет аяқталған жерден "آداب إبن المقفع و وصاياه" (Ибн Мұқаффаъ әдептері мен өсиеттері) жалғасқан.

Абу Мухаммад Абдулла ибн Мұқаффаъ (106-142 *һижри*/724-759 *милади*) тегі парсы, ойшыл ғалым. Иранда дүниеге келген, Бағдад қаласында өмірден өткен.

*Ибн Мұқаффаъ*тың еңбегі "يا طالب الآدب اعرف الوصول و الفروع، فان كثير من الناس يطلبون الفروع من اضاعة الوصول فلا يكون دركهم دركا. و من أحرز الوصول اكتفى بها. فان من أصاب الفرع بعد احراز الأصل فهو أفضل" (Ей, әдеп ілімін үйренуші! Алдымен негіздерді (усул) меңгер, сосын салаларын үйрен. Адамдардың көбі усулды білмей жатып, салаларын үйренгісі келеді. Сол себепті де, түпсіз тұңғиыққа батады. Кімде-кім негіздерді меңгере алса, оған сол жеткілікті. Негізді білгеннен кейін салаларын үйренсе, ол тіпті абзал...) (Süleymaniye, 106 п/А) деп басталады.

Еңбектің соңында: "و لكن أخذ القليل خير من ترك الجميع، تم عبد الله الكلام بن المقفع" (дегенмен, азға да болса ие болу бәрін тәрк еткеннен жақсы. Абдулла ибн Мұқаффаъ сөзі тәмәм) (Süleymaniye, 117 п/Б) делінген.

Осы жинақтағы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармасы қолжазбаның 117-128 парақтарының арасында көшірілген. *Басмала* айтылмаған. Шығарма бірден: "**وهذا كلام أبي نصر الفارابي** في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Бұл Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі) деп басталған.

Әрі қарай мәтін былайша жалғасады: "قال كل ‘‘ وَاحِد من النَّاس مَتى ما رَجَعَ إِلَى نَفسه وَتَأمل أحوالها وأحوال غَيره من **أَفْنَاء** النَّاس وجد نَفسه فِي رُتْبَة يشركهُ فِيهَا طَائِفَة مِنْهُم وَوجد فَوق رتبته طَائِفَة مِنْهُم أَعلَى منزلَة مِنْهُ بِجِهَة أَو بجهات وَوجد دونهَا طَائِفَة هم أوضع مِنْهُ بِجِهَة أَو جِهَات" (айтты әрбір адам баласы өз-өзіне үңіліп, өзінің және өзгелердің хәліне терең зер салған кезде өзінің белгілі бір адамдар тобымен ортақ дәрежеде екенін, енді бір топтың лауазым жағынан өзінен бір қырынан немесе барлық қырынан жоғары тұратынын, келесі бір топ адамдарының бір немесе бар жағынан өзінен төмен тұратынын көре алады...) (Süleymaniye, 117 п/Б).

Соңында: "و قال لمّا ◌َسُئِلَ بِمَاذَا ينْتَقم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن تزداد فضلا" (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы) (Süleymaniye, 128 п/А.) сөйлемімен трактат аяқталған. Ayasofya (2818) нұсқасындағы трактаттың соңында келетін:

"**تمت وصايا الشيخ أبي نصر**" (Шейх Әбу Насырдың өсиеттері аяқталды) сөйлемі бұл нұсқада кездеспейді.

4-сурет – Süleymaniye Kütüphanesi Aşir Efendi 286 нөмірлі нұсқаның сыртқы мұқабасы
كتاب جاودان خرد في الأدابيات للحكيم المحقّق و المدقّق الكامل أحمد بن محمد مسكويه
(Кәміл хәкім Ахмад бин Мухаммад Мискуаиһтің әдеби *Жауидан хард* кітабы)

5-сурет – Süleymaniye Kütüphanesi Aşir Efendi 286 нөмірлі нұсқадағы
әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (117 п/Б)
وهذا كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس
(Бұл Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі)

3. Leiden University Library Лейден 381 (640) нөмірлі нұсқа

Келесі нұсқа Лейден университеті кітапха–насында 381 нөмірімен тіркелген. Көшірілген мерзімі *нижри* 729 жыл. Көшіруші *әл*-Хасан ибн Әли ат-Таийб ас-Санжари екені айтылған. Парақ саны – 238. Әр беттегі қатар саны – 15. Қолжазба анық етіп көшірілген. Жазу түрі – *насх.*

Кітаптың мұқабасында "كتاب جاويدان خرد و ما ضم إليه أحمد مسكويه"(Жаудан хард кітабы және

Ахмад Мискауаиһтің оған қосқандары) деп жазылған. Бұл ибн Мискауиаһтің (جاويدان) "خرد (Мәңгілік даналық) еңбегінің тағы бір қолжазба нұсқасы.

Әл-Фарабидің шығармасы қолжазбаның 193-208 парақтарының арасында жазылған. Трактат жинақтың 193/Б парағынан **"كلام أبي نصر الفارابي** في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын табысқа жеткізетін өсиеттер сөзі) деп басталған.

Трактат 208/А парақта: "و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا يُنْتَقَم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن تزداد فضلا (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы) сөйлемінен тәмамдалған (Leiden, 208/A).

6-сурет – Leiden University Library 381 (640) нөмірлі нұсқадағы
әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (193 п/Б)
"كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس"
(Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын
табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі)

4. Biblioteca Apostolica Vaticana 408 нөмірлі нұсқа

Ватикан кітапханасында 408 нөмірімен тіркелген. Хатқа түскен мерзімі 741, *һижри*. Парақ саны – 226. Әр беттегі қатар саны – 14. *Насх* хатымен көшірілген. Әріптері анық. Жазу өлшемі 15 см, көлемі 8,9 см. Соңында: «*һижри* 741-жылдың мухаррам айының 11 күні Алла Тағаланың көмегімен «*Жауидан хард*» кітабы аяқталды. Көшірген Насрулла бин Махмуд ад-Дамғани» (Biblioteca Apostolica Vaticana, 226 п/А) делінген. Бұл да «*Жаудан хардтың*» (جاويدان خرد (جاودان)бір нұсқасы.

Әл-Фарабидің еңбегі қолжазбаның 191-205 парақтарының аралығында көшірілген. Атауы: **"كلام أبي نصر الفارابي** في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі) деп көрсетілген.

Трактат 205/Б парақта: "و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا يُنْتَقَم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن يزداد فضلا (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы) сөйлемінен тәмамдалған (Biblioteca Apostolica Vaticana, 205 п/Б).

7-сурет – Biblioteca Apostolica Vaticana 408 нөмірлі нұсқадағы
әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (191 п/Б)
كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس
(Әбу Насыр әл-Фарабидің адам таптарының ішінен қолданғандардың барлығын
табысқа жеткізетін өсиеттер (жайлы) сөзі)

5. Ayasofya 1747 нөмірлі нұсқа

Стамбулдағы Айясофия кітапханасында (инвентарлық нөмірі 1747) **"فصل من كلام أبي نصر الفارابي** في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Әбу Насыр әл-Фарабидің барлық адам таптарының ішінен қолданғандарды табысқа жеткізетін өсиет жайлы сөздерінен бөлім) атауымен сақталған нұсқа. Қолжазба жоғарыда айтып кеткен ортағасырлық ғалым ибн Мискауаиhтің ғылымға "جاويدان (جاودان) خرد" (Мәңгілік даналық) атымен танылған еңбегі арқылы бізге дейін жеткен. Парақ саны – 271.

Әл-Фарабидің трактаты қолжазбаның 204-219 парақтарының арасында жазылған. Сырты күрең түсті картон тыспен қапталған. Мұқабасында "كتاب جاودان خرد من قبل التصوف" (Сопылыққа дейінші *Жауидан хард* кітабы) делінген. Алғашқы бетіне екі, соңғы бетіне бір мөр ұрылған. Кітаптың бөлімдері мен шығарма атаулары, тақырыпшалар қою қызыл сиямен ірі етіп көшірілген. Көлемі – 509,1×392,6 мм. Әр бетте 13 қатар жазу бар. Қорытынды сөз берілген. Көшірілген мерзімі мен көшірушінің аты жазылмаған. Еңбек мәтіні толық сақталған.

Басмала (бисмиллаhи-р рахмани-р рахим) жазылмаған. Еңбектің аты айтылғаннан кейін шығарма бірден басталған: "قال كل وَاحِد من النَّاس مَتى ما رَجَعَ إِلَى نَفسه وَتَأمل أحوالها وأحوال غَيره من أَفنَاء النَّاس وجد نَفسه فِي رُتْبَة يشركهُ فِيهَا طَائِفَة مِنْهُم وَوجد فَوق رتبته طَائِفَة مِنْهُم أَعلَى منزلَة مِنْهُ بِجِهَة أَو بجهات وَوجد دونهَا طَائِفَة هم أوضع مِنْهُ بِجِهَة أَو جِهَات" (айтты: әрбір адам баласы өз-өзіне оралып, өзінің және өзгелердің хәліне терең зер салған кезде өзінің белгілі бір адамдар тобымен ортақ дәрежеде екенін, енді бір топтың лауазым жағынан өзінен бір қырынан немесе барлық қырынан жоғары тұратынын, келесі бір топ адамдарының бір немесе бар жағынан өзінен төмен тұратынын көре алады) (Ayasofya, 204 п/А).

Қорытынды сөзі қолжазбаның 218-парағынан былай берілген: "وَنحن الْآن ذاكرون من أقاويل القدماء وَأهل الْفضل **شطر**يصير خَاتِمَة لقولنا هَذَا فَإِن للحكايات والنوادر والأمثال فِي مثل هَذَا الْفَنّ غناء عَظِيما" (Енді осы айтқандарымызға қорытынды ретінде бұрынғылардың және ізгілік иелерінің айтқандарынан келтіреміз. Шынында, осы өнердегі (жанрдағы) хикаяттар, қызықты әңгімелер мен тәмсілдерде зор байлық бар) (Ayasofya, 218 п/Б).

Трактаттың соңы мына сөйлеммен тәмамдалған: "و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا ينْتَقم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن **يزداد** فضلا" (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы) (Ayasofya, 219 п/Б). Трактат мәтіні толық сақталған.

8-сурет – Ayasofya 1747 нөмірлі нұсқаның сыртқы мұқабасы
كتاب جاودان خرد من قبل التصوف (Сопылыққа дейінші *Жауидан хард* кітабы)

9-сурет – Ayasofya 1747 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (204 п/А)
فصل من كلام أبي نصر الفارابي في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس
(Әбу Насыр әл-Фарабидің барлық адам таптарының ішінен қолданғандарды
табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзінен бөлім)

6. Ayasofya 4855 нөмірлі нұсқа

Бұл "كلام أبي نصر الفارابي قدس سره في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس" (Әбу Насыр әл-Фарабидің (жатқан жері жайлы болсын) барлық адам таптарының ішінен қолданғандардың бәрін табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі) деп басталатын нұсқа. Қолжазба 294 беттен тұратын жинақ ретінде сақталған. Сырты қоңыр түсті тері қаппен қапталған. Жинаққа бірнеше автордың шығармасы енген. Ол шығармаларды әр жылдары әртүрлі адам көшіргендіктен жазу түрі де, көшірілген мерзімдері де әртүрлі. Қолжазбада хатқа түскен мерзімі деп бірнеше жыл көрсетілген: 179-парағында – *hижри* 713 жылы, 200-парағында – *hижри* 721, 290-парағында *hижри* 733 жылдың 23-*шәууәл* айы делінген.

Сырты мұқабасында "مجموعة الكتب في الحكمايات و غيرها " (Даналықтар және өзге де нәрселер жайлы кітаптар жинағы) екені жазылған (Ayasofya 4855). Жазу түрі – *насх*. Қара сиямен өте ұқыпсыз көшірілген. Қолжазбаға енген шығармалардың кейбір параграфтары, тақырыпшалары қызыл сиямен жазылған. Жақша ішінде көптеген түзетулер берілген. Әр бетінде 16-19 қатар жазу бар.

Жинаққа Әбу Насыр әл-Фарабидің үш трактатының қолжазбасы енген.

Алғашқысы біз зерттеп отырған трактат. Ол "كلام أبي نصر الفارابي **قدس سره** في وصايا" (Әбу Насыр әл-Фарабидің (жатқан жері жайлы болсын) өсиеттер жайлы сөзі) деп басталады. Мәтін жинақтың 61-62 парақтарында жазылған. Әр бетте 18 қатар жазу бар. Сөйлемдегі әріптер ноқатсыз көшірілген. Трактат мәтіні толық сақталмаған.

Басы: "كلام أبي نصر الفارابي **قدس سره** في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من **جميع** طبقات الناس" كل وَاحِد من النَّاس مَتى ما رَجَعَ إِلَى نَفسه وَتَأمل أحوالها وأحوال غَيره من أفنَاء النَّاس وجد نَفسه فِي رُتْبَة يشركهُ فِيهَا طَائِفَة مِنْهُم وَوجد فَوق رتبته طَائِفَة

مِنْهُم أَعلَى منزلَة مِنْهُ بِجِهَة أَو بجهات وَوجد دونهَا طَائِفَة هم أوضع مِنْهُ بِجِهَة أَو جِهَات" (Әбу Насыр әл-Фарабидің барлық адам таптарының ішінен қолданғандардың бәрін табысқа жеткізетін өсиеттер сөзі, ол айтты: әрбір адам баласы өз-өзіне оралып, өзінің және өзгелердің хәліне терең зер салған кезде өзінің белгілі бір адамдар тобымен ортақ дәрежеде екенін, енді бір топтың лауазым жағынан өзінен бір қырынан немесе барлық қырынан жоғары тұратынын, келесі бір топ адамдарының бір немесе бар жағынан өзінен төмен тұратынын көре алады) (Ayasofya, 61 п/А) делінген.

Трактаттың басындағы "كلام أبي نصر الفارابي" (Әл-Фарабидің сөзінен) кейін келіп тұрған **"قدس سره"** (жатқан жері жайлы болсын) тіркесі трактаттың өзге нұсқаларында кездеспейді. Трактат 62-парақта былай аяқталған:

"كَانَ يَنْبَغِي أَن يحصل فِيهِ فَضِيلَة لاشتغاله بالاحتيال لردها عَمَّا تحركت نَحوه وفاتته تِلْكَ الْفَضِيلَة

(және сол аралық ішінде ізгілікке ие болуы керек болған бар уақытын алдамшы нәрседен нәпсісін кері қайтарумен әуре болып жүргенде өткізіп алады. Сөйтіп ізгілікті қолдан шығарып алады) (Ayasofya, 62 п/Б).

Бұл трактаттың "كلام أبي نصر الفارابي في وصايا" (Әбу Насыр әл-Фарабидің өсиеттер жайлы сөзі) атымен сақталған небәрі екі беттен тұратын нұсқасы.



10-сурет – Ayasofya 4855 нөмірлі нұсқаның сыртқы мұқабасы
مجموعة الكتب في الحكمايات و غيرها (Даналықтар және өзге де нәрселер жайлы кітаптар жинағы)



11-сурет – Ayasofya 4855 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби трактаты (62 п/А/Б)
"كلام أبي نصر الفارابي قدس سره في وصايا يعم نفعها جميع من يستعملها من طبقات الناس"
(Әбу Насыр әл-Фарабидің (жатқан жері жайлы болсын) барлық адам таптарының ішінен қолданғандардың бәрін табысқа жеткізетін өсиеттер жайлы сөзі)

7. Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III 3195/5 нұсқасы

Стамбулдағы (Түркия) Топкапы сарайы Ахмед III кітапханасында "الموعظة" (Уағыз) деген атпен (инвентарлық нөмірі 3195/5) сақтаулы. Көшірілген мерзімі *hижри* 879/1501 *милади* (9/16 ғасыр) деп көрсетілген. Қолжазбаны көшірушінің аты-жөні *Шамс ад-Дин ал-Құдси*. Бұл да жинақ ретінде сақталған.

Әл-Фарабидің шығармасы жинақтың 168-189 парақтарының арасында жазылған. *Насх* жазуымен көшірілген. Көлемі – 13×18 см. Әр

бетінде 14-15 қатар жазу бар. Қорытынды сөзі бар. Трактат мәтіні толық сақталған.

Шығарма *басмаламен (бисмиллаһи-р рахмани-р рахим)* басталған. *Басмаладан* кейін: **"قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضي الله عنه في الموعظة** كل وَاحِد من النَّاس مَتى ما رَجَعَ إِلَى نَفسه وَتَأمل أحوالها وأحوال غَيره من أَفنَاء النَّاس وجد نَفسه فِي رُتْبَة يشركهُ فِيهَا طَائِفَة مِنْهُم وَوجد فَوق رتبته طَائِفَة مِنْهُم أَعلَى منزلَة مِنْهُ بِجِهَة أَو بجهات وَوجد دونهَا طَائِفَة هم أوضع مِنْهُ بِجِهَة أَو جِهَات (Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби (Алла оған разы болсын!) әл-Мауъизада былай деді: әрбір адам баласы өз-өзіне үңіліп, өзінің және өзгелердің хәліне терең зер салған кезде өзінің белгілі бір адамдар тобымен ортақ дәрежеде екенін, енді бір топтың лауазым жағынан өзінен бір қырынан немесе барлық қырынан жоғары тұратынын, келесі бір топ адамдарының бір немесе бар жағынан өзінен төмен тұратынын көре алады) (Topkapı Sarayı, 168 п/А.) делінген.

Қорытындысы қолжазбаның 181-парағынан басталған: "وَنحن الْآن ذاكرون من أقاويل القدماء وَأهل الْفضل شطرا يصير خَاتِمَة لقولنا هَذَا فَإِن للحكايات والنوادر والأمثال **فِي هَذَا الْفَنّ** غناء عَظِيما" (Енді осы айтқандарымызға қорытынды ретінде бұрынғылардың және ізгілік иелерінің айтқандарынан келтіреміз. Шынында, осы өнердегі (жанрдағы) хикаяттар, қызықты әңгімелер мен тәмсілдерде зор байлық бар) (Topkapı, 181 п/А.). Мұндағы "**فِي هَذَا الْفَنّ**" деген тіркесте алдыңғы екі нұсқада (Süleymaniye 286, Ayasofya 2818) кездесетін **"مثل"** (осы сынды, осындай) сөзі берілмеген.

Соңында "و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا ينْتَقم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن تزداد فضلا " (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы) сөзімен әл-Фарабидің трактаты тәмамдалған (Topkapı Sarayı, 189 п/А.). Одан әрі "تمت وصايا الشيخ أبي نصر **و الحمد لله"** (шейх Әбу Насырдың Өсиеттері тәмәм болды, Аллаға мадақ) (Topkapı, 189 п/А.) делініп шығарма аяқталған. Осы сөйлемдегі **"و الحمد لله"** (Аллаға мадақ) сөзі бұған дейінгі нұсқаларда кездеспейді.

Жинақтағы келесі қолжазба *Әбу-л Хасан әл-Амаридікі* (302 – 381 *hижри*/ 913 – 992 *милади*). "من وصايا العامري و آدابه"(әл-Амари өсиеттері және мен әдептері) деп аталады. Қолжазбадағы орны 189–198-ші парақтар арасы.

Жинақтың соңында: "تم الكتاب بعون الله تعالي و حسن توفيقه...كتبه أضعف عباد الله و أحواجهم الى عفوه و غفرانه شمس الدين القدسي حامدا لله تعالي...و كان الفراغ منه في خامس عشر من رمضان المعظم من سنة تسع و سبعين و ثمانمائة هجرية" (кітап Алла Тағаланың көмегімен және тауфиқ етуімен тамам болды...[кітапты] жазған Аллаға деген құлшылығы әлсіз, Оның кешірімі мен аяушылығына мұқтаж Шамс ад-Дин ал-Құдси. Һижри 879-жылы ұлық Рамазанның 15-ші жұлдызында аяқтады) (198 п/А) деген мәлімет бар. Қолжазбаның соңғы парағына бір мөр ұрылған.

12-сурет – Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III 3195/5 нұқасындағы әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (168 п/А/Б)

بسم الله الرحمن الرحيم

قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضي الله عنه في الموعظة

(Бисмиллаһи-р рахмани-р рахим) (Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби (Алла оған разы болсын!) әл-Мауъизада былай деді

13-сурет – Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III 3195/5 нұқасындағы
әл-Фараби трактатының соңғы парағы (189 п/А)
تمت وصايا الشيخ أبي نصر و الحمد لله
(шейх Әбу Насырдың Өсиеттері тәмәм болды, Аллаға мадақ)

8. The Institute of Arabic Manuscripts 382 нөмірлі нұсқасы

Египет Араб республикасы Каир қаласындағы «Араб қолжазбалары институты» (The Institute of Arabic Manuscripts) қолжазба қорының философия өнері бөлімінде 382 нөмірімен сақтаулы. Бұл микрофильмдік нұсқа. Парақтары өшкін тартқан ескі. *Әбу-л Хасан ибн Юсуф әл-Амаридің* "من وصايا أبي الحسن العامري و آدابه" (Әбу әл-Хасан әл-Амари өсиеттері және мен әдептері) еңбегімен бірге сақталған.

Микрофильм лентасының алғашқы парағында «Кітапхана: Ахмед III, қолжазбаның нөмірі: 3195/3, кітаптың аты: Әл-Мауъиза, авторы: Әбу Насыр әл-Фарабидікі, көшірілген ай-күні: 879, насх жазуымен Шам ад-Дин ал-Құдси хатқа түсірді, парақ саны: 33, көлемі 14x18 см» إسم 3195:(المكتبة: أحمد الثالث. رقم المخطوطة الكتاب: الموعظة، إسم المؤلف: لأبي نصر الفارابي، تاريخ النسخ: 879 بقلم نسخ جميل بخط شمس الدين القدسي، عدد الورق: 33، القياس: 18/14 سم) деген мәлімет келтірілген (қолжазба, 167 п/А). Бұл нұсқа аталған «Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III – 3195/3» нұсқасының микрофильмдік көшірмесі екені анық. Екеуінің айырмасы: бірі – қолжазба түрінде, екіншісі – микрофильмде сақталғандығында. Қолжазбаның электронды нұсқасының Каирдегі «Араб қолжазбалары институтына» қай жылы, қалай келіп түскені туралы мәлімет кездеспейді.

9. Ayasofya 1957 нөмірлі нұсқа

Айясофия кітапханасында (Түркия) "رسالة في الأخلاق للفارابي" (Әл-Фарабидің ахлақ жайлы трактаты) деген атпен сақталған нұсқа. Бұл да жинақ ретінде сақталған. Жинақтың мұқабасында "كتاب الطهارة في تهذيب الأخلاق لإبن مسكويه و رسالة في الأخلاق للفارابي" (Ибн Мисакауаиһтің ахлақты түзетудегі таһарат (тазалық) кітабы және әл-Фарабидің ахлақ трактаты) деп жазылған. Ибн Мискауаиһтың бұл еңбегі ғылымға "كتاب تهذيب الأخلاق و التطهير الأعراق" (Ахлақты түзету және түптамырларды тазалау) атымен танымал.

Қолжазбаның хатқа түскен мерзімі "العشر الأوائل من شهر ربيع الاول المبارك من تسع سبعين و ثمانمائة " (879 жылдың қасиетті *рабиъ ал-аууал* айының алғашқы ондығында) екені жазылған. Яғни *һижри* 879/*милади* (9/16 ғасыр). Қолжазба қою сиямен анық етіп көшірілген. Жазу түрі – *насх*. Парақ саны – 150. Әр беттегі қатар саны – 17 ні құрайды.

Әл-Фарабидің еңбегінің атауы қолжазбаның 127-парағында (А) "رسالة في الأخلاق للشيخ الفارابي و فيه أيضا وصايا للشيخ العامري" (Шейх әл-Фарабидің ахлақ трактаты және онда шейх әл-Амаридің өсиеттері де бар) деп жазылған. Яғни әл-Фарабидің еңбегі аяқталған жерден әл-Амари еңбегі жалғасатынын білдіреді.

Жинақтың келесі парағынан бастап (128 п/Б), *бәсмала* айтылғаннан кейін "قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضى الله عنه في الموعظة" (Екінші ұстаз Әбу Насыр әл Фараби (Алла оған разы болсын) әл-Мауъизада былай деді) деп шығарма басталады. Трактат жинақтың 128-138 парақтарының арасында жазылған. Көшірушінің аты көрсетілмеген. Жинақтың мұқабасына 3 мөр, соңына 1 мөр ұрылған.

Қолжазбаның 138-парағында қорытындысы берілген: "وَنحن الْآن ذاكرون من أقاويل القدماء وَأهل الْفضل شطرا يصير خَاتِمَة لقولنا هَذَا فَإِن للحكايات والنوادر والأمثال فِي مثل هَذَا الْفَنّ غناء عَظِيما" (Енді осы айтқандарымызға қорытынды ретінде бұрынғылардың және ізгілік иелерінің айтқандарынан келтіреміз. Шынында, осы өнердегі (жанрдағы) хикаяттар, қызықты әңгімелер мен тәмсілдерде зор байлық бар) (Ayasofya, 138 п/А.).

14-сурет – The Institute of Arabic Manuscripts 382 нөмірлі нұқасындағы
әл-Фараби трактатының алғашқы парағы(168 п/А/Б)
بسم الله الرحمن الرحيم
قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضي الله عنه في الموعظة
(Бисмиллаһи-р рахмани-р рахим)
(Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби (Алла оған разы болсын) әл-Мауъизада былай деді

15-сурет – The Institute of Arabic Manuscripts 382 нөмірлі нұқасындағы
әл-Фараби трактатының соңғы парағы (189 п/А)
تمت وصايا الشيخ أبي نصر و الحمد لله
(шейх Әбу Насырдың Өсиеттері тәмәм болды, Аллаға мадақ)

Соңында "و قال لمّا سُئِلَ بِمَاذَا يِنْتَقِم الْإِنْسَان من أعدائه و بأي شيئ يغيظهم قال بِأَن تزداد فضلا "تمت وصايا الشيخ أبي نصر" (адам баласы дұшпандарынан қалай кек қайтара алады не істеу арқылы олардың ашу-ызасын тудыра алады деп сұраған кезде былай деді: ізгілікті арттыру арқылы. Шейх Әбу Насырдың өсиеттері аяқталды) сөзімен әл-Фарабидің трактаты тәмамдалған (Ayasofya, 138 п/Б).

Әл-Фарабидің шығармасы аяқталған жерден (138-парақ) "من وصايا العامري و آدابه" (Әл-Амари өсиеттері мен әдептері) еңбегі жалғасады. Трактат 150-парақта аяқталған.

16-сурет – Ayasofya 1957 нөмірлі нұсқаның сыртқы мұқабасы
كتاب الطهارة في تهذيب الأخلاق لإبن مسكويه و رسالة في الأخلاق للفارابي
(Ибн Мисакауаиһтің ахлақты түзетудегі таһарат
(тазалық) кітабы және әл-Фарабидің ахлақ трактаты)



17-сурет – Ayasofya 1957 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби еңбегінің атауы:
رسالة في الأخلاق للشيخ الفارابي و فيه أيضا وصايا للشيخ العامري
(Шейх әл-Фарабидің ахлақ трактаты және мұнда шейх әл-Амаридің өсиеттері де бар)

18-сурет – Ayasofya 1957 нөмірлі нұсқадағы әл-Фараби трактатының алғашқы парағы (128 п/А/Б)
بسم الله الرحمن الرحيم قال المعلم الثاني أبو نصر الفارابي رضي الله عنه في الموعظة
(Бисмиллаhи-р рахмани-р рахим) (Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби
(Алла оған разы болсын) әл-Мауъизада былай деді



19-сурет – Ayasofya 1957 нөмірлі нұсқасындағы әл-Фараби
трактатының соңғы парағы (138 п/Б)
تمت وصايا الشيخ أبي نصر(шейх Әбу Насырдың Өсиеттері тәмәм болды)

10. Topkapı Sarayı Müzesi Kütüphanesi Ahmed III 3185/4 нұсқасы

"المقالة في السياسة" (Саясат жайлы шығарма) деген атпен тіркелген 3185/4 нөмірлі нұсқа. Әл-Фарабидің жазба мұрасы бірнеше автордың еңбегінен тұратын жинақтың 241-263 парақтарының арасында жазылған. Жинақтың парақтары қалың, сыртқы мұқабасы сұр түсті картонмен қапталған. Алғашқы бетіне үш мөр ұрылған. Қолжазба *насх* жазуымен, ірі әріптермен анық етіп көшірілген. Кейбір әріптердің ноқаттары жазылмаған. Хатқа түскен мерзімі *hижри* 884/*милади*1508 (9/16 ғасыр) делінген.

Бұл нұсқаның басқа нұсқалардан ерекшелігі трактаттың жазылу **мақсаты** туралы кіріспе сөз берілгендігінде. Көлемі 175×120 мл. Әр беттегі жазу 11 қатарды құрайды. Мұқабасында "مجموعة الرسائل" (Трактаттар жинағы) деп жазылған. Жинаққа төрт автордың еңбегі енген.

Бірінші еңбек *ибн Мискауаиhтің* (320-421*hижри* /929-1030 *милади*) этика жайлы жазылған "الفوز الأصغر" (Кіші жеңіс) еңбегі.

Екінші қолжазба "رسالة الفراسة" (Зеректік туралы трактат) еңбегі. Авторы берілмеген.

Үшінші қолжазба "الملتقطات من كلام أفلاطون" (Платонның айтқандарынан үзінді) делінген. Авторы көрсетілмеген.

Төртінші қолжазба Әбу Насыр әл-Фарабидің біз зерттеп отырған "المقالة في السياسة" (Саясат жайлы шығарма).

Әл-Фарабидің «Саясат жайлы шығармасы» басталған парақтың (Topkapı, 241 п/А) бас жағында оюлы өрнектермен "بسم الله تمنا بذكره" (Алланың атымен Оны еске алғымыз келеді) деп жазылған.

Трактаттың басында: "المقالة في السياسة لأبي نصر الفارابي رحمه الله"(Әбу Насыр әл-Фарабидің (Алланың оған рақымы болсын!) Саясат жайлы

шығармасы) делініп, әрі қарай кітаптың жазылу мақсатын баяндайтын кіріспе сөз жалғасады:

"قصدنا فِي هَذَا القَوْل ذكر قوانين السياسة يعم نَفعهَا جَمِيع من استعملها من طَبَقَات النَّاس فِي متصرفاته مَعَ كل طَائِفَة من أهل طبقته وَمن فَوْقه وَمن دونه على سَبِيل الإيجاز والاختصار على أَنه لَا يَخْلُو قَوْلنَا هَذَا من ذكر مَا تخْتَص بِاسْتِعْمَالِهِ طَائِفَة دون طَائِفَة وَوَاحِد دون وَاحِد مِنْهُم فِي وَقت دون وَقت وَمَعَ قوم دون قوم إِذْ الْوَاحِد من النَّاس لَا يُمكنهُ أَن يسْتَعْمل فِي كل وَقت مَعَ كل أحد كل ضرب من ضروب السياسة ويقدم لذَلِك مُقَدمَة مِنْهَا أَن يقُول" (Бұл [еңбекті] сөз етудегі мақсатымыз адам таптарының барлығы өзіне қарасты тапқа, ол таптың әрбір тобына, сондай-ақ, өзінен үстін және өзінен төмен тұрған таптарға қарата қолдануды өмірлік ұстаным-дарына айналдырған кезде табысқа кенелтетін саясат заңдарына қысқаша тоқталу. Сонымен қатар, бұл сөзімізде әр топтың және әрбір адамның, әр уақытта, әрбір қауымға қатысты жеке-жеке қолданатын саясат түрлері де аталып өтетін болады. Өйткені бір адамның саясаттың барлық түрін барлық адамға, барлық уақытта қолдана беруі мүмкін емес. Сондықтан ол былай деп айту үшін кіріспе беріп отыр) (Topkapı, 241 п/Б).

Бұл кіріспе сөз трактаттың өзге нұсқаларында кездеспейді.

(2) baba aydı ki iki yüz yıl boldı dālebnezāl meni senij üçün bu yėrde tilesim ėtip qoydı (239b/3-6)

7. *Ruhbān* is a name of non-muslim`s sheyh. Haji Omer made himself Ruhban and went to Jemshid-shah: *ruhbān dėgen āhen-rübāda tört yüz lāt manātnıŋ şėyhi bar ėrdi* (183b/8-10).

8. *Lat-Manat* used to be pre-Islamic Arabian goddess worshipped under various associations throughout the entire Arabian Peninsula: *taġda anı tört yüz lāt manāt putı bar ėrdi* (132b/6-7).

In conclusion according to the research that was made there are 23 proper names of other religion which were six kings and seventeen pronoun names of their worriors. Moreover, in the manuscript there are also names of non-muslims` figures who are mentioned few times: *Shahbaz Cadu, Lendhur, Shah-i Emlaq* (şāh-ı emlāq), *Kerābfjl, Sarūbāl, Cumhūr*, *Qahmas shah, Qaharmān*, *baba-yi baġbān* (a person who saw Sad-i Vakkas and Malik-i Ejder), *Helāhelqātjl* (The worrior of Cemshid-shah), *Shahduz* (The warrior of Qahmas-shah), *Qaydūn* (The warrior of Qahmas-shah), *Ebū'l ĥakjm* (The worrior of Salsal-shah), *Lendhūr* (The worrior of Jemshid-Shah) *Semender pehlivan* (a worrior of Firuzshah), *Samandūn pehlivan* (worrior of non-muslim army), *Nevāfil pehlivan* (worrior of non-muslim army), *Shamar pehlivan* (the warrior of Qattarul Ayn), *Shemr* (warrior of Jemshid-Shah), *Manāf* (worrior of Jemshid-Shah), *Shabrank Ayyar* (Jemshid shah`s servant) etc.

Table 2 – Some pronoun names of other religion

No.	Pronoun-name	Times	description	Example:
1	Shah-i Emlaq (şāh-ı emlāq)	7	The warrior of Jemshid-Shah's army	iki yüz miŋ kişige şāh-ı emlāq baş bolup kėldi şāh-ı emlāq özi andaġ pehlevān ėrdi ki zerbige taş taqt qılmas ėrdi (137a/3-7)
2	Semender pehlivan	3	The warrior of Firuzshah's army	el-qiśśa fjrūzşāh leşkeridin semender dėgen pehlevān at sekretip mėydānġa kirdiler (139a/7-9)

Continuation of the table

No.	Pronoun-name	Times	description	Example:
3	Samandūn pehlivan	2	The warrior of non-muslim army	kāfirlerdin semendūn dėgen mėydānġa kirip birbiriġa nėyze Ĥavāle qıldılar (139a/10-11) ėrtesi yine mėydānġa kirdiler samandūn dėgen kāfir öz atıġa ŧabl-ı cenk qaqıp mėydānġa kirdi (140a/9-11-140b/11)
4	Nevāfil pehlivan	2	The warrior of non-muslim army	kāfir ŧarafıdın nevāfil dėgen pehlevān aŧ sekretip mėydānġa kirdi (114b/3-4)
5	Şamar pehlivan	3	The warrior of Qattarul Ayn`s army	ol ŧaraftan kāfir leşker ŧabl-ı cenk qaqıp kāfirlerdin şamar dėgen mėydānġa kirdi (100a/3-5)
6	Qahmas shah	24	One of the non-muslim kings	qahmās şāh vehm-nāk bolup leşkerġa ħaber bėrdi (209a/1-2)
7	Şemr	2	The warrior of Jemshid-Shah's army	şemr dėgen kāfir mėydānġa kirdi (172a/3-4)
8	Manāf	5	The warrior of Jemshid-Shah's army	cemşįd şāh buyurdı kim manāf pehlevānnı alıp kėliŋler bu leşkerni nābūd qılsun dėdi (172b/1-3) abū-saǾįdnı ... havāge atıp yiberdi...
9	Kerābfįl	8	One of Śalśal`s 99 sons	śalśal laǾįn ... kerābfįl dėgen oġlını çaqırıp alıp toqsan miŋ pehlevān qoşup yiberdi (210b/6-10)
10	Şāhduz	1	The warrior of Qahmas-shah`s army	şāhduz dėgen pehlevān nāmdār bar ėrdi on iki miŋ leşkerge serdār ėrdi
11	Qaydūn	1	The warrior of Qahmas-shah`s army	Kāfirlerdin qaydūn dėgen mėydānġa kirdi baqırıp çaqırdı kim menim pehlevān delħūn deryā-yı nahank çehūn (213b/9-11-214a/1)
12	Sarūbāl	8	One of Śalśal`s 99 sons	śalśal laǾįn ... sarūbāl dėgen oġlunı yėtmiş miŋ pehlevān birlen köp zarziver birlen sėyįl zemįnge yiberdi (217b/7-10)
13	Qaharmān	1	One of non-muslim	cemşįd şāh ... qaharmān dėgen pādişāhge qaçıp kėtip ėrdi (221b/6-9)
14	Ebū'l Ĥakįm	1	The warrior of Salsal-shah`s army	śalśal aydı andaġ bolsa ebū'l Ĥakįmni öldürġan sen musın (226a/7-9)
15	Cumhūr	15	The worrior of Cemshid-shah. According to the story he faught with Malik-i Ejder and was defeated.	cemşįd şāh ... aydı ki hāyhāy kim bolġan maǾreke-i mėydānġa kirip cumhūr birle talaş qılsa ve her qaysı anı yıqsa qızım melįke-i gülçehreni aŋa bėrir-men (154a/1-7)
16	Helāhelqātįl	2	The worrior of Cemshid-shah.	helāhel qātįl dėgėn bir pehlevān bar ėrdi mėydānġa kirip dest-i begerįbān tutuştılar (154b/4-6)
17	şabrank Ǿayyār	4	A Jemshid shah`s servant who took a letter to Shahbaz Cadu was caught by Haji Omer	cemşįd şāh ... nāme yazıp şabrank Ǿayyārnı yiberdi şabrank Ǿayyār anı alıp revāne boldı (189b/2-4)
18	Lendhūr	2	The warrior of Jemshid-Shah's army	kāfirlerdin lendhūr dėgen mėydānġa kirdi (170a/4-5)
19	şahbāz cādū	17	One of Jemshid shah`s worrior. According to the story Haji Omer played a trick on him shaving his beard, eyebrow and eyelash and painting his face.	ħʷācı Ǿömer ism-i aǾžįm oqup şahbāz cādūnı iħtiyārını alıp saqal burunlarını tıraşlap qaş küfürkin zįrnįq birlen tögüp yüzin yüz türlük renk birle boyadı (198a/5-11) iki ŧarafdın iki leşker mėydānġa kirdi el-qiśśa şahbāz bahādür bir şįr minip mėydānġa kirdi bu ŧarafdın Ĥażret-i saǾd-ı vaqqāś (199a/8-11)
20	baba_yı baġbān	1	A person who saw Sad-i vakkas and Malik-i Ejder	sizlerni munda kėlgenleriŋizni baba-yı baġbān körgen iken barıp pādişāhġa aydı (95a/2-4)

As we mentioned above literature onomastic studies can give to readers an essential information about not only history but also about changing of events and united or contributed some events to each other. It always will awake a curiousity not only of us, but also of next generation in general. As Maria Cândida Trindade Costa de Seabra claimed at her article about onomastic: "Names of people and places are products of a system of denomination that reflect the way of life of a given culture and how this represents their values" (Maria, 2018: 995).

Conclusion

The study of the anthroponym in old manuscripts is still a relevant topic which requires more research. According to the research that was made we can point folowing information:

1) According to the research, most of hostilities in the manuscript occur in Iran and Central Asia, which means that Turkic literature was influenced by Persian mythology;

2) our manuscript is not only a religious but also mythological epic with not exactly geographical data;

3) The onomastic space of our religious manuscript includes 63 anthroponyms (24 proper names of Muslims, 10 nicknames and 29 proper names of other religion).

4) The main character is Hz.Ali, who returns to Mecca with other Companions after all battles. However, from the structural analysis of the character system, two groups of characters were identified: central (11 names) and secondary (46 names). Both of those characters represent "functions" (a set of actions or characteristics), the purpose of which is to provide an overall picture of the spread of Islam in Central Asia.

References

Chase F. R.(2011) The New Cambridge. History of Islam. Volume 1. Cambridge University Press. p.783.

Ilhan N.(2019) Oğuz Türkçesi Metinlerinden Salsal-Nāme'nin Paris Nüshası. Turkish Studies. Language and Literature. Volume 14, Issue 4, p. 1907-1924.

Jenciklopedicheskij slovar' Brokgauza i Efrona. (1890—1907) v. 86. p. 147.

Lefman G. (2013). Internationalisation of People Names. University of Limerick. p.201.

Natcionalnaya enciklopediya (2005) Almaty: Qazaq enciklopediyası.V. III.p.109-110.

Nepokupnyy A.P. (1986) Teoriya i metodika onomasticheskikh issledovaniy [Theory and methodology of onomastic research]. p. 985.

Nikonov V.A.(1974) Imya i obshchestvo [Name and society]. Moscow. p. 234.

Sivtsova A.A. (2008) Literaturnaya onomastika kak osoboye napravleniye onomasticheskikh issledovaniy. Aktual'nyye problemy sovremennoy nauki [Literary onomastics as a special area of onomastic research. Actual problems of modern science]. Moscow. p. 79-84.

Superanskaya A. V. (1973) Obshchaya teoriya imeni sobstvennogo [General theory of proper name]. p.547.

Smith G.W. (2016) Theoretical Foundations of Literary Onomastics. The Oxford Handbook of Names and Naming. March. p.124-125

Tichelaar T. (2002) Toponymy and language. DGSD-UNGEGN/ Toponymy Course Enschede/Frankfurt am Main August, 12-23.p.1-16

Trindade M.C., Costa S. (2018) Onomastics in Different Perspectives: Research Results.. Revista de Estudos da Linguagem, v. 26, n. 3, p. 993-1000.

Vasilyeva S.P., Voroshilova E.V. and etc. (2009) Literaturnaya onomastika [Literary onomastics]. Krasnoyarsk. p.138.

Yeni Rehber Ansiklopedisi (1993) Zaloğlu Rüstem maddesi, v. 20, p. 299.

Toponymy// https://www.britannica.com (accessed 07/02/2022)

The spread of Islam in Southeast Asia trough the Trade Routes // https://en.unesco.org/silkroad/content/did-you-know-spread-islam-southeast-asia-through-trade-routes (accessed 07/02/2022)

ҒТАМР 02.91.91 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.06

Ы.М. Палтөре*, Ф.Т. Жумажанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: yktiyar@inbox.ru

ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ «*КИТАБУЛ-ХУРУФ*» АТТЫ ТРАКТАТЫ ЖАЙЛЫ

Әл-Фарабидың «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) атты трактаты жайлы сөз болады. Трактаттың қолжазбасы, оның кітап болып басылуы жайында баяндалады. Әл-Фарабидің трактаттары арасында «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) кітабы ерекше орын алады. Бұл көлемі бойынша қомақты, мазмұны бойынша жан-жақты трактат болып есептеледі. «Китабул-хуруф» трактаты үш ірі бөлімнен тұрады. Әр бөлімде түрлі тақырыптар қамтылған. Мысалы, метафизика және оның санаттары, тілдің философиялық проблематикасы және тілге қатысты түрлі тақырыптар талқыға түседі. М.Маһди әл-Фарабидің «Китабул-хуруф» (Әріптер кітабы) трактатын Аристотельдің «Метафизикасынының» түсініктемесі деп танып, оны жан-жақты, көп салалы еңбек деп санайды. Әл-Фараби шығармашылығын зерттеу аясының кеңейе түсуінің нәтижесінде, сондай-ақ «Әріптер кітабы» трактатының аударылуына байланысты оның тақырыбы – тек метафизика ғана емес, сондай-ақ әл-Фарабидың басқа шығармаларында әлі де қозғалмаған тың тақырыптар келетіндігіне сүйене отырып, оның тақырып аясына қайта өңдеу жүргізілетіні сөзсіз. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби өзінің бұл трактатында метафизикамен қатар тілдің пайда болу проблемасын, әрі оның дамуын, тілдің ғылымдармен байланысын, философияны, дінді және силлогистикалық өнерді түсінуге байланысты ғылыми терминдердің пайда болуын жан-жақты қамтиды. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «Китабул-хуруф» атты трактатында көтерілген мәселелер туралы сөз болады.

Түйін **сөздер:** Әл-Фараби, қолжазба, китабул-хуруф, аударма.

Y. Paltore, F.T. Zhumazhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: yktiyar@inbox.ru

About the treatise of al-Farabi «Kitabul-Khuruf»

Al-Farabi's treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») is mentioned. The manuscript of the treatise tells about its publication in the form of a book. Among the treatises of Al-Farabi, a special place is occupied by the book «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters»). This is a large and exhaustive treatise in terms of content. The treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») consists of three major sections. Each section covers different topics. For example, metaphysics and its categories, philosophical problems of language and various topics related to language are discussed. According to M. Mahdi, Al-Farabi's treatise «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters») is recognized as an explanation of Aristotle's «Metaphysics» and is considered as a comprehensive, interdisciplinary work. As a result of the expansion of the field of study of Al-Farabi's work, as well as in connection with the translation of the treatise "The Book of Letters", its theme is not only metaphysics, but also, based on the fact that new topics that have not yet been touched upon appear in other works of Al-Farabi, its processing into the subject area will undoubtedly be carried out. In particular, in this treatise, Al-Farabi, along with metaphysics, comprehensively covers the problem of the origin of language, its development, the connection of language with the sciences, the emergence of scientific terms related to the understanding of philosophy, religion and syllogistic art. The article deals with the issues raised in the treatise of Abu Nasyr al-Farabi «Kitabul-Khuruf» («Book of Letters»).

Keywords: al-Farabi, manuscript, Book of Letters, Book of Particles, translation.

Ы.М. Палторе, Ф.Т. Жумажанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
*e-mail: yktiyar@inbox.ru

О трактате аль-Фараби «Китабул-Хуруф»

В статье упоминается трактат аль-Фараби «Китабул-хуруф» («Книга букв»). В рукописи трактата рассказывается о его издании в виде книги. Среди трактатов Аль-Фараби особое место занимает книга «Китабул-хуруф» (Книга писем). Это большой по объему и исчерпывающий

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

по содержанию трактат. Трактат «Китабул-Хуруф» («Книга писем») состоит из трех крупных разделов. Каждый раздел охватывает различные темы. Например, обсуждаются метафизика и ее категории, философские проблемы языка и различные темы, связанные с языком. По мнению М. Махди, трактат Аль-Фараби «Китабул-хуруф» (книга букв) признан объяснением «метафизики» Аристотеля и рассматривается как всеобъемлющий, междисциплинарный труд. В результате расширения сферы изучения творчества Аль-Фараби, а также в связи с переводом трактата «Книга букв», его тема-не только метафизика, но и, исходя из того, что в других произведениях Аль – Фараби появляются еще не затронутые новые темы, несомненно, будет проведена его переработка в предметную область. В частности, в этом трактате Аль-Фараби наряду с метафизикой всесторонне освещает проблему происхождения языка, его развития, связи языка с науками, появления научных терминов, связанных с пониманием философии, религии и силлогистического искусства. В статье рассматриваются вопросы, поднятые в трактате Абу Насыра аль-Фараби «Китаб ал-Хуруф».

Ключевые слова: аль-Фараби, рукопись, китабул-хуруф, перевод.

Кіріспе

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген сонау ортағасырларда күллі адамзат баласының игілігін көздеп, олардың бақытты өмір сүруін қалады. Осы ұлы мақсатқа қол жеткізу үшін бақытқа жеткізудің жолын көрсетіп, адам баласының игеруі тиіс ғылым салаларының классификациясын жасады. Логика, математика, арифметика, геометрия, оптика, физика, музыка, метафизика, діни ілімдер сияқты тағы басқа ғылым салаларын бірін-бірімен байланыстырып, сабақтастыра қарастырды. Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы да арнайы трактат[1] жазды. Барша азамзат баласының мұң-мұқтажын қанағаттандырып, өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру бағытында тың идеялар ұсынды. Біз мұны «*Мәбәди ара әһл әл-мадина әл-фадилә уа мудадатиһә*» (Қайырымды, ізгі қала тұрғындарының көзқарастары және оның керағарлары) атты трактатынан айқын көре аламыз. Бұл трактатында дүниедегі заттардың сатыларынан бастап, адам мәселесі,[2] оның ақыл-ойы, қоғамдағы әлеуметтік-этикалық құндылықтар мәселесі, ерік пен таңдау, адам баласының ұжымдасуы мен өзара бірін-біріне көмектесудің қажеттілігі туралы өзекті мәселелер талқыға түсті.

«Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер»[3] ғұлама, бір туар ірі фәлсафашы болатын. «Фәлсафашы» деуіміздің де астарында терең ой жатыр. Бұл туралы құрметті ұстазымыз, академик Ғ.Есім өзінің «Дүниетаным баяны»[4] атты кітабында: «...Фәлсафа деген философияны арабшалағаннан шыққанымен мазмұны жағынан жақындаспайтыны бар. Әрине, әмбебеп ұғым, түсініктер екеуіне де ортақ. Ал мағыналық жағынан түсінуге келгенде олар өзгеше. Философия Грек, Рим замандарынан басталып, әсіресе, Еуропаның жаңа заманы (XV ғ.) таза христиандық ойлау жүйесі болып, толыға берді... Фәлсафа – мұсылман мәдениетінің туындысы. Бұл мұсылман елдерінің ойшылдарына тән дүниетаным. Фәлсәфа ілімінің қандай өкілі болсын, мұсылмандыққа қарсы шықпаған, қайта, керісінше, әлемдік мәдениет үлгілерін, баршама ғұғамалар еңбектерін мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан қабылдап, соған қарай бейімдеген. Фәлсәфаның осы ерекшелігі кезінде христиан ойшылдарының ашу-ызасын туғызғаны да шындық», – деп жазған болатын. Шынында да Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз шығармаларын мұсылмандық дүниетаным аясында ақыл таразысына салып, өзіне дейінгі философтардың еңбектеріне сыни көзбен қарай білді. «...Ол Аристотельдің логикалық, жаратылыстану-ғылыми және этикалық еңбектеріне,

[1] كتاب ما ينبغي أن يقدم قبل تعلم فلسفة أرسطو تصنيف محمد بن محمد الفارابي

[2] Ы.М. Палтөре. Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары атты еңбегіндегі адам мәселесінің діни мәтіндермен сабақтастығы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы. №1 (88) 2019 ж. https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1317/1102

[3] Ә. Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (Тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы «Рауан» 1995 ж.

[4] 2020 жылы «Дәуір» баспасынан жарық көрген.

Платонның, Евклидтің еңбектерін, Птолемейдің «Алмагестіне», Александр Афродезияның «Жан туралы» және т.б. еңбектеріне түсініктеме берді. Бірақ әл-Фарабидің түсініктемелері басқа авторлардың мәтініне жай ғана түсіндірмелер немесе ескертулер емес еді. Оларды түпнұсқа туындылар ретінде қарастыру керек... әл-Фарабидың ортағасырлық философия мен жаратылыстанудың өзекті мәселелеріне арналған төл еңбектерін мазмұнына қарай бірнеше топқа бөлуге болады: ортағасырлық ғылымның салалары мен бағыттары бойынша, жалпы философиялық мәселелер мен логика, математика және жаратылыстану ғылымы, мемлекеттану және тағы да басқа әлеуметтік-саяси мәселелер филология, поэтика және т.б. Ол орта ғасырлардағы жаратылыстану және гуманитарлық білімнің барлық салаларын дерлік қамтитын 160-тан астам трактат жазды»[5]. Бізге мұра ретінде жетіп отырған трактаттарының ішінде «Музыка туралы үлкен кітап – «كتاب الموسيقى الكبير» атты өте көлемді трактаты оны өз заманында танымал етті. Музыка ғылымына жан-жақты терең зерттеу жүргізе отырып өзіндік сара жол салды. Осы трактаттың кіріспесінде: «...Мұнда осы (негіздердің) басын тануға алып баратын жол яки болмаса осы жолға бастайтын бағыт жоқ, не ертедегі адамдардың бізге түсіндіріп қалдырған ұстанымдары жоқ, не оларға немесе олардың артынан ілескен кейінгілердің нұсқауы жоқ. (Сондықтан) біз бастапқыда осы өнердің негіздерін игеруге септігі тиетін және соларға алып баратын кейбір мәселелерді сөз қылуды дұрыс деп таптық. Бұған қоса бұл өнердің негіздері анықталмайынша оның салдарын білу мүмкін емес болғандықтан біз мұның негізін білген соң ұстануымыз қажет әдісті түсіндіреміз...»[6], – деп жазады. Яғни бұрын-соңды осы музыка саласында егжей-тегжейлі жазылған терең зерттеу еңбектің жоқ екендігін анықтап алған соң ғана осы салада арнайы еңбек жазуға кіріскендігін аңғарамыз.

«Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабында» қойған міндеттері төмендегідей болатын:

- әртүрлі музыка теорияларын сыни талдап, пайымдау;
- олардың гуманистік және коммуникативтік мағыналарын айқындай отырып, осы теориялардың мазмұны мен мағынасын ашып көрсету;
- музыка құбылысының мәні мен пәнін ашып беру және оның ерекшелігін анықтау;
- музыканың онтологиялық мәртебесін анықтау;
- музыканың гносеологиялық мәртебесін анықтау;
- музыкадағы еліктеу категориясының маңызын айқындау;
- музыка құбылысының композитор мен тыңдаушының шығармашылық қызметі арқылы ашып көрсету;
- музыканың маңызын адамның өзіндік жетілуі мен кемелденуі үшін маңызын түсіндіру және анықтау.

Музыка құбылысына философиялық рефлексия жасай отырып, Әбу Насыр әл-Фараби оның арнайы философиялық астарын көрсетуге ұмтылды»[7].

Бұл негізі өте маңызды мәселе. Бірақ көп жағдайда әл-Фараби трактаттарының жазылу мақсаты мен міндеті, әдістемесі, жазылған уақыты, тіпті трактаттың атауы анық көрсетілмейтіндігі өз алдына бөлек тақырып. Десек те «Музыка туралы үлкен кітап – «كتاب الموسيقى الكبير» атты тракттатты әл-Фарабидың келесі бір «*Китабул-хуруф* – «كتاب الحروف» («Әріптер» кітабы) атты трактатының мән-мазмұнымен сабақтастырып қарастыруға болады. Себебі атауының өзі айтып тұрғандай «әріптер» дыбыстың қағаз бетіне түскен таңбасы екендігін ескерсек, үн, дыбыс әрі мұның таңбалануы арасындағы айырмашылық пен ерекшелікті, бұған қоса араб тілінде сөйлем ішінде белгілі бір мағына бере алатын әріптердің болатынын да еске салу орынды.

Негізі «...ислам музыкасының феномені тіл құбылысымен байланысты. Бұл мәселелер Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әл-Харуф кітабында» айтылады, ал «Музыка туралы үлкен кітабында» вербальді емес музыкалық мағынаны арабтың вербальді тілдік мағынасымен байланысын

[5] М.М.Хайруллаев «Фараби – крупнейший мыслитель средневековья», издательство «Фан», Ташкент – 1973, стр 15-16

[6] Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (352 б.)

[7] Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (332-333 бб.)

ашады. Бүгінгі таңда қайта түленген философиялық және теологиялық мәтіндер компаративистикасы әртүрлі музыкалық теориялардың логикалық мағыналарын анықтауға мүмкіндіктер береді. Бір кезде Германияда қалыптасқан атақты бағыт – салыстырмалы музыкатану (die vergleichende Musikwissenshaft) Әбу Насыр әл-Фарабиді орта ғасырлардағы салыстырмалы музыкатанудың осы мәселелерін айқындаған және қарастырған ғалым деп есептейміз. Музыканың мағынасын аша отырып, ол оның математика тілімен, Құран тілімен және халықтар тілімен байланысы бар екенін анықтады. Музыканың терең құрылымын ол Құдайдың таухидтігін айғақтаған Құран мәтінінен көреді. Музыканың вербальдануы ғибадат етуде, Құранды әндете оқуда жүзеге асады. Әл-Фараби құрандық мәтінде Сөзге үлкен мағына берілетіндігін байқайды, сондықтан Сөз үйлесімді айтылған сайын біртұтас мағынаға үндес келеді...»[8] деген тұжырымды ойды алға тартады.

Әл-Фараби «*Китабул-хуруф* – كتاب الحروف» трактаты көлемі, көтерген тақырыбы, сондай-ақ Аристотельдің метафизикасымен байланысы тұрғысынан өте маңызды. Осы тұста бұл трактат қазіргі кезде қазақ тілді оқырманға түпнұсқадан емес, орыс тілінен аударма арқылы жетіп отырғандығын, әрі жан-жақты кең көлемді талқыға түсе қоймаған трактат екендігін ашық айтуымыз қажет. Осыған байланысты бұл трактаттың түпнұсқасы, оның мазмұны мен құрылымы жайында арнайы ғылыми талдау мақала жариялауды орынды деп есептейміз.

Ғылыми зерттеу методологиясы

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатында көтерілген мәселелер туралы сөз болады. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатының қолжазбасы, оның кітап болып басылуы, қолданылу дәйектемелері талдауға түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері авторлардың еңбектерінде ғылыми негіз және дереккөзі ретінде келтірілген. Мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады.

Нәтижелер және талқылаулар

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «*Китабул-хуруф*» (Әріптер кітабы) атты трактатты сонау ортағасырлық библиографиялық дереккөздерде аты аталады. Тіпті 1445-1505 жылдары өмір сүрген мысырлық атақты ғалым Абдурахман Жәләлуддин әс-Суютидың[9] «*әл-Музһир фи улумул-луға уа әнуаьиһә*» (المزهل في علوم اللغة وأنواعها لعلامة عبد الرحمن جلال الدين السيوطي) деп аталатын кітабында: «Әбу Насыр әл-Фараби «*әл-әлфаз уал хуруф*» деп аталатын кітабының басында былай дейді»[10], – деп, әл-Фарабидың айтқан сөзін дәйек ретінде келтірген. Байқап отырғанымыздай, бұл трактаттың әл-Фарабиге тиесілі екендігі талас тудырмайды. Тек осы трактаттың атауына қатысты жазба деректерде айырмашылық бар.

Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатының қолжазба нұсқасы Ирандағы Аллама Сейид Мухаммад Мешкуһ (مكتبة العلامة سيد محمد مشكوة) кітапханасында (Мешкуһ – مشكوة №339 нөмерімен) сақталған. Кейіннен коллекция иегері (Мешкуһ) өзі жинаған қолжазба мұраларды Тегеран университетіндегі орталық кітапханаға сыйға тартқан. 1953 жылы бұл қолжазбаларды доктор Мухаммад Тақи Данешпажух (محمد تقي دانش پژوه) «Сейид Мухаммад Мешкуһ мырзаның Тегеран университетінің кітапханасына сыйға тартқан кітаптарының тізімі – فهرست كتابخانه اهدائي آقاى سيد محمد مشكوة به كتابخانه دانشگاه تهران » деген атпен парсы тілінде каталогын әзірлеп, басып шығарады. Осы каталогтың 3 томында[11] «*Китабул-хуруф*» туралы ақпараттар берілген.

Әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатын фарабитанушы ирақтың ғалым Мухсин Маһди (1924-2007жж)[12] біз сөз етіп отырған осы жалғыз қолжазба нұсқадан оқып, оған алғысөз

[8] Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (343 б.)

[9] Толық аты-жөні: Әбул-Фадл Жәләлуддин Абдуррахман бин Әбу Бәкр бин Мухаммед бин Әбу Бәкр әс-Суюти. Танымалы мужтаһид дәрежесіндегі шафиғи мазһабының аса көрнекті ғұлама-ғалымы. Араб тілінде көптеген еңбек жазып қалдырған.

[10] وقال أبو نصر الفارابي في أول كتابه المسمَّى "بالألفاظ والحروف": كانت قريش أجود العرب انتقادا... ص 211

[11] فهرست كتابخانه اهدائي آقاى سيد محمد مشكوة به كتابخانه دانشگاه تهران/ج.٣، ق ١ .كتابهاي فلسفي، عرفاني و كلامي

[12] https://www.marefa.org

бен түсініктемелер беріп, оны 1969 жылы араб тілінде кітап етіп басып шығарған. Қазір әл-Фараби мұрасын зерттеуші барлық ғалымдар осы басылым нұсқаны басшылыққа алады. Осы кітабының 49-50 беттерінде M.Mahди: «1965 жылдың көктемінде ирандық Мешкуh ғұлама-мен кездескенін, «*Китабул-хуруф*» трактатының Исфахан университетінің әдебиет факультеті кітапханасында тағы бір қолжазба нұсқасы бар екендігі туралы ақпаратқа сәйкес ол кітапханаға арнайы барғандығын, бірақ оны таба алмаған-дығын жазған. Сондықтан қазір әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» трактатының бір ғана нұсқасы бар деп есептеледі. Осы орайда, әл-Фараби трактаттарын ғылыми айналымға енгізуде ирақтың ғалым M.Mahдидің ерен еңбегі бар екендігін ерекше айтымыз қажет. «*Китабул-хуруф*» трактатын қолжазбадан оқып, оны басып шығару да оңайға соқпағаны жайында аталмыш басылым кітаптың 51-53 беттерінде айтқан. Қазір біздің қолымызда бұған бөлек әл-Фараби мұраларын зерттеуші ирандық фарабитанушы ғалым, доктор Қасым Пурхасан (دکتر قاسم پورحسن) ұстаздың «Фараби және әл-Хуруф: әл-Фарабидің философиялық лингвистикалық ой толғауларына талдау – فارابی و الحروف؛ جستاری در تأملات زبانی فلسفی فارابی» атты тақырыпта парсы тілінде жазған көлемді талдау еңбегі бар[13]. Бұл еңбекте ирандық фарабитанушы ғалым ақыл мен дін түсінік мәселесін және олардың өзара байланысын философиялық тұрғыдан талдай отырып, қоғамда ақылға мән берудің маңыздылығына баса назар аударады. Доктор Қасым Пурхасан: «...Неліктен әл-Фараби философ ретінде тілді талқылап, сөздер мен тіл мен сөздердің шығу тегі туралы, тіпті фонетиканың нақты мәселесі мен әріптердің құны туралы егжей-тегжейлі түсіндірді? Тіл негіздеріне назар аудару философиялық міндет пе, ал философ тарихи үдерістегі және қоғамдар арасындағы тілдік дамуға жауапты ма?» деп нақты сұрақтарды қоя отырып, «..бұл сұрақтың басты және негізгі жауабы: Фараби лексикография мен сөз бен мағына мәселесінен және сөздегі мағынаның қалай көрінетінінен сөйлеу мен логика, дұрыс пен бұрыс, ақыл мен парасат мәселесіне және тілдің үш саласының ішінен шығады...



Фараби логиканың парасат пен парасаттылыққа қатынасы синтаксистің сөз бен тілге қатынасы бірдей деп атап көрсетеді. Матай бин Юнус пен Әбу Саид әс-Сирафи (متى بن يونس وأبوسعيد السيرافى) арасындағы пікірталас және Әбу Саидтың тіл мен логика арасындағы байланысты жоққа шығаруы Фарабидің тіл білімі саласындағы ізбасарлары үшін қосымша түрткі болған шығар, бірақ Фарабидің тіл туралы түбегейлі ой-пікірлері тарихи оқиғаға негізделмеуі керек»[14], -деген тұжырымды ой айтады. Жоғарыда айтылған ирақтың ғалым M.Mahди баспаға әзірлеген «*Китабул-хуруф*» трактатының басылым кітабына әл-Фараби мұрасын зерттеуші ғалым ретінде өзіндік сыни пікір айтатын тұсы да бар. Бұл мәселе туралы сөз ету бізді мақала тақырыбы аясынан ұзақтатып жіберетіндіктен қазірше ол туралы сөз етпейміз.



[13] https://ketabnews.com/news. Бұл кітап 2016 жылы «Садра Ислам хикметі» қорының баспасынан басылып шыққан.

[14] https://saednews.com/fa/post/farabi-from-linguistics-to-philosophy-of-language-dr-pourhassan

Қорытынды

Әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактаты кіріспеден және үш үлкен тараудан, отыз үш бөлімнен тұрады. Бұл трактатты түпнұсқадан орыс тіліне аударған отандық ғалым К.Х. Таджикова: «Әбу Насыр әл-Фараби Аристотельдің ізбасары және оның философиялық еңбектеріне түсініктемелер жасай отырып, трактаттарын жазғанда әрдайым ұстазының әдістерін пайдаланды. Бұл шығармалардың атауларына, олардың құрылымына, еңбектерде қарастырылған мәселелерге және даулы мәселелерді талқылау және дәлелдеу тәсілдеріне де қатысты.

Осы айтылғандардың жарқын көрінісі ретінде Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактатын және Аристотельдің «Метафизикасына» түсініктемені алуға болады. Әл-Фараби дәл Аристотель сияқты метафизиканың орталық мәселесін, болмыс пен таным ұғымдарының мәні туралы мәселені қарастырғанда, жеке антикалық ойшылдардың қарама-қайшы пікірлерін талдайды»[15], – деген тұжырым жасайды.

Негізі «Метафизика» грек тіліндегі «*Meta ta physika* – физикадан кейін келетін» деген сөзден құралса, бұл сөзтіркес араб тілінде «*Мәә бағда ат-Табиға* – ما بعد الطبيعة» деп аталады. Яғни «табиғаттан, болмыс атаулыдан кейінгілер» деген мағынада. «...«*Метафизика*» («*Мәә бағда ат-Табиға* – ما بعد الطبيعة») терминін алғаш қолданған Аристотель...»[16] деген пікір айтылады. Бірақ Аристотель өз еңбегін бұл атаумен атамаған. Оны «*бірінші философия*» деп атады. «Метафизика» атауының ғылыми айналымға енуіне ежелгі грек философы Андро́ник Родо́сский[17] себеп болған.[18] Қалай болғанда да әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактатын Аристотельдің «Метафизика» туралы жазған еңбегімен сабақтастыра байланыстыруға болады. Бірақ, «Әл-Фараби – Аристотельдің ғылыми мұрасын жай насихаттаушы ғана емес, оны шығармашылықпен ілгері дамытқан, жаңа пікірлермен байытқан әмбебап ғалым»[19] екендігін ерекше айта кету де орынды. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің трактатында кейде философиялық, ал кейде лингвистикалық тақырыптарды көтереді. Осылайша бір жағынан ғылыми тіл мен терминологияны, екінші жағынан, әсіресе логика мен илаhи философияны байланыстыруды мақсат тұтады. Бұған сол заманда орын алған грамматика мен тілді жақтаушылар, ал екінші жағынан логиканы жақтаушылар арасында болған пікірталастар себеп болған болса керек. Міне сондықтан да біз әл-Фарабидың «*Китабул-хуруф*» атты трактаты мазмұнынан бір жағынан лингвистикалық аспекті мен екінші жағынан философиялық аспекті тұрғысына өзара байланыстар орнатуға ынталы екендігін аңғарамыз. Әсіресе діни түсініктер мен философияны үйлестіру мәселесі қарастырылған деуге болады.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР БжҒМ-ның AP08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теолингвистикалық дискурс («Усул ъилм ат-табиъа», «Китабул-Ахлақ» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жоба аясында даярланды.

[15] К.Х. Таджикова «Книга букв» аль-Фараби и проблема античной метафизики. Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. №1(54). 2011. стр.

[16] Бұл мәлімет Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынды. https://kk.wikipedia.org/wiki

[17] https://ru.wikipedia.org/wiki

[18] Один из сборников был озаглавлен «Физика» (taphusika = сочинения по физике, phusis = природа). После этой phusika он поместил трактат, касающийся того, что Аристотель называл первичной философией. По-гречески слово «после» meta. Поэтому Андроник назвал эту работу так: ta meta ta phusika = «сочинения, которые идут после сочинений по физике». https://uch.click/zarubejnaya-filosofiya/metafizika.html

[19] Әбу Насыр әл-Фараби (870-950): Библиографиялық көрсеткіш/жалпы ред. басқ. Қ.Б. Жарықбаев; құраст.: Қ.Б. Жарықбаев, Г.С. Коурдакова, Б.Д. Дуйсекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 474 б. (8-бетте).

Әдебиеттер

Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары (Тарихи-филологиялық зерттеу). Алматы «Рауан» 1995 ж. 2020 жылы «Дәуір» баспасынан жарық көрген.

М.М.Хайруллаев «Фараби – крупнейший мыслитель средневековья», издательство «Фан», Ташкент – 1973, стр 15-16

Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 2018. – 936 б. (352 б.)

К.Х. Таджикова «Книга букв» аль-Фараби и проблема античной метафизики. Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. №1(54). 2011. стр.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950): Библиографиялық көрсеткіш/жалпы ред. басқ. Қ.Б. Жарықбаев; құраст.: Қ.Б. Жарықбаев, Г.С. Коурдакова, Б.Д. Дуйсекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 474 б. (8-бетте).

Nicholas Rescher. Al-Farabi: An Annotated Bibliography. Pittsburgh (University of Pittsburgh Press), 1962 Ahmed Ateş. Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası //. TTK (Turk Tarih Kurumu) Belleten. – Istanbul, 1951. – XV / 57. – s. 175-192.

Müjgân Cunbur. Fârâb̂ı bibliyografyası: kitap-makale: doğumunun 1100üncü yıldönümü münasibetiyle. Istanbul: Başbakanlık Basımevi, 1973

M. Steinschneider, Al-Fārābī, des Arabischen Philosophen, Leben und Schriften, St. Pétersbourg, 1869 Burabaev M.S. Outstanding thinker of the Middle Ages Abu Nasr al-Farabi // Al-Farabi. Selected treatises: translation from Arabic. – Almaty, 1994 .-- S. 5-28.

Tuleubaeva S.A. New trends in the study of the personality and heritage of al-Farabi in Kazakhstan // The quarterly international journal of social sciences "Karadeniz – Black Sea – Black Sea". – No. 4. – 2009 .-- S. 96-102.

Derbisali A. Contemporaries of al-Farabi and al-Mutanabbi // Kazakhstanskaya Pravda. – June 16, 2020 (https://kazpravda.kz/articles/view/sovremenniki-al-farabi--i-al-mutanabbi date accessed: August 15, 2020)

Tuleubaeva S.A. The meaning of existence is to find happiness (electronic resource https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-warsaw/press/article/details/17733?lang=ru date of treatment September 1, 2020)

Tuleubaeva S.A. Modern state of Farabi studies abroad // Bulletin of Oriental Studies of Al-Farabi KazNU. – Almaty, 2015. – No. 1 (71) – P. 92-96

Madkour J. La place d'al-Farabi dans l'ecole philosophique musulmane. P., 1934

Madkur I. Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi (أبو نصر الفارابي في الذكرى الألفية لوفاته 950 م) Cairo, 1983.

Tuleubaeva S.A. Muhsin Mahdi and critical reflection on the legacy of al-Farabi // Collection of materials from the conference "Fundamental and innovative problems of oriental education and science." – Almaty, 2009. (electronic resource: https://articlekz.com/article/4920 date accessed: August 26, 2020)

References

A.Derbisaliev (1995) Stars of the Kazakh steppe (Historical and philological research). Almaty "Rauan" Published by Daur Publishing House in 2020.

Abu Nasir al-Farabi (2018) Good city. A book about music. // Socio-ethical treatises. – Almaty – 936 p. (P. 352)

Abu Nasir al-Farabi (870-950): Bibliographic index / general ed. other K.B. Zharykbayev; Compiled by: K.B. Zharykbayev, GS Kourdakova, BD Duisekova. – Almaty: Kazakh University, 2012. – 474 p. (Page 8).Burabaev M.S. Outstanding thinker of the Middle Ages Abu Nasr al-Farabi // Al-Farabi. Selected treatises: translation from Arabic. – Almaty, 1994 .-- S. 5-28.

Ahmed Ateş (1951) Bibliography of Farabi's Works //. TTK (Turk Tarih Kurumu) Belleten. – Istanbul. – XV / 57. – s. 175-192.

Derbisali A. (2020) Contemporaries of al-Farabi and al-Mutanabbi // Kazakhstanskaya Pravda. – (https://kazpravda.kz/articles/view/sovremenniki-al-farabi--i-al-mutanabbi date accessed)

K.H. Tajikova (2011) Al-Farabi's "Book of Letters" and the problem of ancient metaphysics. Bulletin of KazNU. Oriental Studies Series. №1 (54) p.

Müjgan Cunbur (1973) Fârâb̂ı bibliography: book-article: on the occasion of the 1100th anniversary of his birth. Istanbul: Prime Ministry Press.

M. Steinschneider (1869) Al-Fārābī, des Arabischen Philosophen, Leben und Schriften, St. Pétersbourg Madkour J.(1934) La place d'al-Farabi dans l'ecole philosophique musulmane. P.

Madkur I. (1983) Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi (أبو نصر الفارابي في الذكرى الألفية لوفاته 950 م) Cairo.

Nicholas Rescher (1962) . Al-Farabi: An Annotated Bibliography. Pittsburgh (University of Pittsburgh Press) Tuleubaeva M.M. Khairullaev (1973) "Farabi – the largest thinker of the Middle Ages", publishing house "Fan", Tashkent, pp. 15-16

Tuleubaeva S.A. (2009) New trends in the study of the personality and heritage of al-Farabi in Kazakhstan // The quarterly international journal of social sciences "Karadeniz – Black Sea – Black Sea". – No. 4. S. 96-102. Tuleubaeva S.A. (2015) Modern state of Farabi studies abroad // Bulletin of Oriental Studies of Al-Farabi KazNU. – Almaty – No. 1 (71) – P. 92-96

Tuleubaeva S.A. (2020) The meaning of existence is to find happiness (electronic resource https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-warsaw/press/article/details/17733?lang=ru date of treatment September 1)

Tuleubaeva S.A.(2009) Muhsin Mahdi and critical reflection on the legacy of al-Farabi // Collection of materials from the conference "Fundamental and innovative problems of oriental education and science." – Almaty. (electronic resource: https://articlekz.com/article/4920 date accessed: August 26, 2020)

МРНТИ 03.81.37 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.07

Н.М. Каримова[1], Т.Е. Тулибаев[2*]

[1]Ташкентский государственный университет востоковедения, Узбекистан, г. Ташкент
[2]Университет имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен
*e-mail: t.e.tulibay@gmail.com

СОЧИНЕНИЕ «СИЧУЙ ЦЗУНТУН ШИЛЮЭ» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Данная статья посвящена исследованию китайского письменного источника «Сичуй цзунтун шилюэ» 西陲總统事略 (Общее описание Западных окраин) и его сведений по исторической географии Центральной Азии. Цель статьи – дать анализ письменного источника, предоставить сведения об авторах-составителях и редакторах сочинения, а также ввести в научный оборот новые сведения по истории Центральной Азии второй половины XVIII века. Сведения сочинения «Сичуй цзунтун шилюэ» охватывают широкий круг социально-экономической, политической и военной жизни на северо-западных границах Синьцзяна и содержат неизвестные и малоизученные данные по исторической географии, истории и культуре народов Центральной Азии, политической ситуации в регионе в эпоху Цин.

При изучении сведений сочинения «Сичуй цзунтун шилюэ» по исторической географии Центральной Азии, используется историко-хронологический анализ. На основе обобщающего и сравнительного методов в статье рассматриваются труды китайских и русскоязычных авторов, касающихся темы нашего исследования. Впервые вводятся в научный оборот извлечения из сочинения «Сичуй цзунтун шилюэ», которые дополняют и расширяют общие сведения по истории народов Центральной Азии, об их взаимоотношениях с цинским Китаем во второй половине XVIII века. Приведены сведения по истории создания сочинения и его издания. Перечисляются основные города и крепости, располагавшиеся на склонах Тянь-Шаня по двум основным дорогам (Северной и Южной), ведущих в Центральную Азию. Дана краткая характеристика хозяйственного уклада народов вблизи приграничных пунктов. Показаны усилия цинской администрации по организации жизнеобеспечения пограничных застав и многие другие вопросы.

Статья подготовлена в рамках научного проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP09259919).

Ключевые слова: Сичуй цзунтун шилюэ, Ван Тинкай, Ци Юньши, Сун Юнь, Цинская империя, историческая география, казахи

N.M. Karimova[1], T.E. Tulibayev[2*]

[1]Tashkent State University of Oriental Studies, Uzbekistan, Tashkent
[2]Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen
*e-mail: t.e.tulibay@gmail.com

The Xichui Zongtong Shilüe as the Source on the Historical Geography of Central Asia

This article is dedicated to the study of the Chinese written source Xichui Zongtong Shilüe 西陲總统事略 (The General Description of the Western Outskirts) and its information on the historical geography of Central Asia. The purpose of the article is to analyze the written source, provide information about the authors, compilers, and editors of the writing, as well as introduce new information on the history of Central Asia in the second half of the 18th century into scientific circulation. The information from the Xichui Zongtong Shilüe covers a wide range of socio-economic, political, and military life on the north-western borders of Xinjiang and contains unknown and little-studied data on the historical geography, the history, and culture of the peoples of Central Asia, the political situation in the region in the Qing era.

The historical and chronological analysis is applied in the research of the information of the Xichui Zongtong Shilüe on the historical geography of Central Asia. The article analyses the works of Chinese and Russian-speaking authors related to our research, using generalizing and comparative research methods. For the first time, extracts from the Xichui Zongtong Shilüe are introduced into scientific circulation, which supplements and expands general information on the history of the peoples of Central Asia, on their relationship with Qing China in the second half of the 18th century. Information on the history of the creation of the work and its publication is given. The main cities and fortresses located on the slopes

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

of the Tian Shan along two main roads (Northern and Southern) leading to Central Asia are listed. A brief description of the economic structure of the peoples near the border points is given. The efforts of the Qing administration to organize the supply of border outposts and many other issues are highlighted.

This research has been funded by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP09259919).

Key words: The Xichui Zongtong Shilüe, Wang Tingkai, Qi Yunshi, Song Yun, the Qing Empire, Historical Geography, Kazakhs

Н.М. Каримова[1], Т.Е. Тулибаев[2*]

[1]Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті, Өзбекстан, Ташкент қ.
[2]Сүлеймен Демирел атындағы университеті, Қазақстан, Қаскелең қ.
*e-mail: t.e.tulibay@gmail.com

«Сичуй цзунтун шилюэ» шығармасы
Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша дереккөз ретінде

Бұл мақалада «Сичуй цзунтун шилюэ» 西陲總统事略 (Батыс аймақтардың жалпы сипаттамасы) атты қытай жазба дереккөзі және онда Орталық Азияның тарихи географиясы туралы берілген мәліметтер қарастырылады. Мақаланың мақсаты – жазба дереккөзге талдау жасау, еңбектің авторлары-құрастырушылары және редакторлары туралы мәліметтер беру, сонымен қатар XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша жаңа мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу болып табылады. «Сичуй цзунтун шилюэ» шығарманың мәліметтері Шыңжаңның солтүстік-батыс шекаралық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және әскери жағдайы туралы ауқымды мәліметтерді қамтиды, және Орталық Азия халықтарының тарихи географиясы, тарихы мен мәдениеті, Цин дәуірі кезеңіндегі аймақтың саяси жағдай туралы белгісіз және аз зерттелген мәліметтерді қамтиды.

«Сичуй цзунтун шилюэ» еңбегінде берілген Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша мәліметтерді зерттеу барысында тарихи-хронологиялық талдаулар қолданылады. Мақалада жазба дереккөзді зерттеген қытай және орыс тілді авторлардың еңбектері жалпылау және салыстырмалы зерттеу әдістерін қолдана отырып қарастырылады. Алғаш рет Орталық Азия халықтарының тарихы туралы жалпы мәліметтерді толықтыратын және кеңейтетін, олардың XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Цин дәуіріндегі Қытаймен қарым-қатынасы туралы мәліметтерді қамтитын «Сичуй цзунтун шилюэ» еңбегінен үзінділер ғылыми айналымға енгізілген. Шығарманың жасалу және жарыққа шығуы тарихы туралы мәліметтер берілген. Орталық Азияға апаратын екі негізгі жолдың (Солтүстік және Оңтүстік) бойында, Тянь-Шань баурайында орналасқан негізгі қалалар мен бекіністер атап көрсетілген. Шекаралас аймақтарға жақын орналасқан халықтардың шаруашылық құрылымына қысқаша сипаттама беріледі. Цин әкімшілігінің шекара заставаларының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру әрекеттері және басқа да көптеген мәселелер көрсетілген.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландыратын ғылыми жоба аясында даярланған (Грант № AP09259919).

Түйін сөздер: Сичуй цзунтун шилюэ, Ван Тинкай, Ци Юньши, Сун Юнь, Цин империясы, тарихи география, қазақтар.

Введение

Сочинение «Сичуй цзунтун шилюэ» 西陲總统事略 (Общее описание Западных окраин), также известно, как «Или цзунтун шилюэ» 伊犁總统事略 (Общее описание Или), является частным сочинением, официально признанным цинским правительством, поскольку существует еще один вариант источника под названием «Циньдин Синьцзян шилюэ» 欽定新疆識略 (Высочайше утверждённое описание Синьцзяна), составленного в 1821 г. с предисловием самого императора. Введение в научный оборот сведений сочинения позволит расширить общие сведения по исторической географии и истории приграничных с цинским Китаем народов Центральной Азии во второй половине XVIII века.

Сочинение «Сичуй цзунтун шилюэ» известно исследователям под разными названиями. Чаще всего упоминается как «Циньдин Синьцзян шилюэ».

Калмыцкий исследователь Д. Г. Кукеев (Кукеев 2019а: 315), описывая частные китайские письменные источники по истории джунгар, упоминает в ряду других данное сочинение и предполагает, что автором является Сун Юнь (松筠), который, будучи илийским генерал-губернатором, действительно внес большой вклад

в завершение, редактирование и издание сочинения.

Синолог из Узбекистана А. Ходжаев в своей монографии отмечает, что сочинение «Циньдин Синьцзян шилюэ» было написано Сюй Суном в период его ссылки в Или, а в 1821 г. было издано под авторством Сун Юня (Ходжаев 1991: 9).

К. Ш. Хафизова в книге, посвященной исследованию китайской геополитики в Центральной Азии в XIV-XIX веках, на основании сведений «Циньдин Синьцзян шилюэ» упоминает о том, что под руководством илийского генерал-губернатора Сун Юня были составлены таблицы казахских султанов и биев (Хафизова 1995: 115).

Несмотря на свою известность, сочинение «Сичуй цзунтун шилюэ» цитировалось специалистами весьма фрагментарно.

Сочинение «Сичуй цзунтун шилюэ» отражает ситуацию в Синьцзяне, особенно в районе Или, во времена правления цинских императоров Цяньлуна (乾隆 1736-1795) и Цзяцин (嘉慶 1796-1820)[1]. Сведения сочинения охватывают широкий круг социально-экономической, политической и военной жизни на северо-западных границах Синьцзяна и могут пополнить общие знания об исторической географии региона, о социальном укладе народов Центральной Азии в приграничных с Цинской империей территориях, о городах, расположенных на двух основных дорогах Тянь-Шаня – Северной и Южной, ведущих в Центральную Азию, и многие другие вопросы.

Ван Тинкай (汪廷楷) начал работу над сочинением в 7-й год Цзяцин (嘉庆, 1803), затем Ци Юньши (祁韵士) существенно дополнил его в 10-й год Цзяцин (1806), Гэн Нин (庚寧) иллюстрировал 19-ю картами, илийский генерал-губернатор (*цзянцзюнь* 将军[2]) Сун Юнь (1752-1835) завершил работу и написал предисловие к сочинению в 13-й год Цзяцин (1809).

О Ван Тинкае лишь известно, что его называли также Шиань (式庵) и он был уроженцем Даньту (丹徒) провинции Цзянсу (江苏) (Theobald 2019). Несмотря на то, что Ван Тинкай первым приступил к написанию этого труда, основным автором считается Ци Юньши (1755-1815), который проделал огромную работу по значительному дополнению и редактированию сочинения «Сичуй цзунтун шилюэ».

Ци Юньши, по второму имени Сюйтин (谐庭), с псевдонимом Цзюньлу (筠渌), был родом из Шуяна (寿阳), провинции Шаньси (山西) (Wang 2008: 241). В 43-м году правления династии Цин, в период правления императора Цяньлуна (1779), он получил докторскую степень *цзиньши* (进士), затем был назначен редактором Академии Ханьлинь (翰林院), а позже служил сотрудником филиала книжной серии «Сыку Цюаньшу» (四库全书) и редактором Национальной исторической библиотеки (国史馆) (Xichui zongtong shilüe 2010). Во время работы в Национальной исторической библиотеке ему было поручено составить «Мэнгу хуэйбу ван гунбяо чуань» 蒙古回部王公表传 (Биография князей монголов-мусульман), на завершение которой ушло восемь лет.

Основываясь на информации, собранной в ходе работы над книгой, он сумел также составить важную хронику по Синьцзяну и Тибету «Хуанчао фань бу яолюэ» 皇朝藩部要略 (Краткий очерк по окраинным (вассальным) областям).

В 10-й год правления Цзяцин (1806), Ци Юньши был замешан в деле о пропаже меди, в результате этого скандала он был уволен со своего поста и сослан в Западный край (Сиюй) (Wang 2008: 242). Необходимо отметить, что большой вклад в исследование Западного края в эпоху Цин внесли сосланные в Синьцзян так называемые «преступники», «никчемные (бесполезные) элементы» (Wang 2008: 240).

После ликвидации Джунгарского ханства с целью заселения и освоения пограничных регионов цинские власти стали переселять в завоеванные земли различные слои населения, среди которых наряду с ссыльными государственными преступниками и дезертирами были чиновники (Кукеев 2019б: 42). Эти люди, совершившие различной тяжести преступления, большую часть своей жизни были довольно важными чиновниками, учеными, знатными персонами. Среди них, конечно, была доля людей невиновных, не совершавших преступлений, но пострадавших от несправедливого обвинения и сосланных на Запад. Поскольку в большинстве своем отправленные в изгнание бывшие чиновники имели хорошее образование, широкий кругозор, обладали сравнительно высоким уровнем культуры, то,

[1] Встречаются разночтения в годах правления китайских императоров, мы опирались на китайские источники (Cihai 1985: 547, 1991); (Zhongguo lishi 2007:1150, 2024).

[2] *Цзянцзюнь*将军 – генерал, полководец, командующий, командир провинциального (при династии Цин – знаменного) гарнизона. Титул 将军 присваивался при династии Цин представителям высшей маньчжурской знати IX-XII степеней (Большой 1983: 63-64).

Қытай ДСҰ-ға кіргеннен кейін тарифтік және тарифтік емес кедергілердің, инвестицияларға қатысты шектеулердің және тиімсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қорғауға бағытталған басқа да кемсітушілік шаралардың бүкіл жүйесін бөлшектеу қажет болды. Ауыл шаруашылығы саласында ДСҰ-ға қосылуға байланысты міндеттемелер шеңберінде Қытай алдағы бірнеше жылда экспорттық субсидияларды алып тастауға, астықтың сыртқы саудасының монополиясынан бас тартуға және бұрын Қытайдың өзінде өндірілген және субсидиялармен, атап айтқанда бидай, жүгері, күріш және соя бұршақтарымен қамтамасыз етілген астықтың едәуір көлемін (негізінен АҚШ-тан) импорттауды бастауға тиіс болды.

ДСҰ-ға кірген сәттен бастап Қытай әлемдік саудаға үлкен үлес қосты. Қытайдың әлемдік экономикалық өсуге қосқан үлесі 2002 жылдан бастап орта есеппен 30 пайызға жақындады. Ол сонымен қатар 120-дан астам елдің ірі сауда серіктесі болды. Қытайдың үлкен жұмыс күші бүкіл әлемдегі бизнес пен адамдарға киімнен

компьютерлерге дейін қол жетімді өнімдерді тамашалауға мүмкіндік берді. Тек американдық тұтынушылар үшін бұл үнемді өнімдер жыл сайын 15 миллиард доллар үнемдеуге көмектесіп тұрды (Rüland, Jürgen. Southeast Asia, 2012).

Қытайдың Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығына қатысуын Қытай басшылығы Қытайдың аймақтық және жаһандық экономикалық рөлін күшейту факторы ретінде ғана емес, сонымен бірге Транс-Тынық мұхиты серіктестігін — ТТП құрудың американдық жоспарларына қарсы тұру құралы ретінде қарастырады. Қазірдің өзінде «АСЕАН + 1» (АСЕАН плюс ҚХР елдері) жобасы табысты жұмыс істеуде. Қытай «АСЕАН + 6» форматында да белсенді қатысады (АСЕАН елдері плюс Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Австралия және Жаңа Зеландия). Басқаша айтқанда, Қытай экономикасының Күшін ескере отырып, АРЕС-те де белгілі бір «қытай ядросы «тез қалыптасады деп айта аламыз. Алайда, бұл ядроның қалыптасуына ҚХР мен оның көршілері арасындағы аумақтық даулардың проблемалары, сондай-ақ қауіпсіздік мәселелері кедергі келтіреді.

Соңғы онжылдықта Қытай АСЕАН-да отыздан астам ауқымды жобаларды жүзеге асырды. Салыстырмалы түрде, АҚШ соңғы отыз жылда тек жеті жобаны жүзеге асырды. 2010 жылғы 1 қаңтарда ашылған «Қытай-АСЕАН» еркін сауда аймағы Еуропалық Одақ пен Солтүстік Америкадағы еркін сауда аймағынан кейінгі экономикалық қуаты бойынша әлемдегі үшінші аймақ болып табылады. Қытайдың достас мемлекет ретіндегі қолайлы бейнесін жасай отырып, Бейжің тұтастай алғанда Шығыс Азия өңіріндегі өзінің геосаяси ұстанымын нығайтады және одан әрі өңірлік интеграция үшін тиісті жағдайлар қалыптастырады. ҚХР АСЕАН үшін экономикалық өсудің үлгісі болуға ғана емес, сонымен қатар кешенді дамудың баламалы жолдарымен нақты өсуді ұсынады. (Чжуан Ливэй, 2003)

Қазіргі уақытта Жаһандық сыртқы саяси мақсаттарды өзектендіруді кейінге қалдыра отырып, Қытай мынадай стратегиялық өңірлік мақсаттарға қол жеткізуде:

* әлемдік қауымдастықтың Қытайдың аумақтық тұтастығын мойындауы, оның ішінде Тайвань, Тибет, Шыңжаң;

* Қытайдың оңтүстік Қытай теңізіндегі «ерекше» құқықтарын халықаралық ұйымдардың мойындауы;

* Оңтүстік-Шығыс Азияға басым ықпалдың таралуы;

* көрші мемлекеттермен аумақтық мәселелерді Қытай үшін қолайлы шешу (бұл жерде ең алдымен Үндістан туралы айтылады, «Үнді-Қытай достығының жылдары» жарияланғанына қарамастан, екі елдің бағалауы стратегиялық бәсекелестіктің сипатына ие; қысқа мерзімді перспективада елдер «баяу қалыпқа келтіруді» ұстана отырып, қарым-қатынасты нашарлатқысы келмейді);

* көршілес мемлекеттердің АҚШ-пен және басқа батыс елдерімен даулардағы ҚХР ұстанымдарын қолдауды қамтамасыз ету;

* ҚХР мен Моңғолия арасындағы «ерекше қатынастарды» нақты бекіту;

* басқа елдердің Қытайға қарсы коалицияларға кіру және Қытаймен әскери қақтығыс мүмкіндігін болдырмау;

* басқа елдерге Қытай үшін қолайлы сауда-инвестициялық саясатты енгізу;

* басқа елдердің Қытай иммигранттарын қабылдауға келісімін қамтамасыз ету;

* Қытай азшылықтарының «ерекше құқықтарын» шетелде бекіту және Пекиннің оларды қорғау құқығын тану (Pollack, Mark A., 2012).

Қорытынды және тұжырымдама

XXI ғасырдың басына қарай Қытай қатысқан үкіметаралық халықаралық ұйымдар саны 52–ге дейін, ал үкіметтік емес ұйымдар 1163-ке дейін көбейді . Қытайдың қалыптасқан экономикалық даму үрдістеріне, экономикалық құрылымы мен экономикалық саясатты трансформациялауда мәлімделген стратегиялық бағдарларға сүйене отырып, таяу уақытта Қытай бастамашылық еткен интеграциялық процестер мен үрдістердің жандануын күтуге болады.

Интеграциялық стратегияны қалыптастыру кезінде Қытай стратегиялық серіктестермен қатынастарды қарқынды дамытуға және интеграциялық процестердің «сапасын» арттыруға бағытталған кезеңдік, көп деңгейлі, географиялық әртараптандырылған тәсілді ұстанатын болады. Бұл қағидаттар интеграциялық күн тәртібін қалыптастыруда айқындаушы рөл атқарады (Арапова Е. 2014) .

Қытай көпжақты да, екіжақты деңгейде де интеграциялық күн тәртібін дамытуға ұмтылатын болады. Бірінші кезекте ауқымды индустрияландыру және урбандалу жолымен жүріп жатқан ауқымды жалпы өңірлік инфрақұрылымдық

жобаларға қатысушы елдер екіжақты деңгейде қызығушылық танытуы мүмкін. Олардың қатарына Үндістан, Индонезия, Таиланд және Филиппин кіреді. Екіншіден, ауылшаруашылық дақылдарын өндіруге арналған жер ресурстарына бай аграрлық елдер. Ұзақ мерзімді перспективада Қытай Сахараның шығысындағы Африка елдерімен еркін сауда туралы келісімдер жасауды бастауы мүмкін.

Бұл ретте Қытай кезеңділік қағидатына сүйенетін болады. ҚХР-ның қатысуымен салалық қауымдастықтар (энергетикалық альянстар, көліктік, телекоммуникациялық, технологиялық одақтар) құрылуы мүмкін. Қытай өзара технологиялар нарықтарына қол жеткізуді және экономиканың жоғары технологиялық секторларына капитал ағынын қамтамасыз ете алатын жоғары дамыған елдерге қатысты абайлап теңдестірілген тәсілді ұстанатын болады. Бұл ретте өз мүдделерін ілгерілету қазіргі уақытта АҚШ-пен талқыланғандай, екіжақты инвестициялық келісімдер жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Жаңа интеграциялық идеялар Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» бастамасының (үш құрлық және екі теңіз бағыты) төңірегінде шоғырлануы мүмкін. Көпжақты жобаның мақсаттары «көліктік байланысты» арттыруды ғана емес, сонымен бірге саясатты үйлестіруді, еркін сауданы және қаржылық интеграцияны қоса алғанда, көлік саласындағы ынтымақтастықтан әлдеқайда асып түсетіні өте маңызды, және көптеген зерттеушілер осы көпжақты ынтымақтастық жобасына қатысты «интеграция» терминін белсенді қолданады.

Қорыта айтқанда, Қытай белсенділігінің жаңа, көптеген адамдар үшін күтпеген бағытта – ҚКП XVII съезі ұсынған «үйлесімді әлем» идеяларының негізінде жаңа әлемдік қауіпсіздік архитектурасын құрудың және бірлескен дамудың өзіндік тұжырымдамасын әзірлеуді күтуге болады, мұнда үйлесімділік әртүрлі мемлекеттердің мүдделерінің тепе – теңдігін және жаһандық болашақ үшін ұжымдық жауапкершілікті білдіреді.

Әдебиеттер

А. Г. Арбатова и В. З. Дворкина (2011). Китай в международных организациях и на международных форумах.Получено с https://studme.org/144397/politologiya/kitay_mezhdunarodnyh_organizatsiyah_mezhdunarodnyh_forumah

Арапова Е. – Аударма, 2014, 3-4б. Восточная Азия: Диверсификация источников экономического роста // Азиатско-Тихоокеанский регион: экономика, политика, право.

Галенович Ю. М. -М., 2003. – 281-284б. Наказы Цзян Цзэминя: принципы внешней и оборонной политики современного Китая.

Г.Д. Курманбаева, Ж.К. Симтиков (2017). Политика Китая в рамках ШОС. Получено с https://articlekz.com/article/18914

Евгений Грачиков (2013). Китай в мировой политике. Получено с https://www.geopolitika.ru/article/kitay-v-mirovoy-politike?

Л.Ю.Ананьева (2021). КНР в современной системе международных отношений. Получено с https://spravochnick.ru/mezhdunarodnye_otnosheniya/knr_v_sovremennoy_sisteme_mezhdunarodnyh_otnosheniy/

Н. Мұқаметханұлы, Б.А. Сабденалиев (2014). Қытайдың сыртқы саяси тұжырымдамасының қалыптасуы кезеңдері мен дамуы. Получено с https://articlekz.com/kk/article/17284

Остроухов О. –Аударма, 2003, 5-15б. Внешняя политика Китая в годы реформ и перспективы ее развития.

Ряснов Илья Александрович . –Россия: Аударма, 2014, -157-159б. CHINA'S POLICY IN THE Un.

Чжан Вэньвэй. – Чжунго вайцзяо сюэюань. Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 2004, -78б. Шанхайская организация сотрудничества: достижения, возможности, вызовы.

Чжуан Ливэй. -Аударма, 2003. 4-11б. Международная стратегия Китая в обсуждениях АСЕАН.

Энциклопедия нового Китая. М.: Прогресс, 1989. -155 с.

Ann Kent (2016). China's participation in international organisations.

Lena Leto (2016, 31,12). Китай: внешняя политика. Основные принципы, международные отношения

Получено с https://yandex.kz/turbo/fb.ru/s/article/285776/kitay-vneshnyaya-politika-osnovnyie-printsipyi-mejdunarodnyie-otnosheniya

Lester Ross.- China Joins the World, 2012, 317-18б. 'China and environmental protection', in Economy and Oksenberg (eds)

Pollack, Mark A. – Germany: 2012, 29б. International Relations and Regional Integration Theory.

Rüland, Jürgen. -Southeast Asia: Аударма, 2012, 127б. New Research Trends in Political Science and International Relations.

See Pieter Bottelier (2001). The impact of WTO membership on China's domestic economy, Part I'

See Shi Guangsheng.- People's Daily, 13 March 2001. China's stance on WTO accession unchanged.

Xinhua News Agency, 7 March 2000. Chinese reform expert proposes countermeasures for WTO challenges.

References

A.G. Arbatova and V. 3. Dvorkina (2011). Kitay v mezhdunarodnyh organizasiah i na mezhdunarodnyh forumah [China in intercity organizations and intercity forums]. Retrieved from: https://studme.org/144397/politologiya/kitay_mezhdunarodnyh_organizatsiyah_mezhdunarodnyh_forumah.

Ann Kent (2016). China's participation in international organisations.

D.Arab E.-Odarma, 2014, 3-4b. Vostoshnaya Azia: Diversifikasiya istoshnikov economisheskogo rosta//Asiatsko-Tikhookeanicheskiy region: economica, politika, pravo [East Asia: Diversification of the Orient of economic growth // Asia-Pacific region: Economics, politics, law].

Encyclopedia novogo Kitaya [Encyclopedia of New China]. Moscow: Progress, 1989. -155 p.

Evgeny Grachikov (2013). Kitay-v-mirovoy-politike [China in world politics]. Retrieved from: https://www.geopolitika.ru/article/kitay-v-mirovoy-politike ?

G. D. Kurmanbayeva, J. K. Simtikov (2017). Politika Kitaya v ramkah SHOS [China's policy in the framework of the SCO]. Retrieved from: https://articlekz.com/article/18914

Galenovich Yu. M. -M., 2003. – 281-284b. Nakazi Jiang Zemina: principy vneshnyi I oboronnoi politiki sovremennogo Kitaya[Jiang Zemin's instructions: Principles of foreign and defense policy of modern China].

Lena Leto (2016, 31,12). Kitay: Vneshnyaya politika. Osnovnyie printsipy, mezhdunarodnyh otnosheniya [China: Foreign Policy. Basic principles, international relations]. Retrieved from: https://yandex.kz/turbo/fb.ru/s/article/285776/kitay-vneshnyaya-politika-osnovnyie-printsipyi-mejdunarodnyie-otnosheniya

Lester Ross.- China Joins the World, 2012, 317-18б. 'China and environmental protection', in Economy

and Oksenberg (eds),

N. Mukametkhanovich, B. A. Sabdenaliyev (2014). Kitaydyn sirtki sayasi tuzhirimdamasinin kalyptasu kezenderi men damui [Stages of formation and development of the concept of China's foreign policy]. Retrieved from: https://articlekz.com/kk/article/17284?

Ostroukhov O. –Audarma, 2003, 5-15b. Vneshnaya politika Kitaya v gody reform I perspektivy razvitiya [China's foreign policy in the years of reforms and prospects for its development].

Pollack, Mark A.-Germany: 2012, 29B. International Relations and Regional Integration Theory.

Russnov Ilya Alexandrovich . – Russia: Odarma, 2014,-157-159b. CHINA's POLICY IN the Un.

Rüland, Jürgen. – Southeast Asia: Odarma, 2012, 127b. new research trends in the field of political sciences and international relations.

See Pieter Bottelier (2001). The impact of WTO membership on China's domestic economy, Part I'

See Shi Guangsheng.- People's Daily, 13 March 2001. China's stance on WTO accession unchanged.

Xinhua News Agency, 7 March 2000. Chinese reform expert proposes countermeasures for WTO challenges.

Zhang Liwei. -Audarma, 2003. 4-11 b. Mezhdunarodnaya strategiya Kitaya v obsuzhdeniyah ASEAN [China's international strategy in the ASEAN discussions].

Zhang Wenwei. – Zhongguo weijiao xueyuan. Beijing: Beijing chubanshe, 2004, -78p. Shanghaiskaya organizasiya sotrudnichestva: dostizheniya, vozmozhnosti, vizovi [Shanghai Cooperation Organization: achievements, opportunities, challenges].

ГРНТИ: 11.25.91 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.09

Е.Ә. Керімбаев*, Н. Шарыпқазы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: Kerimbay.erzhan@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДА «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» АЯСЫНДА ҚЫТАЙ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ТАРАЛУЫ

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастардың бір ерекшелігі дамыған елдердің ұзақ мерзімдік халықаралық стратегиясын жүзеге асыру үшін жұмсақ күш тәсілін қолдануынан байқалады. Мұны соңғы кезде қарқынды дамыған Қытай мемлекетінен анық аңғаруға болады.

«Жұмсақ күш» қолдануда Қытай үкіметі ұлттық тілі мен мәдениетін әлемге тарату арқылы мақсатқа жетуді көздеді. Оның бұл саясатын әлем елдерінің оңай әрі тез қабылдауының басты себебі, Қытайдың экономикалық ықпалының әлемде арта түсуінде, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі елдермен сауда-экономикалық байланыстарының дамуы мен өзара мүдделігінің артуында. Сондықтан әлем елдерінің Қытайға деген қызығушылығы артып, оның тілі мен тарихи мәдениетін білуге ынтасы күшейді.

Қытай өзінің ұлттық мәдениетін әлемге тарату үшін, әлем таныған ұлы гуманист ойшыл Конфуцийдің есімімен аталатын институттар құрып, қытай тілі мен мәдениетін әлемде жалпыластыру саясатын жүргізуді қолға алды. Сонымен қытай тілін оқыту Қытайдың сыртқы саясатының маңызды мазмұнына айналды.

Тілдік саясат пен тілдік жоспарлау қай кезде болмасын ішкі және сыртқы саясаттағы бірқатар мәселелерді шешуде тиімді құрал болған және бүгінгі жаһандану жағдайында оның маңызы еселене түсті.

Соңғы жылдары сыртқы тілдік саясат мәселесінің өзектілігі күннен-күнге артып келеді және де мемлекеттердің осы бағытта жасап жатқан жекелеген әрекеттерінің орнын мақсатты түрде жан-жақты жоспарланған сыртқы тілдік саясат басып отыр. Тілдік саясаттың мақсатын, субъектілері мен құралдарын, тетіктерін, сонымен қатар оның күннен-күнге кең қолданыла бастаған «жұмсақ күш» концепциясымен арақатынасын қарастыру бүгінгі күні зерттеудің қызықты да маңызды объектісіне айналып отыр. Қазіргі заманғы геосаяси жағдайда осы салаға қатысты ҚХР-дың саясаты бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отыр.

Мақалада ҚХР-дың «Бір белдеу – бір жол» жобасының жаһандануға ұсынған жаңа үлгісі екені, экономикамен қатар гуманитарлық салаға да күш салуға ниетті екені пайымдалған. Осы жоба ұсынылғаннан кейін Қытайдың еліміздегі қытай тілі мен қытай мәдениетін қарқынды түрде таратуға күш салып отырғаны дәйектелген.

Түйін сөздер: қытай тілі мен мәдениеті, «Бір белдеу-бір жол», Конфуций институттары, «жұмсақ күш» саясаты, тілдік саясат.

E.A. Kerimbayev*, N. Sharipkazy

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: Kerimbay.erzhan@gmail.com

Intensive dissemination of Chinese language and culture in Kazakhstan within the framework of «One Belt, One Road»

One of the features of international relations in the 21st century is the use by developed countries of the concept of «soft power» in the implementation of a long-term international strategy. A striking example is the rapidly developing state of China in recent years. The concept of «soft power» implies the desire of the Chinese government to spread its national language and culture around the world. The main reason why countries easily and quickly accept this policy is the growth of China's economic influence in the world, as well as the development and mutual interest of trade and economic ties with countries around the world. Therefore, the interest of the countries of the world to China has increased, the desire to study its language and historical culture has increased. China began to pursue a policy of generalizing the Chinese language and culture to the world by creating institutions named after Confucius, the great humanist thinker.

Thus, the teaching of Chinese has become an important content of China's foreign policy. Language policy and language planning have always been an effective tool in solving a number of issues of domestic and foreign policy, and in the context of today's globalization, its importance has increased. In recent

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

years, the urgency of the problem of foreign language policy is growing day by day, and the place of individual actions taken by states in this direction is occupied by a purposefully planned foreign language policy. Consideration of the purpose, subjects and means, mechanisms of language policy, as well as its relationship with the concept of «soft power», which has become increasingly widely used, is becoming an interesting and important object of study today.

In modern geopolitical conditions, China's policy in this area attracts the attention of the whole world. The article emphasizes that the PRC's «One Belt One Road» project is a new model for globalization, it intends to make efforts both in the economy and in the humanitarian sphere. Since the introduction of this project, China has been actively promoting the Chinese language and Chinese culture in our country.

Key words: Chinese language, Chinese culture, One Belt – One Road, Confucius institutions, soft power policy, language policy;

Е.А. Керимбаев*, Н. Шарипказы

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: Kerimbay.erzhan@gmail.com

Интенсивное распространение китайского языка и культуры в Казахстане в рамках « Один пояс – один путь»

Одна из особенностей международных отношений в XXI веке заключается в применении развитыми странами концепции «мягкой силы» в реализации долгосрочной международной стратегии. Ярким примером является быстроразвивающееся в последнее время Китайское государство. Концепция «мягкой силы» подразумевает стремление китайского правительства в распространении своего национального языка и культуры по всему миру. Главная причина, по которой страны легко и быстро воспринимают эту политику, заключается в росте экономического влияния Китая в мире, а также в развитии и взаимном интересе торгово-экономических связей со странами всего мира. Поэтому возрос интерес стран мира к Китаю, усилилось желание изучать его язык и историческую культуру. Китай начал проводить политику обобщения китайского языка и культуры в мире, создавая институты, названные в честь Конфуция, великого гуманиста-мыслителя.

Таким образом, преподавание китайского языка стало важным содержанием внешней политики Китая. Языковая политика и языковое планирование всегда были эффективным инструментом в решении ряда вопросов внутренней и внешней политики, и в условиях сегодняшней глобализации ее значение возросло. В последние годы актуальность проблемы внешней языковой политики растет день ото дня, и место отдельных действий, предпринимаемых государствами в этом направлении, занимает целенаправленно спланированная внешняя языковая политика. Рассмотрение цели, субъектов и средств, механизмов языковой политики, а также ее соотношения с концепцией «мягкой силы», которая стала все более широко применяться, сегодня становится интересным и важным объектом исследования.

В современных геополитических условиях политика КНР в этой сфере привлекает внимание всего мира. В статье подчеркивается, что проект КНР «Один пояс-один путь» является новой моделью для глобализации, он намерен приложить усилия как в экономике, так и в гуманитарной сфере. После представления этого проекта, Китай активно продвигает китайский язык и китайскую культуру в нашей стране.

Ключевые слова: китайский язык, культура Китая, «Один пояс – одинь путь», институты Конфуция, политика «мягкой силы», языкова политика;

Кіріспе

«Бір белдеу – бір жол» (一带一路 – Yi dai yi lu) — Қытай Халық Республикасының (ҚХР) 2013-шы жылдары ұсынған «Жібек жолының экономикалық белдеуін отрақ құру» және «XXI ғасыр теңіз Жібек жолын» ортақ құру жобаларының біріктірген атауы.

Бұл бастаманың мәні Қытайдың қатысуымен екі жақты және көп жақты тетіктер мен өзара іс-қимыл құрылымдарын жандандыру арқылы халықаралық ынтымақтастық пен дамудың жаңа моделін іздестіру, қалыптастыру және ілгерілету. Ежелгі Жібек жолы рухын жалғастыру және дамыту негізінде қамтылған аймақта экономикалық әріптестіктің жаңа тетіктерін жасауға, тартылған елдердің экономикалық өркендеуін ынталандыруға, әртүрлі өркениеттер арасындағы мәдени алмасулар мен байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақты дамуға жәрдемдесуге шақырады.

ҚХР 2017 жылы 14 маусым күні 100 ден

астам мемлекеттің өкілдерін Бейжіңге шақырып бірінші рет салтанатты саммит өткізді. Алғашқы саммитте Қытай басшысы халықаралық инициативасын ұсынудың тарихи, реалдық негіздерін, ынтымақтастық концепциясы мен принциптерін, жүзеге асыру мехнизмдері мен қаржы көздерін нақтылады.

Форумда Си Цзиньпин 2013 жылдан бері осы инициативаға ат салысып жатқан елдер «Жібек жолы рухын» асқақтатты, ғылым-білім, ағартушылық, мәдениет, денсаулық сақтау саласындағы серіктестікті жолға қойды және халықтар арасындағы қарым-қатынасқа қолдау көрсетті, жобаға қатысты қоғамдық ой сана қалыптастырды, оның әлеуметтік базасын нығайтты деп атап өтті. Ол қытай үкіметі белдеу бойындағы елдерге жылына 10 мың стипендия тағайындағанын, басқа мемлекеттердің үкіметі де Жібек жолы бойындағы мемлекеттер үшін арнайы стипендиялар тағайындағанын айтты. ҚХР үкіметі халықаралық мәдениет және білім саласындағы барыс-келістер мен алмасуларға, өнер мен кино фестивальдарын, түрлі деңгейдегі конференциялар мен диалогтарды өткізуге барынша қолдау көрсетіп отырды. Мұның бәрі гуманитарлық саладағы қарым-қатынастарды жан-жақты ете түсті.

Си Цзиньпин бес компоненттен тұратын жаңа схема, «Бір жол – бір белдеуді» «бейбітшілік жолы», «көркейген жол», «ашықтық жолы», «инновация жолы», «өркениет жолы» ретінде қалыптастыруды ұсынды. Яғни, Бір жол – бір белдеуді» дамытуда гуманитарлық салаға күш салынатыны байқатты. Қытай басшысының сөзінше бұл үшін өркениеттер арасындағы қарым-қатынастың көмегімен олардың арасындағы алшақтықты қысқарту керек, өзара өркениеттерді зерттеу арқылы олардың арасындағы қайшылықты жою керек, өркениеттердің бірлесіп өмір сүруінің арқасында бір өркениет бір өркениеттен артық деген менмендіктен арылу керек. Ал ол үшін барлық мемлекеттердің арасында өзара түсінушілік, өзара құрмет және өзара сенімді күшейту керек (А.В. Ломаное, 2019).

2019 жылы 26 сәуір күні Қытай төрағасы Си Цзиньпин екінші рет өткен «Бір белдеу-бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде «Бір ниетпен «Бір белдеу – бір жолдың» көркем болашағын бірге құрайық» деген тақырыпта баяндама жасады. Алғашқы саммитте Қытай басшысы халықаралық инициативасын ұсынудың тарихи, реалдық негіздерін, ынтымақтастық концепциясы мен принциптерін, жүзеге асыру мехнизмдері мен қаржы қайнарларын пайымдаса, бұл жолы жобаны іске асырудың нәтижесін қорытып, алда жасайтын жұмыс жоспарымен бөлісті.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Отандық қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы Қытайдың 2017 және 2019 жылдары «Бір белдеу – бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде ҚХР төрағасының жасаған баяндамасы мен ұсынған жоспарын сараптай келе, ««Бір белдеу – бір жол» жобасы қытайлық жаһанданудың моделі екенін анық аңғаруға болады. Қытай өзінің осы жобасын іске асыру үшін, саясаи-дипломатиялық, сауда-экономикалық және рухани-мәдени салада жаппай пәрменді жобалар мен шаралар іске асырып келеді» (Н.Мұқаметханұлы) деп пайымдайды

«Бір белдеу – бір жол» жобасының» негізгі мақсаты белдеу бойындағы елдердің саясат, инфрақұрылым, сауда-саттық, инвистиция саласындағы және халықтары арасындағы «өзара сәйкестік пен өзара байланыс» болса, бұған қол жеткізу үшін тілдің алатын орны ерекше екені белгілі.

Тілдік «өзара сәйкестік пен өзара байланыс» бір қарағанда бір тілден бір тілге аудару мәселесі ғана болып көрінуі мүмкін. Алайда, шындығында мұның артында бір-бірінің тарихын, мәдениетін, мемлекеттік жағдайын, қоғамдық ой-санасын және де басқа аспектілерін түсініп-білу сияқты үлкен мәселе жатыр. Сондықтан ҚХР қытай тілін таратуда екі бағытқа күш сала бастады; біріншіден, қытай тілі мен мәдениетін тарату; екіншіден, басқа елдің тілі мен мәдениетін үйрену және түрлі елдер арасындағы мәдени-тілдік байланыс орнату.

Пекин шет тілдер университетінің ректоры Пан Лонг 2015 жылы Боао Азия форумында сөйлеген сөзінде, «Бір жол – бір белдеу» стратегиясына қолдау көрсету үшін, Пекин шет тілдер университеті жақын арадағы 5 жылда тілге қатысты 100 мамандық ашатынын жариялады. ««Бір жол – бір белдеу» стратегиясын жүзеге асыру барысында екі елдің мәдениетінен жақсы хабары бар тіл мамандары өте қажет болады. Дәл қазіргі уақытта мұндай кадрлар мүлде жетіспейді. Қытаймен арада дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің ішінде, оқу орындарында қытай тілі арнайы оқытылмайтын

әлі де болса 38 мемлекет бар» деп атап өтті ректор (Пэн Жун, 2015).

Қытай ««Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдердің халқына қытай тілін оқыту, Қытай мен басқа мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстың маңызды құралы деп есептеді. Шет елдерде Конфуций институттары мен сыныптарын көптеп ашудың қытай тілі мен мәдениетін әлемдік ареада кеңінен таратуда маңызы зор. Сонда да болса Қытай үкіметі ««Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдерде Конфуций институттары мен сыныптары әлі де болса жеткілікті мөлшерде ашылмаған деп есептеді. ««Бір жол – бір белдеу» стратегиясына тартылған елдер әлемдегі мемлекеттердің 36% құрады. Алайда, осы елдердің ішінде Конфуций институттары мен сыныптары ашылған елдер 28% шамасы ғана болды. Бұл мемлекеттерді ашылған Конфуций институтары мен сыныптарының саны бүкіл әлемде ашылған институтардың 22 % құрады (http://www.aiweibang.com/yuedu/46257943.html). «Бір жол – бір белдеу» инициативасы қамтитын ауқымды территорияда қытай тілінде сөйлейтіндердің санын арттыру, Қытайдың алдыға қойған мақсаттары мен жоспарларына тікелей қатысты болды.

Осылайша 2017 жылдың 19 сәуірінде Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қытайдың Оңтүстік-Батыс университетімен бірлесіп Қазақстанда бесінші Конфуций институтын құрды. Бұған дейін елімізде Конфуций институттары Алматыда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қарағанды техникалық университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогика институты және Астанадағы Гумилев атындағы ЕҰУ жанынан ашылған еді.

2017 жылдың желтоқсан айында Сиан қаласында Конфуций институттарының 12-конференциясы өтті. 140 мемлекеттен Конфуций институттарының өкілдері мен университет ректорлары жиналған үлкен жыйында талқыға түскен негізгі тақырыптардың бірі, Конфуций институттарының «Бір жол – бір белдеу» инициативасын жүзеге асыруға қолдау көрсетуі болды.

Әдістеме

Осыған байланысты Қытайдың сыртқы саясатындағы лингвистикалық фактор жаңа формаға өте бастады. Қытай үкіметінің 2013 жылы қолға алған «Бір жол – бір белдеу» стратегиясына сәйкес «Қытайдың жақын елдерге бағытталған сыртқы саясаты жан-жақты дамыған, кемел кезеңге аяқ басты, тиісінше тілдік стратегияның маңыздылығы да арта түсті. Айналадағы көрші елдердің тілін оқып-үйретуді қолға алу мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте өзекті болды.

Осылайша, Қытай жақын орналасқан елдермен арада тілдік байланысты дамытуды көздеп отыр. Оның ішінде Ресей, Монғол, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Оңтүстік Корей, Жапония, Филиппин, Малайзия, Бруней, Индонезия, Сингапур, Солтүстік Корея, Вьетнам, Өзбекістан, Түркіменстан, Түркия, Иран, Бангладеш, Шри-Ланка, Таиланд, Камбоджа, Тәжікстан, Ауғанстан, Пакистан, Индия, Непал, Бутан, Бирма және Лаос сияқты 29 ел бар.

Қытай аталған мемлекеттермен арадағы қарым-қатнаста тек қана қытай тілі мен мәдениетін экспорттауды ғана көздеп отырған жоқ, сонымен қатар осы елдердің тілін өз ішінде оқытуды да қолға алмақшы. Осыған орай, 2013 жылдың қараша айында үкіметтің қолдауымен Пекин тілдер және мәдениет университетінің базасында, айналадағы жақын орналасқан мемлекеттердің тілі мен мәдениетін зертеуге арналған координациялық-инновациялық орталық құрылды. Құрылған орталықтың міндеттеріне мемлекеттің сыртқы тілдік стратегиясына бағыт-бағдар беріп отыру, лингвистика саласындағы менеджер-мамандарды, маңызды деген тілдерді меңгеретін және зерттейтін дарындарды дайындау, сол тілдерде интернет-ресурстар жасап шығу, сонымен қытар Қытайда шет тілдерін оқыту мен қытай тілін шет елдерге таратуды координация жасау кіреді. Мұнан бөлек, осы университетте құрамына тіл білімі саласында мамандар дайындайтын бірнеше мамандандырылған институттар кіретін Лингвистикалық академия құрылды .

Бұл ауқымды жобаға басқа да мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін көптеген тіл мамандары да қатысады. Атап айтқанда, Қытайдың халықтық азат ету армиясының шет тілдер әскери Институтының, Қытайдың Орталық ұлттар Университетінің, ҚХР қоғамдық ғылымдар Академиясына қарасты этнография және антропология Институты мен Тіл білімі Институтының мамандары тартылады. Дәстүрлі ғылым-білім технологияның дамыған, ең жаңа үлгілерімен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде компьютерлік тілдік технологияларды зерттеумен айналысатын Аньхуйдың iFLYTEK компаниясы қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Сонау 1897 жылы

құрылып, өзінің филология саласындағы басылымдарымен танымал «Шаньуиньшугуань – 商务印书馆» баспасы қытайлық лингвист мамандардың көрші мемелекеттердің тілін зерттеуде жеткен жетістіктері мен жаңалықтарын басып, таратуға дайын. Бұл жобаға сырттан шет елдерде жұмыс жасап жатқан Конфуций институттары көмекке келеді деп жоспарланып отыр. Соңғы кездері қойылған талап бойынша, бұл институттардың оқытушылары тек қана қытай тілін оқытып қана қоймай, сонымен қатар өздері де қызмет жасап отырған елдердің тілін меңгерулері керек (http://www.aiweibang.com/yuedu/46257943.html).

Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Орталық Азия елдеріне жасаған сапарында алдымен Астанаға келді. Ол Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» деген ұсыныс жасады, сондай-ақ осы жоба аясында әр жылы Қытайға барып оқуға 30 мың грант бөлетінін мәлімдеді (Керімбаев Е., Шәріпқазы Н, 2018).

Мұнан бөлек, Қытай үкіметі Конфуций институттары арқылы Қытайға барып оқитын гранттарын көбейтіп отыр. Қытайдың әртүрлі жобалары бойынша бөлінген гранттарға ие болған және өз қаражатымен Қытайға барып оқитындардың да қатары көбейді. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, 2012 жылы Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 9565 студент оқыса, 2014 жылы 11764 студентке жеткен. Ал, 2018 жылы олардың ұзын саны 17 мыңға жеткен (http://www.moe.gov.cn, 2019).

Шынында Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жобасы мен 2014 жылы жарияланған Қазақстан президентінің «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық стратегиясының өзара сәйкесуінің арқасында Қазақстан-Қытай қатынастарының дамуы 2015 жылы жаңа кезеңге көтерілді. Соған байланысты қазақстандық жастардың қытай тілін оқуға қызығушылығы да арта түсті.

Әдебиеттерге шолу

Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» инициативасы жарияланғаннан кейін Қытайдың осы белдеудің бойында орналасқан мемлекет жастарына, әсіресе, зерттеумен айналысатын магистранттар мен докторанттарға берілетін гранттардың саны күрт өскенін байқауға болады. Бір жылдық немесе түрлі қысқа мерзімдік тілдік стажировкаларға берілетін гранттар негізінен шет провинцияларда орналасқан қалалардағы оқу орындарына жіберіле бастады. Пекин, Шанхай сияқты ірі қалаларға белдеудің бойында орналасқан мемлекеттерден зерттеумен айналысатын жастар тартылды. Қазақстаннан Қытайға барып оқитын жастардың арасында да магистранттар мен докторанттар көбейді. Оларға бекітіліп берілген зертеу тақырыптары тікелей Қазақстанмен байланысты болды. Яғни, өз саласы бойынша Қазақстанға қатысты тақырыпты қытайларға зерттеп беріп жатыр деген сөз. Ол жас зерттеушілердің дені бұрын қытай тілін мүлде оқымағандар. Қытайға барғаннан кейін бір жылдық қана тілдік дайындықтан өтеді. Алайда, бір жыл ғана қытай тілін оқу, зерттеумен айналысуға, қытай тілінде ғылыми еңбек жазуға мүлдем жеткіліксіз. Олар елден жиған-терген материалдарын қытайға тасуда және адам жалдап болса да қытай тіліне аударуда. Бұл қытай үшін өте тиімді амал болып отыр. Түрлі салада зерттеумен айналысатын, сол елдің тілі мен жағдайын жақсы білетін маман дайындау үшін Қытай орасан зор шығын мен уақыт зая кетірер еді. Бір ғана мысал, Қазақстан жоғарғы оқу орындарында бакалавр деңгейін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, магистратура немесе докторантураны Қытайда жалғастырып жатқан ізденушілерге қазақ фольклорына, эпостарына, аңыз-ертегілеріне, салт-дәстүріне, аңыз-әпсаналарына, қисса-дастандарына қатысты тақырыптар беріледі. Эпостардағы кейіпкерлердің ер жүрек батыр, елін-жерін сүйетін тұлға болып қалыптасуына қандай факторлар әсер ететінін зерттеп-зерделеу тапсырылады. Мұнан бөлек, бала тәрбиесі, отбасы құру, ерлі зайыптылар, туған-туыс, ағайын-бауыр арасындағы қарым қатынастың негізінде қандай принциптер тұрғаны, тіпті аңыз-ертегілердегі аждаһа, жалмауыз кемпір, жын, пері, дию, жезтырнақ сияқты мистикалық кейіпкерлердің артында қандай образдар тұрғанын қарастыру сияқты нәзік мәселелер де назардан тыс қалып жатқан жоқ.

Бұлардың ішінде Қазақстанның экономика, қаржы, логистика, оқу-ағарту, журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары, спорт және тағы да басқа көптеген салаларда зерттеумен айналысып жатқан жас ғалымдар жетерлік.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей Қытай «Бір белдеу – бір жол» бойында орналасқан елдердің тілі мен мәдениетін оқуды да қолға ала бастады. Осы саясаттың аясында ҚХР жоғарғы

оқу орындарында Қазақстанның мәдени орталықтары мен қазақ тілін үйренетін топтар ашыла бастады.

2015 жыл Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 3 бірдей Қазақ орталығы ашылды. Қазан айында Сұлтанмахмут Торайғыров атындағы Павлодар Ұлттық университеті мен Шанхайдың Тунцзи университеті арасындағы серіктестік меморандуымы бойынша ҚХР-да ең алғашқы қазақ тілі мен мәдениетінің орталығы ашылды. Орталық Тунцзи университетінің кітапханасында жұмыс жасайды.

Сол жылдың қараша айында Шанхай шет тілдер университетінде тағы бір Қазақстан орталығы ресми ашылды. Бұл орталық Шанхай қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығы, «Болашақ» стипендиясының ресми администраторы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ және Шанхай шет тілдер университеті арасындағы келісіммен құрылды. Орталық шетел студенттер мен ғылыми қауымдастықты Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен және экономикада, сыртқы, ішкі саясатта жеткен жетістіктерімен таныстыратын орынға айналады. Сонымен қатар жақында қазақ тілі кафедрасын құру жоспарланып отырғаны айтылды.

Орталықты ашу барысында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ мен Шанхай шет тілдер университеті арасында «Болашақ» бағдарламасы бойынша қытай тілінің синхронды аудармашыларын дайындау туралы меморандумға қол қойылды. Шараға Қазақстан Республикасының Қытайдағы елшісі Нұрышев Шахрат пен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның президенті Ғ.Нығыметов қатысты (www.moe.gov.cn, 2015).

Тура осындай орталық желтоқсан айында Пекин шет тілдер университетінде ашылды. Шараға Қазақстанның премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев арнайы келіп қатысты.

Б.Сағынтаев Пекин шет тілдер университеті мен Евразиялық Қытайды зерттеу орталығын ашуды жоспарлап отырған «Назарбаев университеті» арасында ғылыми-академиялық серіктестік орнату туралы ұсыныс жасады.

Қазақстан тарапының бірлесуімен ашылған мұндай орталықтардан бөлек, Қытайдың көптеген университеттері жанынан «Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдерді зерттеу үшін көптеген ғылыми орталықтар құрылды. Яғни, мұндай әрекеттерден Қытайдың белдеу бойындағы елдерді жан-жақты зерттеуге жақсылап ден қойғанын байқауға болады.

2018 жылы ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты. Осындай мектептердің оқу бағдарламасы ҚР мемлекеттік бағдарламасына сай келеме, оны анықтаған адам жоқ.

Қытай үкіметі ендігі жерде Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алды. Қазір Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуды бастап кеткен.

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 1 желтоқсанында Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларының қытай тілін үйренуінің маңызы зор екенін атап өткен болатын. Осы бастаманы қолдау және екіжақты достық қатынасты, мектептермен ынтымақтасты нығайту, сонымен қатар қазақстандық оқушылардың қытай тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында деген сылтаумен 2019 жылдың қыркүйек айында Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшілігі ҚР Білім және ғылым министрлігіне 27,5 миллион тұратын қытай тілінің оқулықтарын сыйлады (https://informburo.kz) .

2. «Қытай тілін оқу – екі ел арасын жақындататын рухани құрал. Сондықтан біз тұрғындар бір-бірін жақсы танығанын, үйреніскенін қалаймыз. Тіл үйренуде мектеп жасы өте қолайлы кезең болғандықтан, балаларға оқу барысында қолдау көрсеткіміз келеді. Келесі жылы мектеп саны 5-6 болып көбейеді деп үміттенеміз. Себебі қытай тілі, мәдениетіне деген сұраныс жоғары. Жақында ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездескенде Конфуций институтының санын арттыруды қолдайтынын айтты. Былтыр желтоқсанда Елбасы қытай тілін үйретуге мән беруді бастады. Сондықтан біз осы бастаманы қолдауды міндет деп білеміз. Елбасы мен президенттің тапсырмаларын іске асыру үшін әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Болашақта екі елдің ынтымақтастығы мен серіктестігін нығайту үшін қытайтанушы, қытай тілін үйренушілердің саны көбейеді деген үміттеміз» – деді Чжан Сяо мырза (https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl-6hy0nsans2nnzxfmgsrlklpovtlivlcb9j2g39zvpq).

Елшінің бұл сөзінен, Қытайдың Қазақстандағы қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын арттыру саясаты өте ұзақ мерзімді көздеп отырғанын аңғаруға болады.

«Бір жол – бір белдеу» аясында белсенді жүргізілген саясаттың арқасында Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралу аясын кеңейте түсетіні сөзсіз. Қытай үкіметінің қолдауымен Қазақстанның бірқанша жоғары оқу орындарында «Қытай мәдениетінің орталықтары» ашылды. Қазірге дейін Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ мемлекеттік *Қыздар* педагогика *университетінде*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінде орталықтар құрылды (Сергей Горбунов, 2015).

Қытай мен Қазақстанның мәдени мекемелерінің арасында өзара байланыс, қарым-қатынас жандана түсті. Мысалы, 2016 жылдың 31 тамызында Алматыдағы Ұлттық кітапхана жанынан «Қытай мәдениеті мен әдебиеті орталығы» ашылып, оған Қытайдан 7200 кітап әкелінді (https://strategy2050.kz/ru/news/28405/, 2015).

Нәтижелер мен талқылау

«Бір жол – бір белдеу» инициативасы жарияланға дейін Қытай мәдениетіне, қытай мейрамдарына қатысты іс-шаралар мен концерттер қытай тілін оқитын жоғарғы оқу орындарында ғана атап өтілетін. Және де мұндай іс-шаралардың ауқымы тым үлкен болмайтын. «Бір жол – бір белдеу» жобасы жарияланғаннан кейін қытай мәдениетін насихаттайтын іс-шаралардың ауқымы кеңейе түскенін байқауға болады. 2009 жылдан бері ҚХР елшілігі мен консулдығының күш салуымен, Қытайдың өнер қайраткерлерінің қатысумен өтетін «Көңілді көктем мейрамы», 2013 жылдан бастап Қазақстанның ірі қалаларында, үлкен концерт залдары мен сахналарында, БАҚ құралдарында кеңінен тарату арқылы атап өтілетін болды. Ал енді келесі 2013 жылы тура осы концерт ҚХР Ішкі Монголияның Ухай қаласынан келген әртістердің қатысуымен Алматы және Астана қалаларында үш бірдей сахнада өтті (https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html).

2014 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Чунцин қаласының ансамблдерінің қатысуымен Астанадағы Бейбітшілік және Келісім сарайында өтті. Бұл мейрам осы залда 2015 жылы Чжэнчжоу би және ән театрының әртістерінің қатысуымен өтті (https://adyrna.kz/post).

2016 жылы Қытайлық дәстүрлі жаңа жылды тойлау Алматы қаласында Абай атындағы Опера және Балет театрында өтсе, Астанада Бейбітшілік және Келісім сарайында жалғасты. Гала-концертті ҚХР Синьцзян көркем театрының би және ән ансамблдері өткізді.

2017 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Гуаңдун провинциясының Ұлттық оркестірінің қатысуымен Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының үлкен концерт залында өтті.

2018 жылы Көтем мейрамы «Ni Hao Zhong Guo» деген атпен Қарағанды қаласында да атап өтілді.

2019 жылы Қазақ Ұлттық музейінде «Көңілді көктем» деген атпен фотокөрме ұйымдастырылды (https://egemen.kz/article).

Мұнан бөлек, кезінде қытай тілін оқитын оқу орындары жекелеп кішігірім атап өтетін Чун цзие мейрамы 2016 жылдан бастап, Алматы қаласы жоғарғы оқу орындары арасындағы Қытайдың «Көктем мейрамына» арналған мерекелік кеші болып, өте ауқымды іс-шара ретінде, дәстүрлі түрде атап өтіле бастады. Бұл іс-шараға Алматыдағы қытай тілі оқытылмайтын, қытайтанушы мамандық дайындамайтын оқу орындарының студенттері де белсенді түрде тартыла бастады.

Екі елдің арасында өткізіліп келе жатқан мәдениет күндерінің де ауқымы үлкейіп, іс-шаралардың сапасы мен саны арта түсті. 2013 жылдың қараша айында Қазақстанның Қытайдағы мәдениет күндері өтті. Осы мәдениет күндерінің аясында екі елдің өнер саласындағы, ғылым-техника, білім беру саласындағы мамандары мен делегацияларының өзара сапарлары жалғасып отырды.

Қорытынды

Қорыта келгенде Қытай өзінің осы бастамасын іске асыру үшін, саясаи-дипломатиялық, сауда-экономикалық және рухани-мәдени салада жаппай пәрменді жобалар мен шаралар іске асырып келеді. ҚХР көрші мемлекеттерге қытай тілін белсенді таратумен қатыр, сол мемлекеттердің тілі мен мәдениетін оқуға ден қойды. Осы саясатты іске асыратын құрылымдар мен мекемелер құрып, олардың мақсат-міндеттерін айқындады. Қытайдың ЖОО-ында қазақ тілі кафедралары мен Қазақ мәдени орталықтары ашылды. Ғылыммен айналысып жүрген жас зерттеушілерге Қытайға барып оқуға, ғылыми

атақты сол жақта қорғауға жағдай жасады. Бұл мамандардың зерттеу тақырыбы негізінен Қазақстанды іштей танып-білуге бағытталғанын байқауға болады.

Қытай Қазақстандағы Конфуций институттарының санын 5-ке жеткізді. Әлі де ашуға ниетті. Қытай тілін оқытуды еліміздің болашақ элитасын дайындайтын Назарбаев зиаткерлік мектептерінде оқытуды бастап кетті. ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени іс-шаралардың ауқымы кеңейіп, мазмұны жан-жақты тереңдей түсті.

Қытай мен көрші елдердің тұрғындары арасындағы байланыс пен қарым-қатнастың ауқымының кеңейуі, шекара аймағындағы визасыз сауданың қарқынды дамуы, Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі жобасы аясында өндіріс орындары мен инфрақұрылымның соғылуы, бірлескен кәсіпорындардың ашылуы көрші елдердің тілін меңгерудің қажеттілігі арттыра түсетіні даусыз. Қалай болғанда да, «Бір жол – бір белдеу» жобасын ұсынумен қатар, Пекин өзінің лингвистикалық стратегиясына да үлкен өзгерістер енгізе бастағаны айқын.

Қытай «Бір жол – бір белдеу» инициативасын жүзеге асыру аясында қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын барынша күшейте түскені анық байқалады. Сондықтан Орталық Азия және Қазақстан қоғамында қытайдың қауіп-қатеріне деген күдік күшейе түсті. Өйткені соңғы жылдары Қытай ресми сайыттарында жарияланған Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіп төндіретін мәлімдемелердің елімізде ресми және бейресми түрде қатты наразылық туғызғаны жайдан жай емес. Себебі, Қытай өзінің жүргізіп отырған мәдени ықпалының түп мақсатын аңғартып алды.

Әдебиеттер

А.В. Ломаное. Стратегия культурного влияния Китая в проекте «Один пояс, один путь» https://cyberleninka.ru/article/n/strategiya-kulturnogo-vliyaniya-kitaya-v-proekte-odin-poyas-odin-put

Н.Мұқаметханұлы. «Бір белдеу – бір жол» және жаһандану жол айырығы, https://abai.kz/post/90371

Пэн Жун. Число специальности по иностранным языкам достигнет более 100 в ближайшее 5 лет [Электронный ресурс] //Официальный сайт Агентства Синьхуа.– Режим доступа: http://education.news.cn/2015-03/28/c_1114794706.htm

Сколько языков нам нужно изучать для идти вдоль проекта «Один пояс-один путь» [Электронный ресурс]//Официальный сайт Айвейбань интернета. – Режим доступа: http://www.aiweibang.com/yuedu/46257943.html

Керімбаев Е., Шәріпқазы Н., Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі, ҚазҰУ Хабаршы, шығыстану сериясы 2018,№1 (84), 54-60 б.

Укреплять дружбу народов, вместе открыть светлое будущее. Выступление Председателя. КНР Си Цзиньпина в Назарбаев университете http, // kz.china-embassy.org, 16 сентября 2013 [kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFWHSKST/t1077192.htm]

2014 nian quan guo lai hua liu xue sheng shu ji tun ji. Zhonghua Renmin Gong he guo Jiao yu bu. [Национальная статистика иностранных студентов в 2014 году. Министерство образования КНР [http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/gzdt_gzdt/s5987/201503/t20150318_186395.html] 25 февраля 2019

В Китае открылся первый центр Казахстана. 17 ноябрь 2015 года, https://strategy2050.kz/ru/news/28405/

Учебники китайского языка на 27 млн тенге передало школам Казахстана посольство КНР https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html

Қазақтың балалары екінші сыныптан бастап Қытай тілін меңгеретін болады. https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl-6hy0nsans2nnzxfmgsrlklpovtlivlcb9j2g39zvpq

https://www.kazpravda.kz/fresh/view/kazahskii-tsentr-yazika-v-kitae/ Сергей ГОРБУНОВ, 29 Октября 2015Казахстанская правда, Казахский центр языка в Китае

В китае открылся первый центр Казахстана. 17 ноябрь 2015 года, https://strategy2050.kz/ru/news/28405/

Учебники китайского языка на 27 млн тенге передало школам Казахстана посольство КНР https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html

Қазақтың балалары екінші сыныптан бастап Қытай тілін меңгеретін болады. https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl-6hy0nsans2nnzxfmgsrlklpovtlivlcb9j2g39zvpq

Қазақстан мен Қытай ұлттық кітапханалары тәжірибе алмасты

https://egemen.kz/article/160460-qazaqstan-men-qytay-ulttyq-kitapkhanalary-tadgiribe-almasty

References

A.B. Lomonoe . Qytaidyñ «Bır beldeu, bır jol» [One Belt, One Road] jobasyndağy mädeni yqpal etu strategiasy https://cyberleninka.ru/article/n/strategiya-kulturnogo-vliyaniya-kitaya-v-proekte-odin-poyas-odin-put

N.Mūqamethanūly. «Bır beldeu – bır jol» jäne jahandanu jol aiyryğy [«One Belt – One Road» and the crossroads of globalization] // https://abai.kz/post/90371

Pen Jun. Aldağy 5 jylda şet tılderı boiynşa mamandyqtar sany 100-den asady [The number of specialties in foreign languages will reach more than 100 in the next 5 years] // [Elektrondyq resurs] // Sinhua aqparat agenttıgınıñ resmi saity. – Qol jetkızu rejimı: http://education.news.cn/2015-03 /28/c_1114794706.htm

«Bır beldeu bır jol» jobasy boiynşa jüru üşın bızge qanşa tıl üirenu kerek [How many languages do we need to learn to go along the One Belt One Road project] // [Elektronnyi resurs]//Ofisiälnyi sait Aiveibän interneta. – Rejim dostupa: http://www.aiweibang.com/yuedu/46257943.html

Kerımbaev E., Şärıpqazy N., Qytaidyñ syrtqy saiasatyndağy tıldıñ rölı [The role of language in China's foreign policy] // QazŪU Habarşy, şyğystanu seriasy 2018,№1 (84), 54-60 b.

Halyqtar dostyğyn nyğaityp, jarqyn bolaşaqty bırge aşaiyq [Chairman. China Xi Jinping at Nazarbayev University] // Törağanyñ sözı. Qytai Si Szinpin Nazarbaev Universitetınde http, // kz.china-embassy.org, 16 qyrküiek 2013 jyl [kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFWHSKST/t1077192.htm]

2014 jylğy halyqaralyq studentterdıñ ūlttyq statistikasy [In 2014, the hoarding of secretaries of international students studying in China] // Qytai Halyq Respublikasynyñ Bılım ministrlıgı [http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/gzdt_gzdt/s5987/201503/t20150318_186395.html] 25 aqpan, 2019 j.

Qytaida Qazaqstannyñ tūñğyş ortalyğy aşyldy [The first center of Kazakhstan opened in China] //17 qaraşa 2015 jyl, https://strategy2050.kz/ru/news/28405/

Qytai elşılıgı Qazaqstan mektepterıne 27 million teñgenıñ qytai oqulyqtaryn syiğa tartty [Chinese language textbooks for 27 million tenge donated to schools in Kazakhstan by the Embassy of the People's Republic of China] // https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html

Qazaqtyñ balalary ekınşı synyptan bastap Qytai tılın meñgeretın bolady [Kazakh children will learn Chinese from the second grade] // https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl-6hy0nsans2nnzxfmgsrlklpovtlivlcb9j2g39zvpq

Sergei GORBUNOV, 29 qazan 2015 jyl «Kazahstanskaia pravda», Qytaidağy qazaq tılı ortalyğy https://www.kazpravda.kz/fresh/view/kazahskii-tsentr-yazika-v-kitae

Qazaqstannyñ tūñğyş ortalyğy Qytaida aşyldy [The first center of Kazakhstan opened in China] //17 qaraşa 2015 jyl, https://strategy2050.kz/ru/news/28405/

Qytai elşılıgı Qazaqstan mektepterıne 27 million teñgenıñ qytai oqulyqtaryn syiğa tartty [Chinese language textbooks for 27 million tenge donated to schools in Kazakhstan by the Embassy of the People's Republic of China] //https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html

Qazaqtyñ balalary ekınşı synyptan bastap Qytai tılın meñgeretın bolady [Kazakh children will learn Chinese from the second grade] //https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl 6hy0nsans2nnzxfmgsrlklpovtlivlcb9j2g39zvpq

Qazaqstan men Qytai ūlttyq kıtaphanalary täjıribe almasty [National libraries of Kazakhstan and China exchanged experiences] // https://egemen.kz/article/160460-qazaqstan-men-qytay-ulttyq-kitapkhanalary-tadgiribe-almasty

4-бөлім

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ТАРИХЫ

Section 4

HISTORY OF THE COUNTRIES OF THE EAST

Раздел 4

ИСТОРИЯ СТРАН ВОСТОКА

FTAMP 11.25.43 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.10

Қ. Сарқытқан*, Д. Мәсімханұлы

Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: kaster0102@mail.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақала Орталық Азия елдерінің қазіргі кезеңдегі геосаяси жүйесін экономикалық-географиялық, тарихи-саяси тұрғыда зерттеуді мақсат етеді. Сондай-ақ Орта Азия елдерінің геосаяси жағдайының қалыптасуы және бүгінгі экономикалық даму мәселелерін аймаққа ықпал етіп отырған әлемдік державалардың мәселен, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары, Үндістан Республикасы, Түркия Республикасы, Иран Ислам Республикасы және Ауғанстан Ислам Әмірлігінің ұстанымдары тұрғысынан қарастырады. Ортақ әрі сенімді нәтижеге жету үшін әлемдік деңгейдегі тілдерде (ағылшын, қытай, орыс және түрік тілдері) жарық көрген ғылыми, саяси әдебиеттер мен дерек көздерін өзара салыстыру негізінде талдау жасалынады.

Мақала аймақтағы елдердің қалыптасу тарихын, қазіргі жағдайын, даму болашағын зерттеу арқылы Орталық Азия аймағының ежелден көптеген елдердің саяси және экономикалық мүдделері тоғысқан аймақ екендігіне көз жеткізуге тырысады. Ол үшін зерттеу барысында тек Қазақстандық немесе аймақтағы елдердің ғылыми ортасының ұстанымы тұрғысынан емес, жалпы әлемдік масштаптағы ғылыми ортаның көзқарасымен сәйкестендіріп қарастыруды басты мақсат етіп алды. Зерттеу барысында тарихи, салыстыра талдау, математикалық, географиялық үлгілеу және тағы басқа да ғылым саласында кеңінен қолданылып жүрген әдістер қолданылды.

Орталық Азия аймағында әлемдік деңгейдегі ірі ойыншылардың мүдделері бүгін ғана тоғысып отырған жоқ. Олардың қызығушылықтарының тарихы ертеден бастау алатыны белгілі. Әрбір ірі ойыншы аймақтағы өзінің мүддесін жақтапғылыми зерттеулер жасайды және өз мүддесіне сай келетін ақпараттармен бөлісу мүмкіндігіне ие. Оның үстіне аймақ елдерінің де өзара байланысы күрделі. Қазіргі тұрақсыз әрі өзгермелі геосаяси жағдайда аймақ елдерінің ең басты құндылығы – саяси тәуелсіздікті сақтап қалуы болып отыр. Алайда, экономикалық жақтан өзге ірі елдерге тәуелді болып қалған Орталық Азия мемлекеттері бұл мақсатқа қалай жете алады? Мақалада соның жолы көрсетіледі.

Түйін сөздер: геосаясат, Орталық Азия елдері, мүдделер тоғысуы, экономикалық интеграция, саяси тұрақсыздық, мәңгілік тәуелсіздік.

K. Sarkytkan*, D. Massimkhanuly

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: kaster0102@mail.ru

Central Asian countries: the intersection of economic and geopolitical interests historical development and current situation

The article aims to study the geopolitical system of Central Asian countries at the present stage in economic, geographical, historical, and political terms. It also considers the formation of the geopolitical situation and current economic development of the Central Asian countries from the point of view of the positions of the world powers that influence the region, such as the people's Republic of China, the Russian Federation, the United States of America, The Republic of India, the Republic of Turkey, the Islamic Republic of Iran and the Islamic Emirate of Afghanistan. To achieve a common and reliable result, an analysis is conducted based on a comparison of scientific, and political literature and sources published in world-class languages (English, Chinese, Russian, and Turkish).

The article seeks to make sure that the Central Asian region has long been a region where many countries' political and economic interests intersect by studying the history of the formation of countries in the region, the current situation, and development prospects. For this purpose, the study's main goal was to study not only from the point of view of the scientific environment of Kazakhstan or countries in the region but also from the vision of the scientific environment on a global scale. In the course of the

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

research, methods of historical, comparative analysis, mathematical, geographical modeling, and others were used, which are widely used in science.

The interests of major world-class players in the Central Asian region do not coincide only today. It is known that the history of their interests dates back a very long time ago. Each major player conducts academic research on its interests in the region and can share information that is relevant to its interests. In addition, the relations between the countries of the region are complex. In the current unstable geopolitical situation, the main value for the countries of the region is to maintain political independence. However, how can Central Asian countries, economically dependent on other major countries, achieve this goal? The article will outline the way forward.

Key words: geopolitics, central Asian countries, conflict of interests, economic integration, political instability, eternal independence.

К. Саркытқан*, Д. Масимханулы

Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kaster0102@mail.ru

Страны Центральной Азии: пересечение экономических и геополитических интересов историческое развитие и современное состояние

Статья направлена на изучение геополитической системы стран Центральной Азии на современном этапе в экономико-географическом, историко-политическом контексте. Также вопросы формирования геополитического положения стран Центральной Азии и экономического развития на сегодняшний день рассматриваются с позиций мировых держав, оказывающих влияние на регион, таких как Китайская Народная Республика, Российская Федерация, Соединенные Штаты Америки, Республика Индия, Турецкая Республика, Исламская Республика Иран и Исламский Эмират Афганистан. Для достижения общего и достоверного результата проводится анализ на основе взаимного сравнения научной, политической литературы и источников, изданных на языках мирового уровня (английский, китайский, русский и турецкий языки).

Исследуя историю становления, современное состояние, перспективы развития стран региона, авторы стремятся убедить, что Центрально-Азиатский регион с давних времен является регионом, где пересекаются политические и экономические интересы многих стран. Для этого в ходе исследования была поставлена главная цель не только в контексте позиции научной среды Казахстана или стран региона, но и в сопоставлении с точкой зрения научной среды в общемировом масштабе. В ходе исследования были использованы методы исторического, сравнительного анализа, математического, географического моделирования и др.

Интересы основных игроков мирового уровня в Центрально-Азиатском регионе совпадают не только на сегодняшний день. Известно, что история их интересов берет свое начало с давних времен. Каждый крупный игрок проводит научные исследования своих интересов в регионе и имеет возможность делиться информацией, отвечающей его интересам. Более того, у стран региона сложна взаимосвязь. В нынешней нестабильной и изменчивой геополитической ситуации главной ценностью стран региона является сохранение политической независимости. Но как могут достичь этой цели государства Центральной Азии, ставшие зависимыми от других, помимо экономических, крупных стран? В статье будет указан путь.

Ключевые слова: геополитика, страны Центральной Азии, конфликт интересов, экономическая интеграция, политическая нестабильность, вечная независимость.

Кіріспе

Қазіргі әлемдік геосаяси жүйеде ықпалды елдер саналатын Қытай Халық Республикасы (Қытай, ҚХР), Ресей Федерациясы (Ресей), Америка Құрама Штаттары (АҚШ), Үндістан Республикасы (Үндістан), Түркия Республикасы (Түркия), Иран Ислам Республикасы (Иран) және саяси тұрғыда шиленісті аймақ саналатын Ауғанстан Ислам Әмірлігіде (Ауғанстан) осы Оралық Азия аймағына қатысты ықпалдастыққа ие елдер. Бұл елдердің қай-қайсысы да әлемдік экономика мен саясатта алатын орны мен рөлі ерекше маңызды саналады. Мысалы, Қытайды кешенді түрде зерттеу жаңа тарихи кезеңдегі Оралық Азия елдерінің ұзақ болашақтық дамуы үшін маңызды шара. Әлем елдері өздерінің бүгіні мен болашақтағы экономикалық-әлеуметтік және саяси мәселелерін Қытайтанумен байланыстыра зерттеп отыр. Сондықтан Оралық Азия елдері үшін Қытайды жан-жақты зерттеуі заман талабы болып табылады.

Ресей Федерациясы аймақ үшін саяси, әскери және экономикалық тұрғыдан аса маңызды мемлекет. Кеңес Одағының мұрагері саналатын бұл ел тәуелсіз Орталық Азия елдерін әлі де өзінің құрамынан алыстатқысы келмейді. Ол үшін Кремль аймақ елдерінмен қатынаста мемлекет басшыларының жеке мүдделерін Ресей мүдделерімен тиімді байланыстарын отыр. Мысалы, «Газпром» мен Нұрсұлтан Назарбаевтың отбасы арасындағы байланыстарды, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиеевтің ресейлік олигарх Әлішер Усмановпен байланысын, ресейлік кәсіпкер Игорь Макаровтың Ашхабадпен қатынасын айтуға болады (Maximilian Hess. 2020).Оның үстіне ұлттық өндірісі нашар дамыған аймақ елдері Ресей экономикасына тікелей бағынышты да. Мәселен, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан азаматтары Ресейге барып, жұмыс істеп өз отбасын ғана асырап қалмастан, елдің жалпы ішкі өніміне де үлес қосып келеді. Тіпті, аймақтағы ең мықты ел саналатын Қазақстан экономикасы да 40 % Ресей экономикасына тәуелді. Басты сауда серіктесі болғандықтан елдердің ұлттық валютасының бағамы да рублдың әлеуетіне байланысты. Бұл «тәуелділіктің» нақты көрінісін Ресейдің Украина жеріне басып кіруіне орай, қалыптасқан Батыс елдерінің Ресейге салған санкцияларының салдарынан рублдың құлдырауына байланысты Орталық Азия елдерінің экономикасының қиындап, инфляцияның өсіп, ұлттық ақшасының құнсызданғанынан көруге болады. Бұдан басқа, Ресейдің Украинамемлекетіне әскери шабуылға өтуі, Орталық Азия елдерінің саяси тұрақтылығы мен тәуелсіздігіне айрықша қауіп төндіре бастады. Себебі, әлемдік қауымдастық пен халықаралық келісімдерді аяқ асты етіп, тәуелсіз елдің аумағына басып кіру аймақ елдерін қатты алаңдатып отыр.

Орталық Азия аймағына әсер етуші сыртқы күштердің ішінде Америка Құрама Штаттарының ықпалы егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап қалыптасты. Кеңес Одағын ыдыратуда үлкен рөл атқарған АҚШ-ның аталмыш аймақтағы тәуелсіз елдермен арадағы байланысты нығайтуында өзіндік саяси мақсаттың болғаны анық. Оны Америка Құрама Штаттарының осы аймақтағы басты ұстанымынан аңғаруға болады. Онда Штаттардың стратегиялық мүддесі – саяси, экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін әр түрлі серіктестермен өз шарттарымен жүзеге асыруға еркін, неғұрлым тұрақты және гүлденген Орталық Азияны құру -делінген (United States Strategy for Central Asia 2019-2025. 2020) Әсіресе, АҚШ әскерилерінің Ауғанстанға келуімен Орталық Азия елдерімен арадағы қарым-қатынас барынша жандана түсті. Алайда, Батыс және АҚШ -пен арадағы байланыстың дамуы Ресей мен Қытай үшін тиімді емес еді. Сондықтан Еуразиядық экономикалық одақтың іргетасының қалануы және «Бір жол, бір белдеу» стратегиясының ортаға қойылуы аймақ елдерінің Батыспен арадағы қалыптасып, дамып келе жатқан көп жақтылы қарым-қатынастың дамуына тосқауыл болды. Соңғы жылдары, әсіресе, 2021 жылы АҚШ-тың Ауғанстаннан әскерилерін шығаруы, бұл аймаққа қаратқан «қызығушылығының» біртіндеп азайып бара жатқанын көрсетеді. Алайда, АҚШ аймақ елдерінеРесей мен Қытайдыңықпалының артуында қаламайды.

Орталық Азия аймағындағы 5 елдің Тәжікстаннан басқасы түркі тілдес республикалар. Олардың экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылығына Түркия Республикасының зор қызығушылығы бар. Сондықтан түркі тілдес елдерінің көшбасшысы саналатын Түркияның аймақ едерімен көп жақтылы қарым-қатынасы жыл өткен сайын дамып келеді. Бұлай болуына Түркияның да өзіндік мүддесінің бары анық. Алайда, түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы әсіресе, аймақ елдерінің тәуелсіздігін баянды етудегі маңызы зор. Оған «Түркі кеңесінің» мәртебесінің «Түркі тілдес елдер ұйымына» айналғаны дәлел болады.

Аймақтағы келесі маңызды ойыншы ол – Иран Ислам Республикасы. Бұл мемлекет аймақ үшін тарихыи қарым-қатынасы ежелден дамыған көршілес ел. Алайда Батыс елдерінің экономикалық санкцияларының әсерінен экономикалық және әскери-саяси тұрғы да өзге елдерге қарағанда аймақ елдері үшін аса күшті әсер етіп отырған жоқ. Деседе, саяси тұрақтылық үшін маңызды мемлекеттің бірі.

Аймақ үшін тағы бір жаңа әсер етуші ел – Үндістан. Үндістан әлемдегі экономикасы жақсы дамыған елдердің бірі әрі халық саны аса мол, үлкен тұтыну нарығы. Оның үстіне Оңтүстік бағыттағы маңызды логистикалық-көліктік тасымал мүмкіндігі зор мемлекет. Сондықтан Үндістанмен арадағы байланыстың дамуы Орталық Азия елдері үшін тағы бір мүмкіндік пен дамудың бағыты деп қарауға болады.

Аймақтағы келесі әсер етуші ел – Ауғанстан. Ол саяси тұрғыда шиленісті, тұрақсыз болуымен аймаққа қатер төндіруші мемлекет сана-

лады. Оның билік партиясы – талибандарды көптеген елдер заңсыз ұйім ретінде таниды. Алайда, АҚШ әскерилерінің кетуімен билікке келген олар аймақ үшін тұрақсыздық тудыратын фактор ретінде қарастырылып отыр. Бірақ, экономикалық жақтағы дағдарыс талифтердің аймақ көлемінде әрекет етуіне мүмкіндік бермей отыр. Деседе олардың қалыптасқан қатаң ұстанымы бар екенін ескергенде, уақыты келгенде әрекет ету мүмкіндігі бар екенін теріске шығара алмаймыз.

Зерттеу материалдар мен әдістері

Мақалада зерттеу мазмұны мен міндеттерін орындау мақсатында алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Мысалы, Максимилиан Гесс (Maximilian Hess) еңбектерінде Ресейдің Орталық Азия елдерімен саяси-экономикалық байланыстарының көп қырлы, астарлы жақтары ашып көрсетіледі. Ақметжанов Д. Алимжанова А. еңбектерінде Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың даму тарихы қарастырылған. Ашок Саджанхар (Ashok Sajjanhar) мақаласында Орталық Азияның экономикалық қатынастарындағы Ресей мен Қытайдың интеграциялық даму жағдайы зерттелген. Ал қытайлық ғалымдар Ma Haitao мен Sun Zhanның зерттеулерінде «Ұлы жібек жолының» тарихи дамуы мен қазіргі «» Орталық Азия елдері мен айналасындағы ірі елдер мен экономикалық және саяси ұйымдарбір жол, бір белдеу» стратегиясын салыстыра талдап көрсетеді. Түрік ғалымдары Бейтс Гилл пен Өзей, Р қарастырғаны – Түркі тілдес елдердің, әсіресе Орталық Азия елдерінің табиғаты мен табиғи ресурстары және олардың мөлшері мен географиялық таралуы зерттелген. Отандық ғалымдар Р.Құрманғожин мен А.Әдібаеваның зерттеулерінде Орталық Азия елдерінің өзара қарым-қатынасы мен қайшылықтары айқындалған. С. Хантер (S. Hunter) пен К.В. Марковтың (K.V. Markov) еңбектерінде Иранның Орталық Азия елдерімен және АҚШ-пен қарым-қатынастары талданған. Мақалада бұдан өзгеде ғалымдардың еңбектері мен шетелдік және отандық дәйек көздері мен статистикалық мәліметтер, интернет ресурстары пайдалынылды. Қорыта айтқанда, мақаланы зерттеп жазу барысында аймақтағы елдердің өзара қарым-қатынастары мен оларға әсер етуші елдердің геосаяси мүдделер тоғысындағы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен пайдаландық әрі алға қойған мақсатқа жету үшін зерттеу барысында мұрағаттық, тарихи, баяндау, экономикалық-статистикалық және географиялық- үлгілеу сондай-ақ салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Ұлы Жібек Жолының гүлденуі кезеңінде (VII-X ғасырларда) қазіргі Орталық Азия аумағында орналасқан мемлекеттер Қытай мен Византияны, араб әлемі мен түркі дүниесін өзара байланыстырып, Еуразияның транспорттық көпір қызметін атқарып келді. Сол дәуірлерде Қытай аймақтың (Орталық Азияның) сыртқы экономикасының локомотиві және ғылым мен технологиясының көзі болып саналды. Алайда ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі (XVI ғасыр) теңіз тасымалының дамуыҰлы Жібек Жолы қалыптастырған әлемдік сауданың құрлықтық жолын теңіз жолдарына ауыстыра бастады. Теңіз транспортының арзан болуы, оның үстіне құрлық жолының шалғайлығы мен жол бойындағы қауіп-қатерлердің болуы құрылықтағы жолдың маңызын төмендетті. Нәтижесінде Орталық Азия әлемдік сауда желісінен біртіндеп тыс қала бастады. Бұл жағдай аймақтың экономикалық-географиялық тұрғыда оқшауланыуына алып келді. Алайда ұзындығы 7 мың шақырымнан асатын сауда жолының Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланысты дамытуда маңызының зор болғандығы анық (Ақметжанов Д. Алимжанова А. 2019).

Орталық Азияның XIX ғасырдың екінші жартысында толықтай Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты өңірдің Қытаймен экономикалық байланыстары әлсіреп, Ресеймен қатынасы біртіндеп нығая түсті. Бұл өзгеріс экономикалық-географиялық тұрғыда оқшауланып қалған Орталық Азияның экономикалық байланыстарын қайтадан дамытуына мүмкіндік алып берді.

Патышалық Ресей империясының күйреуімен ресейлік-орталық азиялық экономикалық байланыстардың ұстамды жаңа кезеңге яғниКеңес Одағы құрамындағы одақтас республикалар қарым-қатынасына аяқ басты. Бұл тарихи кезеңде Орталық Азия елдерінің экономикасында қарқынды даму басталды. Аталған кезеңдерде Қытай мен Орталық

Азияның экономикалық байланыстары іс-жүзінде іске аспады. Тек, 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдыраған соң, оның құрамындағы елдер тәуелсіздіктерін алып, дербес кономикалық саясат жүргізе бастады. Оның үстіне Ресейдің Кеңес Одағының мұрагері ретіндегі Орталық Азияның экономикалық дамуының локомотиві болудан біртіндеп қала бастауы тәуелсіз 5 мемлекеттің біртіндеп Қытаймен арадағы экономикалық қатынастардыдамытуына жол ашты (Ashok Sajjanhar. 2021).

Осы тұста Орталық Азияның экономикалық-географиялық жағдайына аз-кем тоқтала кетейік. Аймақ – Еуразияның орталығында географиялық тұрғыда маңызды стратегиялық орында орналасқан. Аймақтағы елдер Азия мен Еуропаны, Тынық мұхиты мен Атлант мұқитын жалғайтын маңызды көлік инфрақұрылым аймағы. Оның үстіне тарихтан бері қалыптасқан «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» торабы. Бес елдің жалпы жер аумағы 4,0017 млн км^2, 2018 жылғы мәлімет бойынша халық саны 72,4994 млн. адамды құрайды. Халық саны аз, тығыздығы 18,47 адам/км^2. Экономикалық даму деңгейі орташа, әрі нарықтық әлеуеті шағын. Қала халқы 34,915 млн адам болып, урбанизация деңгейі 48,16%. ЖІӨ көлемі 277,420 млрд АҚШ доллары, жан басына шаққандағы ЖІӨ 3826,45 АҚШ долларын құрайды. Аймақ елдері ішінде Қазақстан аумағы жағынан ең ірі ел болып, жалпы аймақ территориясының 68,09 % иелейді. Халық саны жағынан Өзбекстан ең үлкен ел. Жалпы аймақ халқының 45,46%-ын құрайды (Ma Haitao Sun Zhan. 2021).

Орталық Азия таиби ресурстары аса бай өлке. Әсіресе мұнай, табиғи газ бен қара, түсті және қымбат металлдар қоры мол. Кеңестер Одағының ыдырауы саяси тәуелсіздікке ие еткенімен, экономикалық тұрғыда қиындықтарды ала келді. Осы кезеңде Қытай нарықтық экономикалық қатынастарға өтіп, біртіндеп дамудың жолына түсіп келе жатқан болатын. Ол үшін басты қажеттіліктер – шикізат базасы, тұтынунарығы және транзиттік елдерді табу болатын. Экономикалық – әлеуметтік тұрғыда дағдарысты күйде тұрған Орталық Азия елдеріне тұрмыстық және өндірістік заттар мен құрал-жабдықтар аса қажет еді. Тарихи қажеттілік пен сәйкестілік Қытай мен Орталық Азия еллдерін біріктіре түсті. Бұл қарым-қатынаста Қытай өте табысты жұмыс жасады. Өкіметтің қолдауына ие болған қытайлық орташағын және ірі кәсіпорындарының тұрмыстық тауарлары, киім-кешектері мен техникаларары, өндіріс құрал-жапдықтары жаппай Орталық Азия елдеріне, Ресейге олар арқылы Иран мен Батыс Азия нарығына жетті. «Төмен баға саясатын» ұстаған қытайлық кәсіпорындар арзан тауарларымен аталған аймақтарды жаулай бастады. Нәтижесінде Орталық Азия елдері біртіндеп Қытайдың экономикасына шырмалып, өздерінің ұлттық өндірісін дамытуға мүмкіндік ала алмай қалды. Алғашында пайдалы қазбаларға бай ел Қазақстан Қытайдан мол қарыз алып, мұнай кеніштерін қытай компанияларының басқаруына өткізсе, біртіндеп, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдеріде осындай үдеріске өте бастады. Осылайша аймақ елдерінің экономикасы біртіндеп Қытайдың қаржы, техника және жұмыс күшіне тәуелді күйге түсті.

Геосаяси тұрғыдан алып қарағанда, ҚХР-дың Орталық Азиядаға қаратқан экономикалық саясаты – Қытайды экономикалық жаһандану мен әлемдік геосаясаттағы маңызды ойыншыға айналдырудың стратегиялық жоспарының маңызды бір саласы еді. Өйткені, бұл стратегия Қытайдың нарықтық экономикаға өткен кезінде қарастырылған, тек уақытын күткен жоспар болатын. Мысалы 1990-шы жылдардың бірінші жартысында Қытайдың жаңа қалыптасқан мемлекеттермен сауда байланыстары негізінен сауда-саттықпен шектелді. Алайда, 1990-шы жылдардың соңынан бастап, Қытай аймаққа экономикалық бағытта кіру үшін бірқатар мақсатты және маңызды қадамдар жасады. Бұл кезеңде Қытай өзінің үш экономикалық өңірінің (Шығыс, Орта және Батыс экономикалық өңірі) ішінде Батыс өңірін игерудің кезегі келген болатын. Бұл стратегиялық жоспар – «Батысты жаппай игеру» деп аталды. Сондықтан Орта Азия аймағының мол ресурстық әлеуетін осы «Батысты игеруге» пайдалану жоспары болды.

Қытай Орталық Азия елдерімен жақын көршілік мүмкіндікті тиімді пайдаланып, аймақтың шикізатын Шынжаң Ұйғыр Автономиялы Ауданын (Шынжаң немесе Синьцзян) индустрияландыруда қолдануға және өзінің өнімдерін осы аймаққа өткізу арқылы өзінің батыс шекара аймағындағы экономикалық жағдайын жанжақты қамтамасыз етуге ұмтылды. Нәтижеде Шынжаң ірі сауда-логистикалық хабына айналып, қытайлық-орталық азиялық сауданың 60-70% қамтитын ауқымды көлемге жетті. Бұл барыста Қытай тек, экономикалық мүддесін ғана көрсетіп қалмастан, аймақтағы геосаяси қауіпсіздігінде маңызды орынға қоя білді.

Бұл әсіресе ұйғыр, тибет, моңғол секілді бодан халықтың тәуелсіздікке ұмтылысы болады деген қауіптен басталғаны белгілі. Осы мақсатта өзара сенім мен ықпалдастық тұрғысынан бір мақсатқа жұмыс істеуі үшін «Шанхай бестігі» сынды ұйымдарды өмірге әкелді. Осылайша Қытай аймақ елдерін жан-жақтылы өз ықпалының аясына ала бастады (Bates Gill. 2003) Қытай нарыққа өткен 1979 жылдан бері ішкі жалпы өнімді 9-11% аралығында дамып отырды. Экономикалық өсу өз кезегінде энергияны тұтыну көлемін де арттырды. Бұл Қытайды сыртқы ресурс аймақтарын белсенді іздеуге мәжбүр етті. Осындай сұраныстың нәтижесінде Қытай өзінің сыртқы энергетикалық стратегиялық даму тұжырымдамасын әзірледі. Бұл тұжырымдаманың негізгі бағыттары төмендегідей:

• импортталушы шикізат түрлерінің, мұнай импортының, сонымен қатар, оны тасымалдаудың формалары мен бағыттарын диверсификациялау;

• басқа елдерде көмірсутек кеніштерін өңдеуді іске асыруда қытай компанияларын қатыстыру;

• атом энергетикасы саласында Ресей және Франциямен алдағы техникалық әріптестікті жалғастыру. Аталған сыртқы экономикалық стратегияда Орталық Азияның рөлі зор еді. Қытай өзінің энерго ресурстарын Орталық Азия өңірі арқылы қамтамасыз етуге жаңа ғасырдан бастап айрықша кірісті.

Алайда, бұл жерде Қытайдың Орталық Азия елдер нарығына енуі тек энерго ресурстарын пайдалану ғана емес, сонымен бірге, аймақтағы Ресей мен АҚШ-тың ықпалына қарсы өзіндік позицияны қалыптастыру үшін де керек болды. Өйткені, XXI ғасырдың басталуымен АҚШ-тың Орталық Азиямен қарым-қатынасы нығая түскен болатын. Қытайдың өңірге экономикалық кірігу саясатының нәтижесінде 1992-2011 жылдардың ағымында аймақ елдерінің Қытаймен сауда қатынастарының көлемі 40 – 50 есеге артты. Бұл үлкен жетістік болатын. Себебі, 1991 жылы аймақтағы елдермен ҚХР-дың тікелей сауда байланыстары мүлде төмен болаты. Ал XX ғасырдың бірінші онжылдығында сыртқы сауда қалыптасып, аймақ елдерінің ұзақ жылғы, сенімді сауда әріптесі Ресеймен арадағы сауда мөлшермен теңесті.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық мүддесі соңғы жылдары мұнай-газ саласынан бөлек, электро-энергетика, транспорт пен телекоммуникациялар, құрылыс және түсті металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп салалары бойынша дами бастады. Бұрын Қытай көмірсутек қорларына бай елдерге инвестиция салса, енді энергетикалық ресурстарға бай емес Тәжікстан мен Қырғызстанғада, мұнай мен газдың қорларына ие, бірақ, оларды экспорттау бойынша жоғары мүмкіндіктерге ие болмаған Өзбекстан экономикасына да инвестиция салуда. Қазіргі кезде Қытай мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынасы жыл өткен сайын тереңдеп барады. Соның бір көрінісі 2022 жылы 25 қаңтар күнгі онлайын форматта өткен «Орталық Азия және Қытай» саммитін айтуға болады. Іш-шарағаалты елдің мемлекет басшылары толық қатысты. Аймақ елдері мен Қытай арасындағы сыртқы сауда 2021 жылы 17 миллиард АҚШ долларына жеткен. 30 жыл көлемінде Қытай аймақ елдеріне 40 миллиард АҚШ доллары инвестициясын құйған, оның жартысы Қазақстанға тиесілі.Ал Қазақстан 2025 жылға дейін Қытайға 135 түрлі тауар түрін экспорттауға және арадағы көлік-транзит бағыттарын дамыту мақсатында 20 миллиард доллар инвестиция салмақшы.Қазіргі таңда Орталық Азия елдері үшін Қытаймен арадағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытудағы басты бағыттары: цифрландыру, жасыл технология және инновация. Себебі бұл салалар Қытайда табысы түрде дамыған салалар болып табылады(www.akorda.kz/ru25 января 2022 года).

Қытаймен қарым-қатынас дамып отырған осындай тарихи кезеңде, Үндістанмен де байланыс жаңа даму деңгейіне көтеріліп келеді. Оған «Орталық Азия + Үндістан» бағдарламасы мысал бола алады. Үндістан Орталық Азия елдеріндегі мол мүмкіндікке (Ресурстық, транзиттік және т.б.) қызығушылық танытып отыр.

Үндістанның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) соңғы жылдары тұрақты түрде жылдық 7% көрсеткішпен өсіп келеді. Ол – адам ресурстарына бай және ақпараттық технологиялар саласындағы жетекші елдердің бірі. Үндістан экономикалық дамуына байланысты айналасындағы елдерге сыртқы саяси ықпалын да артырып келеді. Соның ішінде Орталық Азия елдері де бар. Қазіргі уақытта Үндістан үшін Орталық Азия елдері өркениет, мәдени және тарихи аспектілер тұрғысынан ғана маңызды емес, геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды болып отыр.

Үндістан Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастары бар, алайда жоғары деңгейде емес. Мысалы, 2020

жылы Орталық Азия мен Үндістан арасындағы тауар айналымы 3 млрд АҚШ доллары болған. Бұл Үндістанның сыртқы сауда айналымының 1 % де жетпейді. Бұның ішінде Қазақстанның үлесі 80 % құрайды. Орталық Азия мен Үндістан арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытудың мүмкіндігі зор. Ол үшін көліктік транзитті дамыту қажет. Оған Орталық Азияның әлеуеті жетеді. Мәселен, Қазақстаннан өзінде 12 халықаралық дәліз өткелі бар. Оның үстіне «Ақтау» және «Құрық» порттары арқылы жылына шамамен 26 млн тонна жүк тасымалданып, Каспий теңізі жағалауындағы елдер мен Түркияға одан әрі батысқа бағыт алады. Қазақстан осындай мүмкіндікке жету үшін соңғы 10 жылда ұлттық көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 30 млрд доллар инвестиция құйды.Егер сауда-экономикалық платформасы құрылса, Қазақстан Үндістанға құны 600 млн АҚШ доллары болатын 80-нен астам тауар түрін экспорттауды жоспарлап отыр. Ал Қазақстан Үндістанның цифрландыру, телекоммуникация мен электронды өнеркәсіп, электронды техника саласындағы жетістіктерімен ортақтасқысы келеді.Бұдан алдағы уақытта Үндістан мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстың дамитындығын байқауға болады. Осы тұста Үндістан мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастарының дамуында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) септігі тигенін айта кету артықтық етпес. 2017 жылы 8-9 маусымда Қазақстанның астанасында ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары кеңесінде Үндістан Республикасына мен Пәкістан Ислам Республикасы мүшелікке қабылданды. (Қазіргі уақытта ұйымда8 мемлекет мүше) (strategy 2050.kz)

Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері аймақта Үндістан секілді іргелі елдің болуына қарсы емес. Оның да өзіндік себептері бар. Бастысы – аймақ елдері ашық-нарықтық экономикалық қатынаста болғандықтан экономикаларын әртараптандырып келеді. Екіншіден, Үндістанныңақпараттықжәнекоммуникациялық технологиялар, қызмет көрсету салаларындағы тәжірибесі бар. Үшіншіден, Орталық Азияның транзиттік маңызын арттыруда Үндістанның рөлі зор. Төртіншіден, аймақтағы ірі мүдделі елдер арасындағы теңдікті сақтауда, жаңа ойыншылардың болуы тиімді.

Алайда Орталық Азия елдерінің маңызды ресурстары саналатын мұнай және газ ресурстарын өңдеуде Үндістан жетекші елдердің бірі болып табылмайды. Бұл Үндістанның Орталық Азиямен іскерлік қатынасын дамытудағы – энергия ресурстарына деген қажеттілікті қарастыру мақсатына сай келмейді. Орталық Азияның мұнай және газ ресурстарын өндіруге бұрыннан ат салысып келе жатқан ресейлік, қытайлық және батыстық компаниялар Үндістанға орын босатуы мүмкін емес. Алайда, Үндістан мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық үшін дәстүрлі және жаңа форматтағы кең мүмкіндіктер бар. Мәселен: су энергиясы, Каспий теңізінің ресурстары, ядролық энергетика, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану технологиялары, ақпараттық технологиялар, білім беру және бірлескен зерттеу бағдарламалары, кәсіпкерлік, инновация, медицина, мәдениет және туризм секілді салалар бойынша.

Кезекте Орта Азия мен Түркия немесе түркі тілдес елдер ынтымақтастығының аймақтығы геосаяси жағдайға жасайтын әсеріне тоқталайық. Орта Азия Республикалары жер асты ресурстарының алуан түрлілігі мен қоры жағынан орасан зор байлыққа ие екенін жоғарыда атап өттік. Алайда, аймақтағы мемлекеттердің ресурстары түрі мен қоры бойынша әлеуеті әркелкі. Бірақ, елдерде ресурстарды пайдалануда түрлі мәселелер бар. Ал бұл мәселелер елдер арасындағы әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси, технологиялық қиындықтарды тудыруда ортақ сипат алып келеді. Жер асты ресурстарын бағалау мен пайдаланудағы біртектіліктің болмауы аймақтың өз ішіндегі геосаяси мәселелерінің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Әлем елдері әртүрлі критерийлер бойынша саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени топтарға жіктеледі. Сондай критерийлердің бірі – мемлекеттердің тікелей теңізге шыға алуы немесе алмауы. Бір елдің теңізге жалғасуы сол елге көп жағынан артықшылық береді. Өйткені жағалау сызығы бар ел өз ресурстарын тікелей әлемдік нарыққа шығару арқылы, ұлттық байлығына айналдыра алады. Ал теңізге шыға алмайтын елдер өз ресурстарын әлемдік нарыққа шығару үшін көрші елдерге тәуелді болады. Бұл тәуелділіктен Орталық Азия Республикалары да зардап шегуде. Бұл олардың геосаяси тұрғыда өз тәуелсіздіктерін барынша нығайта алмауына басты себеп болып отыр. Мұндай жағдайдағы мемлекеттер геосаясатта «жабық ел» ретінде анықталады.

Түркі тілдес елдер орналасқан аймақтың ортақ белгісінің бірі – жер асты байлығы жағынан бай қорының болуы. Каспий маңы ойпатында орналасқан Әзірбайжан, Қазақстан

және Түркіменстан стратегиялық эллипс шегінде орналасқан. Аталмыш аймақ әлемдегі мұнай және табиғи газ қорларының ең бай жері ретінде танылған (Тимор, 2000). Мысалы Шынжаң жерінде Қытайдың жалпы кеніштерінің 85 пайызы орналасқан. Соның ішінде мұнай мен табиғи газдың қоры аса мол. Көмір ресурстары бойынша Қытайдың 1600 миллиард тонна көмір қорының жартысы Шынжаңда орналасқан. Сонымен қатар, Шынжаңда жалпы қоры 1 миллиард тоннаға жуық темірдің және бай алтын кен орындары бар(Özey, R. 2006).

Қырғызстанға келер болсақ: металл кендеріне бай ел. Онда церий, диспрозия, эрбий, гадолиний, гольмий сияқты сирек және бағалы металл кен орындарының 14 түрі бар. Жылына 80 тонна шамасында алтын өндіреді. Қырғызстан дүниежүзілік сурьма және сынап өндірісінің 13% және 11% иедершілік етеді. Бұлардан басқа, көмір, шикі мұнай, табиғи газ, уран, мырыш, қалайы және вольфрам сияқты стратегиялық маңызды жер асты ресурстары бар.

Қазақстан**.** Қазақстанның жер асты байлығы орасан мол. Энергетикалық ресурстарын қоспағанда, металл және бейметалл кен байлықтары бойынша әлемнің алдыңғы қатарынла тұрады. Мысалы: вольфрам бойынша бірінші, хром мен марганец бойынша екінші, бор бойынша үшінші, молибден мен фосфат бойынша төртінші, мыс қоры бойынша 7-ші орында. Уран өндіру жөнінен бірінші орында. Жылына 30 тоннаға жуық алтын өндіре алатын алтын қоры бар әлемдегі санаулы елдердің бірі. Сонымен қатар, көмір, темір кен орындарының байлығы да аса мол.

Өзбекстан. Өзбекстанның ең маңызды жер асты байлығы – табиғи газ. Одан соң- алтын кеніші. Өзбекстан жылына 75-80 тонна алтын өндіретін әлемдегі маңызды алтынға бай елдің бірі. Қызылқұмда табылған уран кені әлемдегі ең бай қорлардың бірі болып саналады. Өзбекстан уран өндіруден әлемде 7-орында және мыс өндіруден 20- орында тұрады.

Түрікменстан. Түрікменстан Орталық Азиядағы Республикалар арасындағы табиғи ресурстарға жағынан аса алуандығы жоқ ел. Дегенмен, Түркіменстан табиғи газ бен мұнай қоры бойынша әлемдегі ең маңызды резервтік аймақтардың бірі болып табылады.

Түркі тілдес елдердің өзара ынтымақтастығы жыл өткен сайын дамып келеді. Нәтижесінде 2021 жылдың қараша айында Ыстамбулда өткен саммитте «Түркі кеңесі» өзінің атын «Түркі мемлекеттері ұйымы» деп өзгертті. Осы саммитте Түркіменстан бақылаушы мәртебесін алды. (https://www.turkkon.org). Кеңестің «ұйым» мәртебесін алуы оның алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, достық байланысты артыруға септігін тигізері анық. Алайда, түркі халықтарының басының қосылуы айналасындағы ірі геосаяси ойыншылардың көңілінен шықпасы анық. Бірақ, ынтымақтастық түркі тілдес халықтар үшін керек. Деседе, осы түркі тілдес елдердің, әсіресе Орталық Азия аймағындағы елдер арасында өзара түсінбеушіліктер бар. Мысалы, этникалық, шекара дауы, жер тапшылығы және климаттық су ресурстарына болған талас-тартыс мәселелер (R. Kurmanguzhin, A.Adibayeva. 2019). Бұл мәселелер кезінде КСРО-ның халықты қоныстандыру, автономиялық республикалардың шекаларын белгілеудегі әдейі бұрмалау саясатының салдары. Соның нәтижесінде Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы, Өзбекстан мен Қарақалпақстан арасындағы кикілжіңдер күні бүгінге дейін сақталып келеді (M.R.Djalili.2008).

Орталық Азияның Иранмен қарым-қатынасына келер болсақ, оны екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезең Кеңес Одағы кезі. Бұл кезеңде Иран Ислам Республикасы социялистік Кеңес Одағымен, батысшыл Түркиямен және әсіре діни ұстанымға ие Пәкістан арасындағы буферлік мемлекет сипатына ие болды(S. Hunter*, 2003)* Екінші кезең Кеңес Одағының ыдырауымен басталды. Діни-мәдени және тілдік сәйкестікке байланысты Иран мен аймақтағы елдер арасындағы қарым-қатынас алғашқы кезде біршама жақсы дамуға ие болды. Оның астарында Орталық Азия мемлекеттерінің Иранмен серіктестік арқылы, Ресейдің ықпалынан құтылуға, экономиканы әртараптандыруға және оңтүстікте ашық теңіздерге шығуға тырысу сынды саясаты жатты. Кеңес Одағы жылдарында Иран Орталық Азияның түркі-мұсылман және өзімен тілдес Тәжікстанмен жақын қарым-қатынас орната алмады. Оның басты себебі Каспи теңізі кеңістігінде ол тікелей Ресеймен және Орталық Азия елдерімен шектесіп жатты. Оның үстіне Кеңес Одағының күшті әскери және экономикалық, ғылым-техникалық әлеуеті Иранды үнемі одан сақсынып жүруге мәжбүр етті. Одақтың ыдырауы сол «сақтықты» ұмыттырып аймақ елдерімен еркін байланыс жасауға және Каспи теңізін барынша пайдаланып қалуға мүмкіндік берді (Dmitry Shlapentokh.

2013). Бірақ ислам революциясының әсерінен сақтануды көздеген аймақ елдері онымен қарым-қатынас орнатудан өте сақтық танытты. Оның үстіне АҚШ-тың әсері де Иран мен аймақ елдеріарасындағы қарым-қатынастың дамуына кедергі болды. Оған Иран мен Израиль арасындағы қатынастың дұрыс болмауы да өз септігін тигізді(K.V. Markov. 2004*)*.

Соңғы жылдары нақты айтқанда 2008 жылдан бері, Иран аймақтағы геосаяси орнын нығайту мақсатында Ресейді, Үндістанды, Қытайды және Азияның басқа мемлекеттерін өз айналасына топтастыруға талпынып келеді. Мұндағы мақсат – мұнай мен газ және басқа да әлеуметтік ресурстарды біріктіру арқылы АҚШ-қа қарсы бірлікті қалыптастыру. Ол 2005 жылы ШЫҰ бақылаушы мәртебесін алса, парсы тілді аймақтық конфигурацияны дамытуға байланысты 2010 жылы сәуірде Иран, Ауғанстан және Тәжікстан президенттерінің басын қосқан Парсы елдерінің конференциясын құрды.

Алайда Иранның аймақтағы экономикалық және саяси бәсекелес ретінде танылуы Қытай, Түркия және басқа да елдерінің мүддесіне сай келмейді. Бұл мәселе 2014 жылы НАТО-ның Ауғанстаннан шығуына байланысты Ауғанстанның кең аймаққа, соның ішінде Орталық Азияға тигізетін әсеріне байланысты халықаралық қауымдастық көбірек назар аударған кезеңде тіпті де сезімтал бола түсті. Өйткені, Иран Ауғанстанның ішкі эволюцияның тікелей қатысы бар әрі болашағы үшін маңызды ойыншы. Ауғанстан мәселесінде Иранның Пәкістаннан айырмашылығы Иран Ауғанстандағы мүдделері халықаралық қауымдастықтың мүдделерімен негіздес болуы.

Орталық Азия республикалары ішінде Қазақстанның Иранмен қарым-қатынасы біршама жақсы дамыған. Қазақстан Ақтау теңіз айлағы арқылы Иран порттарында астық тасымалдайды. Түркіменстан даИранмен шекаралас болғандықтан екі ел арасындағы сауда қатынасы жақсы жолға қойылған. Әсіресе, табиғи газ саласы бойынша. Тәжікстан Иранның маңызды сауда серіктесінің бірі. Ал Өзбекстанның Иранмен қарым-қатынасы өзге елдерге қарағанда нашар дамыған. Оның басты себебі – Өзбекстанның исламдық көтерілістерден сақтануы және АҚШ-пен тығыз қарым-қатынаста болуы еді. Иранның Қырғызстанмен сауда қарым-қатынасы өте төмен.

Орталық Азияның геосаяси жағыдайына қатысты тағы бір маңызды ел – Ауғанстан Республикасы. 2021жылғы жаздағы талифтердің Ауғанстан билігіне келуі Орталық Азия аймағында саяси тұрақсыздыққа әсер етуші фактор ретінде халықаралық қауымдастықты алаңдатып отыр. Халықаралық сарапшылар: Ауғанстанда этникалық тәжіктердің көп болуы Тәжікстанға міндетті түрде әсер етеді және біртіндеп Өзбекстан мен Қырғыстанға да ықпал етеуі мүмкін деген болжайды. Қырғызстан мен Тәжікстан шекара маңындағы елді мекендерде орын алған 2022 жылдың 27 қаңтар күнгі қақтығысты Ауғанстандағы тәжіктермен байланыстыратын болжамдар бар. Алайда, аймақтағы елдердің бәрі бірдей Ауғанстанмен салқын қатынаста деп айту қиын. Мәселен, Ауғанстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-саттық қарым -қатынасы да жақсы дамып отыр.

Ауғанстанмен қарым-қатынас мәселесіне талдау жасағанда, Орталық Азия елдеріне саяси және экономикалық тұрғыда ықпал етуші держевалардың мүддесін де ескеру керек. Мәселен, Қытай талибандармен жылы қатынас ұстанып, экономикалық және гуманитарлық жақтан көмек көрсетуге келісіп отыр. Ондағы мақсаты: Ауғанстанмен шектесетін Шынжаң аймағындағы «Шығыс Түркістан ислам қозғалысына» талибандардың қолдау көрсетпеуін талап ету болып табылады. Ал Ресей талибандармен келісімге келді. Ондағы мүддесі: Талибанды желу ету арқылы Орталық Азиядағы өзінің әскери күшін арттырып, сол арқылы аймақтағы геосаяси ықпалын бұрынғыдан да арттыра түсу. Ал Иран Ауғанстандағы шииттермен діни ынтымақтастығын дамытып отыр. Себебі Иран Пәкістан мен Сауд Арабиясы қолдайтын Талибанның билікке қайта оралуын қаламайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Орталық Азия аймағындағы елдерге геосаяси және геоэкономикалық тұрғыда ықпал етуші Қытай, Ресей, Үндістан, Түркия, Иран және Ауғанстан мемлекеттерінің аймақтағы тарихи-географиялық, саяси-экономикалық және аумақтық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты ықпалы мен әсер ету бағыты және мақсаты түрліше. Сондықтан олардың әсер ету ауқымын және даму болашағын белгілеуде Орталық Азия елдерінің жалпы экономикалық-географиялық жағдайына талдау жасау арқылы өзара қарым-қатынастары мен даму бағыттарының түрлішелігін айқындау керек. Одан сырт, аймақ

елдерінің өз мақсат-мүдделері мен оған қарамақайшы немесе сай келетін айналасындағы ықпал етуші ірі мемлекеттердің геосаяси мүдделерінде талдаудың маңызы зор.

Жалпы алғанда зерттелетін нысанның ауқымдылығына байланыстымаңызды түйіндерді төмендегідей бағыттар бойынша жинақтауға болады:

Қытай және Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың басталғанына аз уақыт болса да аймақтағы ең басты ойыншыға айналғанын қазіргі даму жағдайынан көруге болады әрі бұл қарым-қатынастардың Қытайдың пайдасына шешіліп отырғанын және таяу болашақта оның аймақ елдерінің саяси және экономикалық тұрғыда тәуелсіздігіне зор қауіп болатындығын көруге болады;

Ресейдің Орталық Азия аймағына қаратқан геосаяси мүддесінің егемендіктің алғашқы жылдарындай түсіністік пен демократиялық бағытта емес, керісінше Кеңестер Одағын қайта «жаңғырту» бағытына қарай өтіп бара жатқанын көруге болады. Оған Украина аумағыына әскери шабуыл жасау арқылы егемендігіне қауіп тқндіріп отырған қазіргі жағдайынан байқауға болады. Сондықтан аймақ елдері кезінде қол қойылған келісімдердің күшінің жойылғанын сезініп, жаңаша жол іздеуі қажет екенін түсінуі керек;

Үндістан мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастары соңғы жылдары қалыптассада даму болашағының зор екендігін көруге болады. Олардың арасындағы байланыстың дамуы аймақ елдерінің саяси тәуелсіздігіне оң ықпал ететін фактор ретінде қарастыруға болады;

Орталық Азия елдері мен Түркияның, әсіресе түркі тілдес елдер арасындағы қарым-қатынастың даму беталысы соңғы жылдары біртіндеп ауқымды әрі жоғары деңгейдегі бағытқа өту үстінде. Бұған аймақ елдері мүдделі болғанымен айналасындағы барлық ірі елдер қарсы. Олар түркі тілдес елдердің басының қосылуынан барынша алаңдаулы. Бірақ, бұл ынтымақтастық үдеріс аймақ елдері үшін тәуелсіздікті баянды етудің ең басты әрі сенімді жолы болып табылады.

Иранның Орталық Азия елдерімен байланысы өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның таяу келешектегі әсер ету бағытын санкциялардың әсеріне қатысты бағалауға болады. Ал Ауғанстанның әсері де Орталық Азия елдері үшін қазір анық емес. Ол да уақыт еншісінде;

Мүдделер тоғысқан Орталық Азия аймағындағы жүріп жатқан және болашақта орын алатын геосаяси және геоэкономикалық даму мәселелеріне қатысты АҚШ және Батыс елдерінің сыртқы саясатына көптеп байланысты. Оның саясаты өзінің төл мүддесіне сай құбылып отыратыны белгілі.

Алайда Орталық Азия елдері өздерінің саяси тұрақтылығын сақтап қалу үшін көп жақтылы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға тырысып келеді. Нәтижесінде Еуропалық елдермен, АҚШ -пен және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен қарым-қатынасты дамытты. Бірақ, Ресейдің империялық саясаты Орталық Азия елдерінің Батыспен арадағы байланысын еркін форматта дамытуына кедергі келтіріп келеді. 2015 жылы ресеми құрылған «Еуразиялық экономикалық одақ» Орталық Азия елдерін (Қазақстан, Қырғызстан) Ресейдің саяси интеграциясына барынша терең тартып барады. Әсіресе 2022 жыл басындағы Ресейдің қарулы күштерінің Украин аумағына басып кіруі аймақ емес, тұтас әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. Соғыс тек қана саяси-әлеуметтік, қаржылық қиындықтардан бөлек экономикалық және рухани жақтанда алаңдатушылық әсер етіп отыр. Орталық Азия елдері тәуелсіздік тұрғысында алаңдай бастады. Бірақ, бұл жағдай отандық экономика мен әскери күштерді барынша дамытудың керек екендігін және халықаралық келісім-шарттардың кез-келген сәтте қағаз күйінде қалатынын ұқтырды.

Әдебиеттер

Maximilian Hess. Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?.*Orbis* Volume 64, Issue 3, 2020, Pages 421-433

Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020

Ақметжанов Д. Алимжанова А.Ұлы Жібек Жолы мәдениеттерінің өзара әсері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Хабаршысы». Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (68). 120-128 б. 2019 ж.

Ashok Sajjanhar. China-Central Asia relations: An uneasy co-existence / Observer Research FoundationMAR 10 2021).

Ma Haitao Sun Zhan. The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. Geographical Sciences. Vol.76, No.2,February, 2021, 367-382 p

Bates Gill. China's New Journey to the West: China's Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests (CSIS Reports) Paperback – Publisher: Center for Strategic & International Studies «August 20, 2003. – 64 language: English. ISBN-10

Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите глав государств «Центральная Азия – Китай». https://www.akorda.kz/ru25 января 2022 года).

strategy2050.kz

Timor,A.N.(2000).“HazarDeniziBölgesiPetrolveDoğalGazKaynakları”,Coğrafya

Özey, R. (2006). Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar, Aktif Yayınevi, İstanbul.).

https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda

R. Kurmanguzhin, A.Adibayeva. About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70). 2019 https://bulletin-philospolit. kaznu. kz

M.R. Djalili, “L'Iran et la Turquie face à l'Asiecentrale,” Journal for International & Strategic Studies 1 (2008), 13-19.

S. Hunter, “Iran's Pragmatic Regional Policy,” Journal of International Affairs 56 (2) (2003): 133-147

Dmitry Shlapentokh. Turkmenistan and military buildup in the Caspian region: A small state in the post-unipolar era. Journal of Eurasian Studies Volume 4, Issue 2, July 2013, Pages 154-159).

K.V. Markov, “Iran i postsovetskie respubliki Tsentral'noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia” [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in Central Asia in the System of International Relations (Moscow: Institut Vostokovedeniaa: 2004), 279-300

References

Maximilian Hess. (2020) Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?.Orbis Volume 64, Issue 3, Pages 421-433

Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020

Aqmetjanov D. Alımjanova A. (2019) Uly Jibek Joly mádenıetteriniń ózara áseri. Ál-Farabı atyndaǵy Qazuý-niń “Habarshysy”. [The interaction of the cultures of the Great Silk Road.] Fılosofıa, mádenıettaný, saıasattaný serıasy. №2 (68). 120-128 b.

Ashok Sajjanhar. (2021) China-Central Asia relations: An uneasy co-existence / Observer Research Foundation.

Ma Haitao Sun Zhan. (2021) The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. Geographical Sciences. Vol.76, No.2,February, 367-382 p

Bates Gill. (2003) China's New Journey to the West: China's Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests (CSIS Reports) Paperback – Publisher: Center for Strategic & International Studies «August 20, – 64 language: English. ISBN-10

Prezident Kasym-Jomart Tokayev took part in the summit of the heads of state “Central Asia – China ». https://www.akorda.kz/ru25 yanuara 2022 goda).strategy2050.kz

Timor,A.N.(2000).“HazarDeniziBölgesiPetrolveDoğalGazKaynakları”,Coğrafya

Özey, R. (2006). Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar, Aktif Yayınevi, İstanbul.).

https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda

R. Kurmanguzhin, A.Adibayeva.(2019) About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70) https://bulletin-philospolit. kaznu. kz

M.R. Djalili, (2008) “L'Iran et la Turquie face à l'Asiecentrale,” Journal for International & Strategic Studies 1 13-19.

S. Hunter, (2003) “Iran's Pragmatic Regional Policy,” Journal of International Affairs 56 (2) 133-147

Dmitry Shlapentokh. (2013) Turkmenistan and military buildup in the Caspian region: A small state in the post-unipolar era. Journal of Eurasian Studies Volume 4, Issue 2, Pages 154-159).

K.V. Markov, (2004) “Iran i postsovetskie respubliki Tsentral'noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia” [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in Central Asia in the System of International Relations (Moscow: Institut Vostokovedeniaa: 279-300)

ҒТАМР 02.01.79 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.11

Ж.С. Сандыбаев

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық философиясы зерделенеді. Әл-Фарабидің басқа ойшылдарға қарағанда өзінің этикалық жүйесін құрумен ғана шектелмегені, керісінше, сол жоғарғы идеяларды (кемел философ, үлгілі басшы, ізгі жан, этика, мораль сияқты құндылықтарды жеке өмірінде іс жүзіне асырған дарынды әрі құпия тұлғалардың бірі екені айтылған.

Ғалымның пікіріне сәйкес сұлулық – адамның рухани және физикалық әдемі көрінісі. Осындай этикалық және эстетикалық сұлулыққа ие адамның басшылығы Бірінші басшылық (әкім) болады. Оған бағынатындар – қайырымды, абзал және бақытты адамдар. Егер олар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық.

Автор әл-Фарабидің «философ», «бірінші басшы», «әкім», «заң шығарушы» және «имам» сыңды ұғымдарды бір ұғым мағынасында қолданғанын алға тартады. Әл-Фарабиге сәйкес аталмыш тұлғалардың әрбірінің бойында болуы тиіс әдептілік талаптарын саяды.

Зерттеуші тақырыпты ашу мақсатында ғалымның этикалық жүйесіндегі «Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж» деген тұжырымын талдайды. Адамның өмір сүру мақсаты – жоғарғы бақытқа жету. Адамға сол бақыттың не екенін түсіндіретін және оған жету жолын сілтейтін – тәлімгер. Мақалада әл-Фарабидің араб тіліндегі «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жайында», «қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» және т.б. шығармалары қолданылған.

Түйін сөздер: Әл-Фараби, Ибн Сина, Ғазали, этика, мораль, философия, кемел адам, азаматтық қоғам, қайрымды қала, басшы, ұстаз, адамгершілік құндылық.

Zh.S. Sandybayev

Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

Ethical philosophy of Abu Nasr al-Farabi

The article deals with the ethical philosophy of Abu Nasr al-Farabi. The difference between al-Farabi and other thinkers, not only in the creation of his own ethical system, but also he was one of the gifted individuals who implemented these lofty ideas (a perfect philosopher, an exemplary leader, morality, ethics, morality) in his personal life.

According to the scientist, beauty is the harmony of a person's spiritual and physical beauty. The ruler is the leader of a person with ethical and aesthetic beauty. It is received by kind, caring and happy citizens. If they form a people, then it is a virtuous city.

The author claims that al-Farabi used the terms "philosopher", "first leader", "ruler", "legislator" and "imam" in the same sense. According to al-Farabi, each of these persons meet the requirements of ethics.

To reveal the topic, the researcher analyzes the assertion of the scientist in the ethical system that "a person needs a teacher who leads to happiness." The goal of human life is to achieve the highest happiness. The person shows the way and explains what happiness is – a mentor. The article uses "Civil policy", "On the achievement of happiness", "On the views of the inhabitants of a virtuous city" and other works of al-Farabi in Arabic.

Key words: Al-Farabi, Ibn Sina, Al-Ghazali, ethics, morality, philosophy, perfect man, civil society, virtuous city, leader, teacher, moral values.

Ж.С. Сандыбаев

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

Этическая философия Абу Насра аль-Фараби

В статье рассмотрена этическая философия Абу Насра аль-Фараби. Отличие аль-Фараби от других мыслителей, не только в создании собственной этической системы, но и был одним из одаренных личностей, претворявших эти высокие идеи (совершенный философ, образцовый руководитель, мораль, этика, нравственность) в своей личной жизни.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

По мнению ученого, красота – это гармония духовной и физической красоты человека. Руководством человека обладающего этической и эстетической красотой является – правитель. Его принимают добрые, заботливые и счастливые граждане. Если они образуют народ, то это добродетельный город.

Автор утверждает, что аль-Фараби использовал термины «философ», «первый руководитель», «правитель», «законодатель» и «имам» в одном значении. По мнению аль-Фараби, каждый из этих лиц соответствуют требованиям этики.

Для раскрытия темы исследователь анализирует утверждение ученого в этической системе о том, что «человеку нужен учитель, ведущий к счастью». Цель жизни человека – достижение наивысшего счастья. Человеку указывает путь и объясняет, что есть счастье – наставник. В статье использованы «Гражданская политика», «О достижении счастья», «О взглядах жителей добродетельного города» и другие труды аль-Фараби на арабском языке.

Ключевые слова: Аль-Фараби, Ибн-Сина, Аль-Газали, этика, мораль, философия, совершенный человек, гражданское общество, добродетельный город, руководитель, учитель, нравственные ценности.

Кіріспе

Қазіргі заманда адамгершілік құндылықтар философиясын қайта жандандыру, соған тәрбиелеу және оны кеңінен насихаттау көпұлтты мемлекетіміздегі өзара түсінісу мен рухани келісімді нығайтуға, әлеуметтік-діни және мәдени үйлесімділікті арттыруға ықпалын тигізері сөзсіз. Осы орайда, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Жаңа кезеңдегі негізгі міндет – жалпыға танылған демократиялық құндылықтар мен өзіміздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негіздерін одан әрі нығайта беру» (Nazarbayev N., 2007:63) – деген сөзінің маңызын ескерген жөн.

Бүгінде адамның әлемдік дағдарыстан шығу жолы – адам зердесінің сапалы түрде өзгеріп, рухани жаңаруында. Біз көріп отырған әлемдік дағдарыс, әсіресе, экологиялық қауіп адамның рухани бастау мен рухани-адамгершілік құндылықтардың қажеттілігіне деген сенімін жоғалту салдарының нәтижесі (Kabykenova B., 2007:44). Жалпы сипатқа айналып бара жатқан жатсыну мен адамгершілік дағдарыстан пайда болған адамның көкірегіндегі рухани бостық орнын толтыру үшін, жан дүниеге бағытталған ортағасыр Шығыс мәдениетінің адамгершілік құндылықтарына бет бұру қажет. Ортағасыр мұсылмандық Шығыстың әлеуметтік-этикалық, саяси-философиялық мазмұнын көрсететін Әбу Насыр әл-Фарабидің ахлақ философиясы – «Азаматтық саясат» немесе «Қайырымды қала тұрғындары» атанып, бүкіл әлемге танылған ортағасыр мәдениетінің бір бөлігі. Энциклопедист һәм философ әл-Фарабидің тек мұсылман этикасы емес, әлем мәдениетінің өркендеуіне өшпес із қалдырғаны сонша, оның «Әс-Сиясату әл-Мәдәния» (Азаматтық саясат), «Аро-у әһлу әл-мәдинати әл-фазилә» (Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары), «Тасхиль ғәлә әс-сағада» (Бақытқа жету жайында) және т.б. трактаттары күні бүгінге дейін халықтар мен мәдениеттер арасындағы орны айрықша.

Әдіснама

Бұл мақалада әл-Фарабидің этикалық әліміне тарихи-философиялық және әлеуметтік-этикалық талдаулар жасалды. Сонымен қатар зерттеу барысында негізінен сараптамалық әдіспен қатар ғылыми зерттеудің интерпретациялық ашықтау, тарихи сипаттау, зерделік саралау сияқты зерттеудің дәстүрлі әдістері де қолданылды.

Негізгі бөлім

Әл-Фараби басқа ойшылдарға қарағанда өзінің этикалық жүйесін құрумен ғана шектелмеді, керісінше, сол жоғарғы идеяларды (кемел философ, үлгілі басшы, ізгі жан және т.б.) жеке өмірінде іс жүзіне асырған дарынды әрі құпия тұлғалардың бірі. Ол нәпсісін тәрбиелеп, кемелдікке ұмтылған ғалым. Сондықтан адамның жанын зерттеу ойшылдың жеке және ішкі қасиеті болды:

أن يهوى إنسان الخير لغيره أكان خيرا في الحقيقة أو خيرا
مظنونا عند من يهوى له الخير إنه خير لا خير فاضل.

«Ізгілікті қалаушы адам басқа адамға игілік қалауы керек, әйтпесе оның мұндай қабілеті шынайы ойшылдық ізгілік бола алмайды, яғни бұл қалаушының ойындағы ізгілік болып қала береді. Расында ол шынайы игілік емес, жай ғана жақсылық болмақ» (Аудар. Ж.С. Сандыбаев) (Al-Farabi., 1995:52).

Ғалымның айтпағы, адам біреуге жақсылық қаласа, онда оны шын көңілімен қалап, жанымен жақсы көруі тиіс. Егер адам оны жанымен қалап жасамайтын болса, онда оның жасаған игі амалы шынайы ізгілік саналмайды, қатардағы жай ғана игілік болып қала бермек. Ойшыл мұнда адамның сыртқы амалына емес, оның жанына мән беруде. Сол себепті әл-Фарабиді араб әлемінде «әл-муғаллим әр-рухи» (жан мүғәлімі) деп те атайды. Өйткені, ғалым адамның жан әлеміне, оның рухани тірбиесіне көп мән берген. Ол өзі насихаттатаған ахлақ ілімін өмірде қолдана білген жан. Өзінің білімі мен даңқына қарапайым қараған. Азды қанағат тұтып, кісәпірлікті ұнатпаған жан. Ойшыл өзінен бұрын өмір сүрген философтар сияқты ғұмыр кешкен. Бірде тағылымы мол қазыналы әл-Фарабиге біреу:

«Кім білгір, сен бе, әлде Аристотель ме?» – деп сұрақ қойған көрінеді. Сонда ол: «Егер одан білгір болсам, мен оның үлкен шәкірттерінің бірі болмас едім», – деп жауап беріпті. Ғалымның мейілінше қысқа әрі терең жауабынан, «Аристотель менің ұстазым» деген түйінді тұжырымын байқаймыз (A. Nysanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh. Sandybaev, 2009:15).

Ғалым әлсізге жәрдем беру, кішіпейілдік, жомарттық сияқты ахлақ құндылықтарын тек теориялық айтып қоймай, бойына сіңіріп, практикада қолданған жан екеніне мынадай да оқиға бар: бір күні әл-Фараби Дамаскі базарына барады. Мұнда тісімен тері тартып отырған сымбатты жас етікшіні көреді. Әлгі жігіттен: «Мұндай ыждағатпен істеген жұмысың үшін күніне қанша аласың?» – деп сұрайды. Ол: «Екі дирһам», – деп жауап береді. Мұны аяған ғалым күніне сарайдан алатын 4 дирһамын осы жігітке беріп отырған екен. Бұл жігіт ұстаздың сұхбатшысы болыпты (Khairullaev M., 1967:143).

Демек әл-Фараби этика ұстанымдарын өзгелерге мысал һәм үлгі болатын деңгейде насихаттаған. Себебі ол трактаттарында негізгі эстетикалық категорияны негіздеуге үлкен мән беріп, басқаларды бақытқа жетелейтін басшының бейнесін алға тартқаны мәлім. Мұнда басшы адамның сыртқы бейнесі мен ішкі дүниесі ұйлесімдік тапқан сұлулық категориясының маңызы айырықша болды.

Ғалымның пікіріне сәйкес сұлулық – адамның рухани және физикалық әдемі көрінісі. Осындай этикалық және эстетикалық сұлулыққа ие адамның басшылығы Бірінші басшылық (әкім) болады, ал адамдардың қалғандарының бәрінің басшылығы Бірінші басшылықпен салыстырғанда, кейінгі басшылық және сол Біріншідан тарайтын басшылық болып табылады. Бұл айқын нәрсе.

Оған бағынатындар – қайырымды, абзал және бақытты адамдар. Егер олар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық, ал егер бәріне ортақ жерге бірігіп қоныстанса, онда қоныс қайырымды қалаға айналады. Егер ортақ қонысқа бірікпей, әр қилы жерге орнығып, түрлі басшылыққа бағынса, бұратана халық болып шыға келеді.

Ойшыл бұлардың бытыраңқылығы бұрын-соңды ұйымшыл халқы бар қаланы кездестірмегендіктерінен не болмаса жау шапқыншылығы, індет, қуаңшылық, т.б. сынды бақытсыздыққа ұшырап, лажсыз ыдырап кеткендігінен болуы әбден мүмкін деп ойын топшылайды (Al-Farabi., 1996: 68).

Әлеуметтік өмірде және билік саласында ахлақты жоғары санаған әл-Фараби адамның мұндай қасиеті – жоғалмайтын қабілет, өнімі мен таусылмайтын қызмет түрі. Әділдікті сақтау, жақсы мінез-құлықты қалыптастыру оның бас кепілдігі. Белгілі бір игі әрекетке әдеттену, жақсы құлықты жетілдіру – адамды жетілдірудің өнері мен өнегесі деп санайды.

Әл-Фараби адамның бойындағы ерік күшіне негізделген қайырымдылық пен зұлымдылыққа, яғни жақсы және жаман қылықтарды да талдап көрсетіп, бұлардың тек адамға ғана тән екенін айтады. Ерік күшіне негізделген қайырымдылықтың жолы, адам жанының бес пайымдау күштері арқылы болады: теориялық ақыл-парасаты, практикалық ақыл-парасатты, талпынушы, қиялдаушы және түйсінуші күштер арқылы. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшіл ақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдерді адам пайдаланып, пайымдауы керек. Кейін, ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күші арқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырып жасайды (Zh. Sandybaev, 2001:42).

Діни мистиктермен салыстырғанда ойшыл адам баласының бақытқа кенелуін тек арғы дүниеден емес, керісінше бұл дүниеде бақытқа қол жеткізуінің жолын іздеді. Бұл жайында әл-Фараби:

وإن كل موجود إنما كون ليبلغ أقصى الكمال الذي له أن يبلغه
فالذي للإنسان من هذا بحسب رتبته في الوجود الذي يخصه
هو المخصوص باسم السعادة القصوى

«Жан біткеннің бәрі ең биік кемелдікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады. Бұдан жалпы адамға тиетін үлес ең жоғары бақыт деп аталады» деп ойын тұжырымдайды (Аудар. Ж.С. Сандыбаев). (Al-Farabi., 1995:76).

Ғалымның пікірінше адамзат қоғамында ие болып отырған дәрежесіне сәйкес қайсыбір адамға тиетін үлес, осы текке лайықты ең жоғары (кемелдікке жету) мақсат болады. Осы мақсат үшін өмір сүруші индивид – әділетті индивид, ал осы мақсатты көздейтін өнер (ахлақ ілімі) – жеке-дара әділетті және ізгі өнер. Осыған сәйкес халықтар мен қала тұрғындарын ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланатын адамдар – бойына ізгі қасиеттер (даналық, ұстамдық, байсалдық, әділ әрі жақсы мәміле жасайтын көркем мінез) бен шешендік өнері дарыған адамдар екенін айтады. Сөйтіп ойшыл адамдарды бақытқа жетелейтін таңдаулы жандардың[1] бойындағы ахлақтың маңызына назар салады.

Әл-Фараби бойына ізгі қасиеттер мен шешендік өнері дарыған адамдар деп отырғаны – философтар. Себебі, ол дәуірлерде шешендік өнері философия ғылымының құрамында болатын әрі бұл өнерді философтар арнайы ұйренген. Әл-Фарабидің айтуынша халықты басқарған патша, әкім немесе имам[2] (басшы) философ болмаса да философияны біліуі лазым. Себебі, әкімдер, билеушілер бұқара халықтың жан-жүйесін баурап, басқарып, бағындырып, оларды жөнге салып отыру үшін иландыру әдісімен басқарады, осыған орайлас олар сезімге әсер ететін түрлі этикалық және эстетикалық мазмұнды қамтыған нақыл сөздерді де пайдаланады.

Әл-Фараби адамдарды бақытқа жетелейтін басшының бойында жаман мінездің болмау қажеттігін айтады. Жаман мінез – өнерпаздың өші, игі істі жалғастыруға машықтандырмайды. Жаман мінез ақиқатқа жетуге кедергі жасайды, жаман мен жақсының аражігін ажыратуға мүмкіндік бермейді. Жаман мінезде жасампаздық, қайырымдылық жетіспейді, бақыт пен бақдәулетке жеткізетін жол талдаусыз қалады. Ондайда жаман, бұзық әрекет жақсы әрекет жасаудан басым түседі.

Жаман мінездің негізі – жабайылық пен надандықта. Адам бойындағы теріс пиғыл әрекетке ұласқанда, елдің берекесі қашып, мемлекеттің құлдырауы жақындай түседі. Көзжұмбайлықтың қауіптісі сол, ол қимыл-әрекетті өнер ретінде жетілдіруге, жүйелеуге мән бермейді, теріс қылықтарды әдейі әдетке айналдырып, тірліктегі тағылымды тұншықтырады.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жайында» атты трактатында: «Әлбетте, «философ», «бірінші басшы», «әкім», «заң шығарушы» және «имам» деген ұғымдар бір ұғым болып табылады», – деп түйіндейді. Кейін аталмыш тұлғалардың әрбірінің бойында болуы тиіс әдептілік талаптарын сайып келтіреді. Негізінде мұндай шарттарды Платон да өзінің «Мемлекет» кітабында баяндаған болатын, мұны әл-Фарабидің өзі атап көрсетеді (Al-Farabi., 1995:96).

Әл-Фараби әкімнің немесе имамның бойында болуы тиіс этикалық талаптарына сәйкес ол мейлінше зирек, ғылымды меңгеру ісінде шыдамды да табанды болуы міндетті. Онда адам жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттік пен оның жақтастарын сүйеді, өзінің талап-тілегінде дөрекілік пен өзімшілдік мінез көрсетпейді. Тіпті асқа, ішімдікке келгенде қомағай болмауы, дерхем мен динарды, жалпы дүние атауына құмартпайды, оларды жаратылысынан жек көретін болуы керек. Халық арасында ұят немесе ар саналатын дүниелерде әдеп сақтап, инабатты болуға тиіс. Жақсылық пен әділетке оңай бағынып, жамандық пен зұлымдыққа көне бермейді, мұнда оның мейлінше естиярлы болғаны жөн.

[1] Әл-Фараби «таңдаулы жандар» (араб. хосса) деп «имам», «әкім» және «философты» айтады. Сондай-ақ, оларға қатысты: «Олар – өздерінің теориялық танымдарында жалпы жұрт костаған пікірімен шектеліп қала алмайтын таңдаулы жандар», – деп анықтама берген (Әл-Фараби. Китаб тахсиль әс-саьада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995. – 75 б.).

[2] Араб тілінде «имам» деп әрі қолбасы, әрі жетекші ретінде бой көрсететін адамды айтады, бұл ретте ол не өзінен өзі, не көздейтін мақсаты жағынан жетекші болып көрінеді. Әл-Фарабиге сәйкес егер жұрт шексіз іс-әрекет, игілік пен өнер салаларының бәрінде оның жетекшілігіне ден қоймайтын болса, онда ол шын мәнінде жетекші болмақшы емес. Басқаша айтқанда егер имам (басшы) өзінің бойындағы өнерімен, ғылымы және білімімен артынан артынан ешкімді ерте алмаса, онда ол шынайы имам емес (Әл-Фараби. Китаб тахсиль әс-саьада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995. – 74 б.).

Ғалымның пікіріне сәйкес әкім өзінің жаратылыс бейімділігіне сәйкес қағидаттар мен әдет-ғұрып негізінде тәрбиеленген болуы шарт, өзі тәлім алып өскен діни көзқарастарында кәміл сенімді. Діні әмір еткен ізгі амалдардан айнымайды, бұларды түгелдей де, аздап та бұзбауы қажет. Дәстүрі бойынша оңды деп танылған ұстанымдарға қарсы шықпайды. Әл-Фараби осындай әдептілік ережелерін атап келіп: «Егер тиісті теориялық білімдерді меңгерген адамның бойында осы әдептілік қасиеттері дарыған болса, онда оны жалған, дүмбілез немесе өресіз философ деп атай алмаймыз»[3]-деген тұжырымын ұсынады. (Al-Farabi., 1995:84).

Билеушінің бойындағы этикалық аспектілер мәселесімен барлық дерлік ортағасырлық Шығыстың ойшылдары қалам тербеді десек артық болмас. Бұл мәселе мұсылмандық қоғамда қызу пікірталасқа айналды: мемлекетті кім басқаруы қажет, әкім немесе басшы қандай адамгершілік қасиеттер мен қажетті құралдарға ие болуы керек, қоғамның құрылымы қандай болуы тиіс, басқару қызметін қалай дамытуға болады және т.б.

Мысалы, Ибн Синаның пікірінше, өзгелерді басқаруды бастау үшін алдымен өзін-өзі басқаруды үйрену маңызды. Ибн Сина былай деп жазады: «Өзін-өзі тануға, өз жанын тазарту үшін өзінің ізгіліктеріне жетуге және оны игеру жолдарына ұмтылған адам өзін олардан тазарту мен аластау мақсатында өз күнәларын да тануға ұмтылады және сол арқылы жақсы жүріс-тұрысты таңдауға тырысады. Осынысымен ол бұл және ана дүниедегі өмірде бақытқа жетуге мүмкіндік беретін, кемелдіктен туындайтын өзінің нағыз адами парызын орындай алады» (Nasr S.H., 1971: 138).

Адам өзін-өзі тәрбиелеуі мен өмірдегі өз мақсатына жетуі үшін өзінің барлық артықшылығы мен кемшілігін мұқият талдауы тиіс. Оны аңғаруға өзіндік қадағалау мен сыншыл бағалау қасиеттері мүмкіндік береді. Онан өзге жақын адамыңа – досыңа көңіл аудару да маңызды. Айнаға үңілгендей, оған қарай отырып, өзіңнің қайырымды істерің мен ниетіңді және соған керісінше – жаман қылықтарың мен пиғылыңды салыстырғанда, байқайсың. Сонда ғана адам өзін терең танып, өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе алады.

Фарабише, «әс-сиясату әл-мәдания» азаматтық ғылым – адамның кәміл болуы үшін дем беретін немесе соған жету үшін адамға игілік, ізгілік, қайырымдылық түрінде пайда келтіретін барлық зат біткенді зерттейді де, бұларды өзінің осы кемелдікке жетуіне бөгет болатын жамандық, шалағайлық, қаскүнемдік сияқты заттардан бөлек алып қарайды. Сөйтіп ойшыл адамның кемелдікке жетуі үшін оның бойында болуы қажет қасиеттерді жеке-дара атап көрсетеді де оның қандай сипаттардан арылу керектігін айтады. Бұл жерде қайырымдылық пен дос болу, ізгілік амалдарын орындау, игілікпен бірге жүру сияқты әл-Фарабидің гуманистік-этикалық идеялары анық көрінеді.

Ғалымның пікірінше қарым-қатынас пен басқару ісіндегі көкейтесті мақсаттар – ақиқатқа жету, қайырымдылық жасау, игілік істеу, осындай ниетті, тілекті, қимыл-әрекеттегі ықыласты жеке адамның болмысында үйлестіру.

Себебі, жүрегі кең де ыстық, оқығаны мен тоқығаны тең жан «даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді». Дана тілегі мен мақсатын үйлестіру арқылы алауыздықтан арылады, оның себептерін сейілтетін тәсіл табады. Тәсіл – танымның тоқтауы, дананың оқтауы деп ойын түйіндеген ойшыл, тәсілден мынандай тоқтау-түйін туындайды дейді. Олар мыналар:

– мінез-құлық элементтері арасында үйлеспеушілік неғұрлым аз болса, ол соғұрлым теңдестікке жақын болады, мұның керісінше, үйлеспеушілік неғұрлым үлкен болса,ол теңдестіктен соғұрлым алыс жатады;

– кімде-кімнің әдетке айналған әрекеттері жалпы жұрт пікірінде өте жақсы деп танылғанға үйлессе, оның әдеті теориялық ғылымдарды оқып үйренуге, сондай-ақ оның әрекеттерін шындығында өте жақсы деп қабылдауға бөгет болмайды;

– екі адамның тілегі мен ниеті игіліктің өзі болып табылатын мақсаттың өзіне ғана бағыт-талса, олардың бұған жеткізетін жолы да, бұған

[3] Егер, философ жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттілік пен оның жақтастарын сүймейтін болса, өзінің талап-тілегінде дөрекілік пен өзімшілдік мінез көрсетсе және асқа, ішімдікке келгенде қомағай болса, ақша мен мал-мүлікті жаратылысынан жек көрмесе онда ол жалған, дүмбілез және өресіз философ болғаны. Жұрттың теріс деп білетін нәрселері жөнінде ол әдеп сақтамаса, инабатты болмаса, жақсылықпен әділеттілікке оңай бағынбаса жамандық пен әділетсіздікке еркін көнетін болса, шын философ емес.

деген сүйіспеншілігі де бір. Мұндай іштей бірлестікте алауыздыққа орын қалмайды.

Ал енді мақсаттары алшақ болып тұрғанда, ешқандай бірлік те жоқ. Алауыздықтан туған өзімшілдік таратар алауыздық келісім сияқты игілікке емес, жауыздыққа бастауы мүмкін;

– ақиқатты іздеуші екі адам өздерінің мақсатын түсінеді, оны біледі, сондықтан мақсат жөніндегі көзқарастарында алалық тумайды. Ақиқат пен қайырымдылықтан ауытқыған жолда адам адасып, абыржиды;

– бейқамның және бейқамсынған адамның сыбағасы бір, өйткені бейқамдық бейқамды сәтсіздікке бастайтыны сияқты, бейқамсызданған адамды өтірік бейқамдығы сәтсіздікке бастайды. Бейқам адам өзінің не жөнінде бейқамсыздануын білгенімен, бірақ бұған нені пайдалануы керек екенін білмесе, бұл білгені оған көмектеспейді (Al-Farabi., 1996: 112).

Адамға деген осындай қайырымдылық ер мен елдің басын қоса ер намысын, ел намысын қорғайтын, жаны намысқой басшы ғана халықты жарыққа бастайды. Ойдағы қайырымдылық – ұжымды басқарудың басты шарты. Мұндай қасиет қарапайым жұрт үлгі етіп ұстанар бетперде.

Сонымен қатар әл-Фарабидің халықты бақытқа жетелейтін этикалық философиясында ерекше орын алған – ойшылдық ізгілік концепциясы. «Ойшылдық ізгілік дегеніміз – әлденедей бір ізгі мақсатта барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтауға жұмсалатын ізгілік» (Al-Farabi., 1995:56). Ғалым ойшылдық ізгілікке тек адамға, қоғамға пайда келтіретін нәрсенің жолында ғана жұмсалатын ақылдың қабілетін жатқызды. Ал жамандықты көздейтін мақсат үшін жұмсалған ақылды және бұзықтық, пасықтық үшін ұтымды жолдарын іздеу үшін барынша жұмсалған ойлау қабілетін ойшылдық ізгілік деп атамай, оған басқа есім іздеді.

Егер ойлау қабілеті адамдарды алдау-арбау жолында көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын болса, онда мұны ойдағы жалған ізгілік деп атады. Әл-Фарабидің ізгі адамы сыртқы көрінісінде қайырымды адам болуымен қатар, оның ақыл-ойы да игілік мақсатында жұмыс жасап, қоғамға, адамдарға оң әсер етіп, пайда келтіруі тиіс. Ізгі мақсатқа қажет және ізгі мақсаттағы ең пайдалы нәрсе, сол мақсаттағы ең әдемі нәрсе дейді ойшыл.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, өзге адамға жақсылық жасап, оған игі іс үшін жәрдем беру мақсатында тілектес болмайынша, адамның қалаған ізгілігі нақ ойдағы ізгілік бола алмайды. Ойдағы ізгілік қабілет адамның жеке басында кездеседі. Оның қаншалықты жаман-жақсылығын адамның таңдап алған мақсатынан анықтауға болады. Ізгілік қабілеті бір адамның бойында немесе әртүрлі адамдардың бойында да болуы мүмкін. Бірақ, басшы болатын кісіде ізгілік басым болуы тиіс. Ізгілік қасиеті мен қабілеті жоқ адам, – дейді ғалым, – басшы бола алмайды, ол халық басында отырмауы тиіс.

Әл-Фарабидің эикалық ізгіліктер философиясына сәйкес әр халықтың орналасу жеріне, жағрафиялық мекеніне сәйкес дәстүрінің болғаны сияқты мінезі де әртүрлі келеді:

والأمة تتميز عن الأمة بأشياء طبيعية : بالخلق الطبيعية والشيم الطبيعية ، وبشيء ثالث وضعي وله مدخل ما في الأشياء الطبيعية وهو اللسان أعني اللغة التي بها تكون العبارة

«Бір халықтың екінші халықтан мынадай табиғи айырмашылығы бар: табиғи жаратылысы, табиғи мінез-құлқы және үшіншісі, сөйлейтін тілі» (Аудар. Ж.С. Сандыбаев) (Al-Farabi., 1995:29).

Этикалық ізгіліктер мен акциденциялар түрлі халықтарда әртүрлі болып, мезгіл мен мекен өзгерген сайын ол екеуі өзгеріп отырады. Мысалы, инабаттылық, байлық сияқты нәрселердің бәрі де ерікке қатысы бар, ақыл-оймен пайымдалатын ұғымдар алатын болса, онда бұлармен бір мезгілде нақты байланысты акциденциялар басқа уақытта байланысты болған акциденциялардан өзгеше келеді; бір халықтың қолындағы дағдылы нәрсе екінші бір халықта кездесетін нақты акциденциялардан басқа. Сондықтан да жаратылысында берілген қасиеттері жағынан тепе-тең адамдар өздері бейім тұратын нәрселер арқылы алатын тәрбиесіне қарай ажыратылады. Әдебі мен тәрбиесі әртүрлі болғандықтан, адамдардың мінезі де әркелкі. Бірақ, жағдай қалай болғанда да билеушінің мінезі көркем болуы қажет – деп санайды ойшыл.

Әл-Фараби жай ғана ақиқатты іздеген жоқ, оған ақиқатты адамдардың игілігіне жұмсау маңызды. Ол адамның бақытқа кенелу жолдары жайында ой жүгірткен кезде экономика, саясат, мемлекеттік құрылым, отбасы, жанұя мәселелерін рационалды түрде ақыл елегінен өткізіп отырды. Ойшыл өз ілімінде жақсылықты жаман-

дықтан айыратын ғылым сияқты түсінген этикаға да көп мән берді. Себебі этика адамдардың бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы үшін ауадай қажет дүние деп санады. Әл-Фараби сол кездегі дәстүрді ұстана отырып, барлық ғылымды теоретикалық және практикалық деп екіге бөледі. Теоретикалық математиканы, физиканы, метафизиканы қамтыды; практикалық (азаматтық) өз ішіне этика мен саясатты алды (A. Nysanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh. Sandybaev, 2009:12).

Гректер үшін де, араб-мұсылман ғалымдары үшін де адамгершілік ұстындармен тығыз байланыс тән, бірақ ежелгі грек ойшылдары әлеуметтік-саяси мәселелерді этиканың шеңбері мен терминдерінде қарастырса, ал мұсылман ойшылдары бұл мәселелерді діни пәндердің шеңбері мен терминдерінде талқылады. Бұлардың екеуі де қоғамдық моральды біртұтас, жалпы моральдық мақсат тұрғысынан қарастырды: адам үшін ізгілік – қоғам үшін игілік.

Әл-Фарабидің «Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж» деген тұжырымы оның этикалық философиясындағы негізгі концепцияларының бірі. (Proverbs of Abu Nasir al-Farabi, 2020:58). Ойшылдың бұл концепциясын былай түсіндірсе болады: адамның өмір сүру мақсаты – жоғарғы бақытқа жету. Демек, ол бақыт дегеннің не екенін білуі тиіс. Себебі адам алға қойған асқақ мақсатына (бақытына) ұмтылады. Ал оған мұны үйрететін адам – тәлімгер.

Кейбір кісілер шағын билікке қанағат қылса, басқа бір адамдар – биліктің ұзақ және үстем болуын қалайды. Бірақ, бұл екеуі болғанның өзінде сырттан итермелеуші немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай көпшілігіне тән. Сондықтан адам осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға кеңес беретін, демеуші болатын адамдарға (ұстазға) зәру. Осыдан келіп тәлім беру және тәлім алу яғни «ұстазға құрмет», «шәкірт ақысы», «ұстаз және шәкірт» сынды т.б. әдеп ережелері туады.

Мемлекет азаматтарына осындай ізгілік үйретуші адам – ұстаз. Әл-Фарабидің ұстазға қатысты айтқан этика тұжырымын кейінгі мұсылман ойшылдарынан да көреміз. Мысалы Ғазалише, ілім үйреніп, кейін басқа адамдардың үйренуіне жәрдемші болу – ең үлкен шарапат. Осының барлығын ескерген Ғазали үшін ұстаз болу – қоғамдағы ислами құндылық категорияларының негізін қалау. Себебі, үйретуші, шәкірт үшін бағыт-бағдар беруші. Ұстаз болу оңай шаруа емес, ол шәкіртке жол көрсетеді, өзінің бақылауында ұстайды. Шәкірттің ең жақсы түрде ілім алуына қажетті нәрсенің барлығын жасайды. Шәкіртті өзінен кіші санамайды, азар бермейді, дөрекі сөйлеп намысына тимейді және т.б. (Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad al-Ghazali, 1996:234)

Қорытынды

Сонымен әл-Фараби қайсыбір салада оң нәтижеге жетуге қабілетті адамдар қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады деген ойды алға тартты. Сөйтіп барлық салада «оңды нәтижеге жету әдебін» топшылап «ұстазға мұқтаждық» концепциясын одан әрі дамытты. Бұл адамдар тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізген жақсы немесе нашар басқару, кеңесші болу қабілетіне қарай бөлінеді. Жақсы басшылық жасап, жақсы ақылгөй болуға қабілеті бар адамдар басқалар үшін жетекші болмақ: «Қайсыбір салада неғұрлым жетілген тәрбие көргендер нақ сол салада соғұрлым кәміл емес тәрбие алғандарға басшы болады. Осындай салада жаратылысынан ең абзал қасиеттері бар және жаратылысынан өзі бейім нәрселердің бәріне сәйкес тәрбие алғанда осы салада жаратылысынан тамаша қасиеті еш уақытта болмағандарға басшы бола алмайды; олар жаратылысынан тамаша қасиеті бар, бірақ тиісті тәрбие алмағандарға ғана немесе жеткілікті тәрбие алмағандарға ғана басшы бола алады», – дейді ғалым (Al-Farabi, 1995:54).

Осылайша ғалым қайсыбір салада болмасын жемісті жетіктікке жету үшін шебер hәм білікті тәлімгердің маңызына жіті назар аударады. Өйткені қоғам үлгілі қала болуы үшін әрбір тұрғын болмысынан бейім немесе икемі бар кәсіппен айналысуы тиіс. Сонда ғана адам өзін бақытты сезінеді, жұмысын махаббатпен орындайды. Ал қала қайырымды қалаға айналады.

Әл-Фарабиге сәйкес «Қайырымды қаланы тек қайырымды азаматтар ғана құра алады» (Proverbs of Abu Nasir al-Farabi, 2020:183) Ол үшін ғалым ұстазға қатысты жоғарыда айтқан тұжырымын одан әрі дамытады. Қала тұрғындарын жақсылыққа тәрбиелеу үшін жаны жомарт, ізгі амалды жақсы көретін көркем мінезді жандар қажет:

فإنه يلزم ضرورة أن يكون من يستعملهم من أهل الفضائل وأهل الصنائع في تأديب الأمم وأهل المدن طائفتين أوليتين: طائفة يستعملهم في تأديب من يتأدب منهم طوعا وطائفة يستعملهم في تأديب من سبيله أن يؤدب كرها

«Негізінде халықтар мен қала тұрғындарын тәрбиелеуде қайырымды да өнерлі жандарды пайданалатын адамдардың да болуы қажетті шарт. Мұндай адамдардың екі тобы бар: бір тобы тәрбиеге өз еркімен көнетін адамдарды тәрбиелейді, ал екінші тобы күштеп тәрбиелеуге келетіндерді тәрбиелейді» (Al-Farabi, 1995:76) Демек, ғалым қайырымды қоғам тұрғызу үшін қажет болған жағдайда тәрбиені күштеп болса да беру қажеттігін алға тартты. Бүгінде біз білетін әрі көріп жүрген түзету мекемелері міне, осындай тұжырым негізінен бастау алса керек. Ал әл-Фарабиге сәйкес: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз». (Al-Farabi, 1995:71) Ғалымның бұл тұжырымы қайырымды қаланы көтеру үшін және қайырымды азамат тәрбиелеу жолындағы этикалық философиясының маңызын айқандайды. Себебі ғалым мінез-құлықты көркем қасиеттермен көркемдеуді денені жетілдірумен ұқсатады. Адамгершілік қасиеттер арқылы адамның жаны көркемделсе, жаттығу арқылы денсаулық күшееді (Al-Farabi, 1995:24). Осылайша әл-Фарабидегі қайырымды адамның жаны сау, денсаулығы да мықты. Рухани саламатты адамға жаман мінез жараспайды. Сол үшін ғалым адамның байындағы жаман мінезді рухани кеселмен теңеген. Дерттің жақсысы болмағаны сияқты жаман мінездің де тәуірі жоқ. Адам кесел атауынан қаншалықты сақ жүрсе, жаман мінезден де соншалық аулақ болуы лазым.

Ғалымның адам, қоғам, әлеуметтік өмір мен этика, мораль сынды көтерген т.б. мәселелер маңызын жоғалтпақ емес. Әсіресе, оның этикалық жүйесі қазіргі заманда да қоғамдағы адамгершілікті қайта жандандыру құралы ретінде тәжірибелік құндылыққа ие.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған ЖТН AP08857715 жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы, 2007. – 72 б.

Кабыкенова Б.С. Нравственные основы духовной культуры государственного служащего // Аль-Фараби – Абай: проблема преемственности. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 324б.

Әл-Фараби. Китаб тахсиль әс-саьада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995. – 102 б.

Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 бет.

Хайруллаев М.М. Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии. Ташкент: «Фан», 1967. 234 с.

Әл-Фараби. Әс-Сияса әл-мадания. Бейрут-Любнан. Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1996. 127 б.

Ж. Сандыбаев. Ортағасыр шығыс философиясындағы басқару мәдениетінің адамгершілік негіздері: Монография. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2001. – 102 б.

Наср С.Х. Сәләс хукама муслимин. – Бейрут: Уарақа әд-дағуа, 1971. – 193 б.

Аль-Фараби. Избранные трактаты / Перевод с арабского. –Алматы: ИФ АН РК, 1994. 440 с.

Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері. (араб, қазақ, орыс тілдерінде) – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2020. – 220 б.

Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия’у ‘улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 584 б.

Әл-Фараби. Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә. Бейрут-Любнан. Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995. 198 б.

Әл-Фараби. Әлеуметтік-зтикалық трактаттар. А., 1975. – 368 б.

Әл-Фараби. «Әт-тахсил ғәлә әс-сағада». Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатуль-хиляль, 1995. – С.25-102.

References

Nazarbayev N. (2007) New Kazakhstan in the new world. – Almaty, 72 p.

Kabykenova B. (2007) Moral foundations of the spiritual culture of the civil servant // Al-Farabi – Abai: the problem of succession. Proceedings of the International Scientific Conference. – Almaty: Kazakh University, 324 p.

Al-Farabi. (1995) Book tahsil as-sayada. Beirut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, 102 p.

Abu Nasir al-Farabi. Selected treatises (2009) / Compiled by: A. Nysanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh. Sandybaev. – Almaty: Arys Publishing House. – 656 pages.

Khairullaev M. (1967) Farabi's worldview and its significance in the history of philosophy. Tashkent: "Fan", 234 p.

Al-Farabi. (1996) As-Siyasa al-Madaniya. Beirut-Lubnan. Dar-ua-maktabatul-hilal, 127 p.

Zh. Sandybaev (2001) Moral foundations of management culture in medieval Eastern philosophy: Monograph. –Astana: Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, – 102 p.

Nasr S.H. (1971) I am a Muslim. – Beirut: Uaraqa ad-dagua,. – 193 p.

Al-Farabi. (1994) Favorite treatises / Translation from Arabic. –Almaty: IF AN RK, 440 p.

Proverbs of Abu Nasir al-Farabi. (2020) (in Arabic, Kazakh, Russian) – Almaty: Kazakh University Publishing House, – 220p.

Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad al-Ghazali (1996) Ihiya'u 'ulum ad-Din. – Egypt: Dar al-Iman, – Vol. 3. – 584 p.

Al-Farabi. (1995) Aro-u ahlu al-madinati al-fazila. Beirut-Lubnan. Dar-ua-maktabatul-hilal [The most wonderful people of the city Alvazl.], 198 p.

Al-Farabi. (1975) Socio-ethical treatises. 368 p.

Al-Farabi. (1995) "At-tahsil gala as-saga". Beirut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, – P.25-102.

IRSTI 10.09.91 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v101.i2.12

Cihan Şimşek

University of Szeged, Hungary, Szeged
e-mail: cihansimsek@kilis.edu.tr

UNDERSTANDING THE STATE BUILDING OF MOUNTED PASTORAL NOMADS ON SEDENTATION AND MERCANTILE ACTIVITY OF KHAZAR KHANATE AND VOLGA BULGARS

The mounted pastoral nomadism was the dominant socio-economical system in Desht-i Kipchak steppes for thousands of years. However, the state building methods and effectiveness of state building apparatus of mounted pastoral nomadic people were subject of debate for researchers. The commerce and sedentation were two important factors in understanding the debatable subjects of this sedantation processes of mounted pastoral nomads.

Khazar Khanate and Volga Bulgars were taken as foundations of this study for analyzing and these two factors; sedentation and commerce. After giving very brief historical background about mounted pastoral nomads, Khazar Khanate and Volga Bulgars, this study focuses on describing mercantile activity of these two states as well as their roles transcontinental trade roads. The Islamic sources and material findings are taken into consideration while describing the relation between commercial activity and state building process of Khazar Khanates and Volga Bulgars.

Finally, the study concludes the research on the efficiency of commercial activity, and how this efficiency determined the state building as well as sedentation of mounted pastoral nomads.

Key words: Mounted Pastoral Nomads, Sedentation, State building, Commerce.

Джихан Шимшек

Сегед университеті, Венгрия, Сегед қ.
e-mail: cihansimsek@kilis.edu.tr

Хазар хандығы мен Еділ бұлғарының отырықшы және сауда-саттығы нәтижесінде жылқы малшаруашылығы көшпенділерінің мемлекеттік құрылысын ұғыну

Жылқы мал шаруашылығы көшпенділігі Дешті-Қыпшақ даласында мыңдаған жылдар бойы үстем әлеуметтік-экономикалық жүйе болып келді. Алайда, көшпелілердің мемлекеттік құрылыс әдістері мен мемлекеттік құрылыс аппаратының тиімділігі зерттеушілердің талқылауына түсті. Сауда және отырықшылық көшпелі-малшылардың осы отырықшылық үдерістерінің дискуссиялық тақырыптарын түсінуде екі маңызды фактор болды.

Хазар хандығы мен Еділ Булгарлары осы екі факторды – отырықшылық пен сауданы талдау үшін осы зерттеудің негізі болды. Көшпелі малшылар, Хазар хандығы және Еділ Бұлғарлары туралы қысқаша тарихи очерктен кейін бұл зерттеу осы екі мемлекеттің сауда қызметін, сондай-ақ олардың трансконтиненталдық сауда жолдарындағы рөлін сипаттауға арналған. Хазар хандықтары мен Еділ Бұлғарлары арасындағы сауда қызметі мен мемлекеттік құрылыстың өзара байланысын сипаттау кезінде ислам көздері мен материалдық олжалар ескеріледі.

Ақырында, сауда қызметінің тиімділігі және оның мемлекеттік құрылысқа, сондай-ақ жылқы көшпенді-малшылардың отырықшылығына әсері зерттеледі.

Түйін сөздер: жылқы көшпенділері, отырықшылық, мемлекеттік құрылыс, сауда.

Джихан Шимшек

Сегедский университет, Венгрия, г. Сегед
e-mail: cihansimsek@kilis.edu.tr

Осмысление государственного строительства конных скотоводческих кочевников в результате оседлости и торговли Хазарского ханства и волжских булгар

Конно-скотоводческое кочевничество было господствующей социально-экономической системой в степях Дешт-и Кыпчака на протяжении тысячелетий. Однако методы государственного строительства и эффективность государственного строительного аппарата конно-

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

скотоводческих кочевников были предметом дискуссий исследователей. Торговля и оседлость были двумя важными факторами в понимании дискуссионных тем этих процессов оседлости конных кочевников-скотоводов.

Хазарское ханство и Волжские Булгары были взяты за основу данного исследования для анализа этих двух факторов – оседлость и торговля. После краткого исторического очерка о кочевниках-скотоводах, Хазарском ханстве и Волжских булгарах данное исследование посвящено описанию торговой деятельности этих двух государств, а также их роли на трансконтинентальных торговых путях. При описании взаимосвязи торговой деятельности и государственного строительства хазарских ханств и волжских булгар учитываются исламские источники и материальные находки.

Наконец, исследуется эффективность торговой деятельности и влияние ее на государственное строительство, а также на оседлость конных кочевников-скотоводов.

Ключевые слова: конные кочевники, оседлость, государственное строительство, торговля.

Introduction

Justification of the choice of the article and goal and objectives

Like every human community, the mounted pastoral nomads had social organization but this social organization is still subject of debate. Still obscure and complicated social organization of mounted pastoral nomads could be observed as early as 10th century B.C. in the steppe region which had various names throughout the ages, currently is called 'Eurasian steppes' by many scholars. These first mounted pastoral nomads were known as 'Scythians' (Sakhas) in the anglicized form based on a name that was given by their contemporary Greek neighbors. The purpose of the article is to study the process of transition to a different type of economy and the state of pastoral nomadism on the territory of the Desht-i Kypchak steppes. The objectives of our study were to comprehend the important factors that played a key role in these processes, such as the trading activities of nomads and the transition to settled life.

From Scythians to late early modern age, this mounted pastoral nomadism was biased as a dormant social organization form. This stereotype similarized these people when they had reached their peak in power at early and high medieval ages with the examples of Huns and Mongols or in their so-called decline in late medieval or early modern ages as in the examples of post-Golden Horde or post-Shaybanid khanates. According to this stereotype, there is mobility and flexibility in physical movement but not in social and economic forms and conditions. So the conclusion "poor nomads are pure nomads" had been reached by various scholars.

I will raise some other questions on this social organization based on sedentariness, mercantile economic activity, and their effects in the state-building. Our focus will be on two mounted pastoral nomadic societies of early medieval age; Khazars and Volga Bulgars.

The Khazar Khanate and Volga Bulgaria were commercial, mercantile states. But these two states were also mounted pastoral nomad societies and they adapted to stationary life besides continuing mounted pastoral nomadism. On contrary to the classical pure nomad stereotypes and classical theories with a similar approach, an active mercantile life was presented in various mounted pastoral nomad societies. And these rich and intense mercantile practices had an influence on the shape of their state-building.

The traditional east-west "Silk Road" was supplemented with the northern routes under the Western Turk Khanate and its successor state, the Khazar Khanate. The Kama silver items from Byzantine, Sassanian empires, and Central Asia reflects the first steps in the formation of the northern route, which is also called "Fur Road". Approximately during 800 A.D, the silver dirhams started to flow from the central Muslim mints to Eastern Europe from Khazaria to Scandinavia. It is called also "Silver Road". This silver stream attracted the Varangians or "Rus" to Eastern Europe.

From the 10th century onwards, the dirhams of the Samanid dynasty in Transoxania reached Eastern Europe. In the 10th century, the Volga Bulgars became the main intermediaries of the northern trade. Between the decline and fall of the Khazar Khanate and the formation of the Mongol Empire the most important center of trade in Eastern Europe was Volga Bulgaria connecting eastern Eurasia and the Islamic world with Kievan Rus, Scandinavia and the peoples of the far north.

Scientific research methodology

We chose the Khazar Khanate and the area of residence of the Volga Bulgars as materials for the study. We have carried out a historical analysis of

the sources about nomadic pastoralists, the Khazar Khanate and the Volga Bulgars, described the trading activities of these two states, and also studied a number of the most important Islamic sources on this issue. Material artifacts helped us to understand and explain some aspects of trade and state-building processes of the studied peoples and ethnic groups.

Results and discussion

Khazar Khanate and Volga Bulgar Examples
Historical Background

Khazar Khanate had become a major political actor after the collapse of another mounted pastoral nomad state, Western Turk Khanate. Geographically, their center of power was at more western regions compared to its predecessor. Byzantine chronicler Theophanes had described Khazars as East Turks.[1] While the word in Byzantine chronicles 'Turkoi' referred to Western Turk Khanate, [2] later during the 9th century, the term Turks was mainly used for Khazars.[3]

Armenian chroniclers pointed out the history of Khazars much earlier and mentioned Khazars in events dating to late 2nd century to 4th century A.D. Armenian chroniclers who had mentioned Khazars in these early times were born long after these dates and this early records by those chroniclers might fall into the category of anachronism.[4]

The political vacuum is quite common in histories of mounted steppe nomads and the political vacuum which had occurred after the fall of Turk Khanate in the west, Khazars had filled this political area as probably not legal but nominal successors. Unlike many other posts Turk Khanates, Turkic people, and societies in their era, they had claimed the political state title Khanate. Their center of power, like their predecessors, was on the continental trade roads and they controlled trade hubs and cities along the way.

Oghur (or Uighur) people who spoke Turkic language, came from the steppe which forms modern Kazakhstan and then moved to the west of Urals around 460 A.D.[5] They fall under the hegemony of Sabirs but later around the beginning of the 7th century A.D. under Bulgar leadership, Oghurs regained their independence from Sabirs.[6] Byzantine sources tell us that the leader of Bulgars Khuvrat rose against Avar chieftain and found the Bulgar Empire. [7]But not long after his death, his empire collapsed and one part of his people migrated east to settle near the Don River at the lands of Khazars after 670 and lived under the subjugation of Khazars. After the Khazars were defeated by Umayyad commander, and later caliph, Marwanin 737, these events probably triggered the development of diplomatic relations between Bulgars and the Islamic caliphate.[8]

Mercantile Activity and Sedentariness

At the beginning of the 9th century, Islamic dirhams reached to Russia through Khazar Khanate, and Khazars played an important role in this development of Islamic trade.[9] Islamic merchants had become active in Khazar capital Itil (Idil) and reached lower Volga.[10] After the fall of Umayyads in 749, the Islamic caliphate ceased expansionist activities against Khazars, and replacement of Umayyads by Abbasids rendered the expansion of trade possible.[11] But for the 9th century, only two Islamic sources give information about Rus-Khazar-Islamic world trade; Ibn Khordadbeh and Ibn al-Faqih. [12] We learned that Rus' merchants used Khazar lands to reach Islamic trade centers in various ways.[13] According to one of those Islamic sources, *Kitāb al-Masālik w'al- Mamālik*, Ibn Khordadbeh describes this 9th-century trade activity as follows:

---

[1] Harry Turtledove, *The Chronicle of Theophanes, An English Translation of Anni Mundi 6095-6305 (A.D. 602-813), with Introduction and Notes*, (Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1982) 22.

[2] András Róna-Tas, *Hungarians and Europe in the Early Middle Ages: An Introduction to Early Hungarian History*, Translated by Nicholas Bodoczky (Budapest: Central European University Press, 1999) 281.

Artamonov, *Hazar Tarihi, Türkler, Yahudiler, Ruslar*, 155.

[3] Róna-Tas, *Hungarians and Europe in the Early Middle Ages: An Introduction to Early Hungarian History*, 282.

[4] Artamonov, *Hazar Tarihi, Türkler, Yahudiler, Ruslar*, 157.

[5] Róna-Tas, *Hungarians and Europe in the Early Middle Ages: An Introduction to Early Hungarian History*, 212.

[6] Róna-Tas, *Hungarians and Europe…*, 215.

[7] Róna-Tas, *Hungarians and Europe…*, 219.

8 Róna-Tas, *Hungarians and Europe…*, 220.

[9] Noonan, "What Does Historical Numismatics Suggest About the History of Khazaria in the Ninth Century?," *Archivium Eurasiae Medii Aevi*, no. 3 (1983):266.

[10] Noonan, "Khazaria as an Intermediary Between Islam and Eastern Europe in the Second Half of the Ninth Century: The Numismatic Perspective," *Archivium Eurasiae Medii Aevi*, no. 5 (1987 1985): 179.

[11] Zhivkov, *Khazaria in the Ninth and Tenth Centuries*, (Leiden: Brill, 2015) 147.

[12] Noonan, "Khazaria as an Intermediary Between Islam and Eastern Europe in the Second Half of the Ninth Century: The Numismatic Perspective," 180.

[13] Noonan, "Khazaria as an Intermediary Between Islam and Eastern Europe in the Second Half of the Ninth Century: The Numismatic Perspective," 180

Peter Golden, *Khazar Studies, An Historico-Philological Inquiry into the Origins of the Khazars*, Vol. 1. (Budapest: Akademiai Kiado, 1980) 107.

If Rus' follows river Danus, they visit Hamlic (Hanbalıg), the city of Khazars. The ruler of the city takes tax from them. From there they reach Khazar Sea. They visit realms around this sea… Sometimes they load their trade goods on camels from Gorgan and come to Baghdad. Slav servants (slaves) help them as translators. They say that they are Christians and pay jizya…[14]

But especially after the 10th century, Islamic sources give significant data about this trade activity. Khazar trade became so widespread that even goods like silk dresses and mirrors from China had been found in Khazar-era cemeteries.[15] The Khazars in this era acted as middlemen. When possible, they collected tributes and tithes in coins instead of goods. The tribute which they collected from Rus princes in 956-964 according to the Primary Chronicle is an example of this practice.[16] Khazars might even have minted their own coins.[17] The hoards of coins from Khazar and Volga Bulgar era spread through Baltics, Rus' and Scandinavia.

Noonan even had asked the question "how was this wealth used?"[18] Actually, he gave the answer within his own articles, as he highlighted this monetary accumulation as part of Khazar and possibly Volga Bulgar mounted pastoral nomads mercantile and sedentary state formation.

Al-Mas'udi mentioned seven thousand well-armed and paid Muslim soldiers in Khagan's army.[19] According to him, these Muslims had come to Khazaria from Kharezm due to war and plague in their homeland. Nooman called these soldiers as standing mercenary troops [20] but considering their status and social rights which were mentioned by Al-Mas'udi, these soldiers were more household troops than mercenaries. Ibn Rustah and Gardīzī added an interesting detail to the Khazar army that some of Khagan's 10 thousand cavalrymen's strong army's soldiers were supplied by the wealthy.[21]

The above mentioned specification does not fit to the description of the traditional concept of mounted pastoral nomad army. The traditional concept for mounted pastoral nomad military structure is based on clansmen and their kinship that have formed a mounted army. But this description of Khazar army which was supplied by the wealthy, fits either to the feudal military structure or late medieval household military concepts. We may reach more precise conclusion after having information about these wealthy people. But still we can say military structure of Khazars as a mounted pastoral nomadic army contradicts with traditional concept.

Al-Balkhi tradition made a similar but inferior description. Istakhri's description of the Khazar army is twelve thousand soldiers without constant payment. Also, he added that the soldiers only received small amounts of money in long intervals and unlike Ibn Rustah or Gardīzī, there is no mention of the skill and bravery of these soldiers.[22]

The description of the city of İtil (Idil) according to Istakhri has similarities with other Islamic sources like *Hudud al-Alem* in which there is a short but detailed description of the city. The city was divided by a river, in the west, the ruler who called Tarkhan Khagan lived in a walled town with all of his troops and on the other side, Muslims and pagans lived under governors each of them from a different creed.[23] Istakhri also described the city as a walled town and divided into two sections by the river, one section was for foreigners, merchants and common folks like Muslims and the other was for the ruler and his entourage. He also added that only the ruler got the right to have brick buildings while the rest of the population, including ten thousand Muslims had either felt-tents or mud buildings. The city had no villages, and fields were sparse. And he mentioned an enigmatic word 'pure' Khazars while describing the ruler of Khazars resided at the western side with soldiers.[24]

[14] Ramazan Şeşen, *İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri*, (Ankara: Türk Kültürü Araştırma Enstitüsü Yayınları, 1985) 184.

[15] K. Alan Brook, *The Jews of Khazaria*, 2nd Edition, (Rownman/Littlefield, 2006) 79.

[16] Noonan, "What Does Historical Numismatics Suggest About the History of Khazaria in the Ninth Century?," 279.

S.H. Cross and O. Sherbowitz-Wetzor, *The Russian Primary Chronicle Laurentian Text*, (Cambridge, 1953) 84.

[17] Roman Kovalev, "What Does Historical Numismatics Suggest About The Monetary History of Khazaria in the Ninth Century? – Question Revisited," *Archivium Eurasiae Medii Aevi*, no. 13 (2004): 129.

[18] Noonan, "What Does Historical Numismatics Suggest About the History of Khazaria in the Ninth Century?," 281.

19 Şeşen, *İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri*, 46.

[20] Noonan, "What Does Historical Numismatics Suggest About the History of Khazaria in the Ninth Century?," 269.

[21] Şeşen, *İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri*, 36, 82.

[22] Şeşen, *İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri*, 156.

